



Жылдық есеп

I томы

2012



«Самұрық-Қазына»

ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

2012 жылғы жылдық есеп

1-ші томы

Астана, 2013

МАЗМҰНЫ

2012 жылғы жылдық есеп

	1. КІРІСПЕ БӨЛІМ	7
1.1	«Самұрық-Қазына» АҚ 2012 жылы цифрлар мен фактілерде	8
1.2	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 жылғы атаулы оқиғалары	10
1.3	«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кіріспе сөзі	16
1.4	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Басқарма төрағасының кіріспе сөзі	18
	2. ҚОР ТУРАЛЫ	21
2.1	«Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері	22
2.2	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның ұйымдық құрылымы	23
2.3	Компанияның оның күшті және әлсіз жақтары туралы, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері туралы қысқаша түсіндірмелермен SWOT-талдауы	24
2.4	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның ең ірі ЕТҰ-ларының тізімі мен олар жайлы қысқаша ақпарат	25
2.5	«Халықтық IPO» бағдарламасы	28
2.6	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері	29
2.6.1	<i>Қаржы-экономикалық нәтижелері</i>	29
2.7	Инвестициялық қызмет	31
2.7.1	<i>Инвестициялық саясат</i>	31
2.7.2	<i>Іске асырылып және жоспарланып инвестициялық жобалар</i>	31
2.7.3	<i>Ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғыртуға қатысу</i>	32
2.8	Инновациялық даму	34
2.9	Реформалардың іске асуына ықпал ету, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, шағын және орта бизнесті қолдау	36
2.9.1	<i>Тұрғын үй құрылысын қолдау</i>	36
2.9.2	<i>Шағын және орта бизнесті қолдау</i>	36
2.9.3	<i>«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының сатып алуларындағы жергілікті (қазақстандық) үлес</i>	36
2.10	«Самұрық-Қазына» АҚ-дағы адами ресурстарды дамыту және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік	39
2.10.1	<i>Кадр саясаты, қызметкерлердің дамуы мен кәсіби оқуы</i>	39
2.10.2	<i>Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау</i>	41
2.10.3	<i>Демеушілік пен қайырымдылық</i>	41
2.10.4	<i>Қоршаған ортаны қорғау</i>	42



3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ		45
3.1	Корпоративтік басқару жөніндегі принциптер мен есеп беру	46
3.2	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяны	52
3.3	Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп беру	60
3.4	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Басқарма мен Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы туралы қысқаша ақпарат	67
3.5	Ішкі бақылау мен аудит	67
3.6	Тәуекелдерді басқару	69
4. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ		73
4.1	Өнеркәсіптік топ	74
4.1.1	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	74
4.1.2	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	75
4.1.3	«Біріккен Химия Компаниясы» ЖШС	76
4.1.4	«Тау-Кен Самұрық» АҚ	77
4.1.5	«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ	78
4.2	Инфрақұрылымдық топ	79
4.2.1	«KEGOC» АҚ	79
4.2.2	«Самұрық-Энерго» АҚ	80
4.2.3	«Қазақтелеком» АҚ	81
4.2.4	«Қазпочта» АҚ	83
4.2.5	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	84
4.2.6	«Эйр Астана» АҚ	85
4.3	Қаржылық топ	87
4.3.1	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	87
4.3.2	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	88
4.3.3	«Самұрық-Қазына жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	90
4.3.4	Екінші деңгейдегі банкілер	91
5. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ 2013 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМДЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ		94
6. ҚОСЫМШАЛАР		97
	«Самұрық-Қазына» сөзінің этимологиясы туралы	98
	Глоссарий	100



КІРІСПЕ БӨЛІМ


«Самұрық-Қазына» АҚ 2012 жылы цифрлар мен фактілерде

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 жылғы атаулы оқиғалары

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, «Самұрық-Қазына» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы Серік Ахметовтың кіріспе сөзі

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеевтің кіріспе сөзі

1.1. «САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2012 ЖЫЛЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ



«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің

339 619 адамды құрады

(соның ішінде өндіріс қызметкерлері – **309 997** адам, не жалпы қызметкерлер санының 91,3%-ы).

Жалпы төленген салықтар мен өзге міндетті төлемдер

800 млрд теңге

(2011 ж. Салыстырғанда 8,3%-ға артық).

2012 ж. EBITDA 2012 ж. EBITDA margin




EBITDA margin



ЕДБ-сыз EBITDA margin, млрд теңге

Біріктірілген таза пайда (залал)




млрд теңге

2012 жылы қордың елдің іжәсіне қатысты біріктірілген түсімінің көлемі


16,3%

(30 218,5 млрд теңгеге қатысты 4 911 млрд теңге) құрады.


Активтер



Табыс



Компаниялардың қимасында 2012 жыл бойынша біріктірілген таза пайда (залал), млрд теңге (жақшаның ішінде – 2011 жылға қарсы өзгеріс)



1.2 «САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ АТАУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР

Директорлар кеңесімен Е. Л. Бахмутова Қор Басқармасы төрағасының орынбасары етіп сайланды.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Ешкіөлмес, Алайғыр кенорындары мен Тау беткейіндегі Кетпен телімінде барлау және кен өндіру жобасын жүзеге асыруға арнап бірқатар бірлескен кәсіпорындарды құрды.

«Эйр Астана» АҚ ішкі бағыттар бойынша, сондай-ақ Азия, Еуропа және Парсы шығанағы елдеріне ұшы үшін әуе кемелерінің паркіне типі Боинг 757-200 бесінші ұшағын енгізді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі ұйымдастырған «Саламатты Қазақстан» медициналық поезы елдің солтүстік облыстары бойынша жолға шықты.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-ның жарғылық капиталы 756,8 млн теңге соманың қосымша жарнасын енгізудің арқасында көбейді.

АҚПАН

Елбасы ҚР «Ұлттық әл-ауқат қоры» туралы заңына қол қойды.

Директорлар кеңесі Қордың Жарғысын және өзге де бірқатар құжаттардың жаңа редакциясын бекітті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев-

тың Германия Федеративті Республикасына жасаған сапарының шеңберінде Германия «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Temir Zhol Electrification» ЖШС мен «Siemens AG» концернінің арасындағы темір жолды электрлендіру саласындағы сатып алу жөніндегі негіздемелік Келісім-шартқа қол қойды.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының төрағасы етіп М.А.Тұрмағамбетов сайланды.

Сериясы «Evolution» екі ТЭЗ3А локомотиві Тәжікстан темір жолдарына арнап экспортқа жіберілді.

«Қазақтелеком» АҚ-ның өзінің «GSM Қазақстан» ЖШС-дағы 49% қатысу үлесін TeliaSonera A.B. еуропалық телекоммуникациялық холдингіге 1,519 млн АҚШ долл. бағамен сату бойынша мәмілесі сәтті аяқталды.

НАУРЫЗ

«Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті Қор мен оның компанияларының қамқорлығымен VII Халықаралық HR «Адами ресурстарды басқару: Ықпалдастырылған HR» конференциясын өткізді. Конференция шеңберінде «Сенім 2011» Республикалық байқауы қорытындыланды.

Қазақстанның Маңғыстау облысында бұрын жұмыстан шығарылған 2010 «Өзенмұнайгаз» БӨ ҚМГ өндірістік филиалы мен «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлері жұмысқа алынды. ҚМГ БӨ жұмыс орындарын

құруға арнап 20 млрд теңге қаржы бөлді.

Бейжің қаласында «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ мен Қытай Ұлттық Мұнай-Газ Корпорациясы «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ өндіретін газды ҚР-ның оңтүстік облыстарына «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры бойынша жеткізу кезіндегі газға қатысты баға құрылымы механизмі туралы келісімге қол қойды.

«Самұрық-Энерго» АҚ мен Samsung C&T Corporation Сеул қаласында Балхаш жылу электрстанциясының құрылысы инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде «Балхаш ЖЭС» АҚ акцияларын сату-сатып алу туралы келісімге» қол қойды.

СӘУІР

«Қазмортрансфлот» ҰТКК» АҚ қазақстандық металл өнімдерін тасымалдау жұмыстарына кірісті.

Алматы қ. Әкімдігі мен «ҚазТрансГаз» АҚ Алматы қ. қоршаған ортасының ластануын азайту жөніндегі 2018 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде мегаполистің газды инфрақұрылымын одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен шешімдер туралы меморандумға қол қойды.

«Қазгеология» АҚ-ның «Қазхром» ТҰК-ның Қарағанды облысының Ұлытау ауданында марганец кеніштері бойынша геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу жұмыстарына қа-

тысуы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

«Қазақтелеком» АҚ 2011 жылдың қорытындысы бойынша алтыншы рет Қазақстан қор биржасының «Ашықтыққа талпынысы үшін» дипломымен марапатталды. Листингтік компанияларды көтермелеу ережелеріне сәйкес KASE наградаларымен құнды қағаздар нарығында іскерлік іс-қимыл үлгісін көрсетіп отырған және өз қызметі жайлы ақпаратты барынша толық етіп ұсынатын компаниялар марапатталады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Samsung корпорациясына жарғылық капиталының 75%-ын – жарғылық капиталдың 1 акциясы құрайтын «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларын сату жөніндегі мәмілені аяқтады.

«Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.

Ресей-Қазақстандық нанотехнологиялар қоры «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның қатысуымен Астана қ. операциялық қызметіне кірісті.

МАМЫР

Басқарушы директор Т. Е. Сәрсенбаев «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі етіп сайланды.

Қазақстанда тұңғыш рет Прагалық клуб – әлемдік Экспорттық-кредиттік агенттіктер қауымдастығының көктемгі сессиясы өткізілді. Ұйымдасты-

рушылар – «КазЭкспортГарант» АҚ және Берндік одақтың Хатшылығы.

«Біріккен химия компаниясы» ЖШС «Officium Projects Ltd.» мен «Tecnimont S.p.a.» компанияларымен бірлесе отырып «ОХК Инжиниринг» ЖШС мамандандырылған инжинирингтік компаниясын құрды.

«Шығыс-Қазақстан электржелілік үлестіру компаниясы» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ға «Самұрық-Энерго» АҚ жарғылық капиталының төлемі ретінде берілді.

KADEX-2012 мамандандырылған әскери көрме шеңберінде «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жетекші әлемдік компаниялармен 1,8 млрд АҚШ долл. көлемінде бірқатар ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасты.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде лизингтік мәмілелерді кепілдендіру мен субсидиялаудың жаңа жүйесі бойынша келісімдерге қол қойылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы әлеуметтік серіктестік шеңберіндегі ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жапонияның халықаралық ынтымақтастық банкімен (JBIC) жанжақты стратегиялық серіктестік бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.

Қор Басқармасы төрағасының Қор тобының ірі компанияларының тәуелсіз директорларымен кездесуі болып өтті.

МАУСЫМ

Ұлттық әл-ауқат қорын басқару кеңесінің Елбасының төрағалық етуімен бірінші отырысы болып өтті, онда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы келісілді.

ҚР Президенті «Тараз» Химиялық паркі» арнайы экономикалық қорын құру туралы» жарлығына қол қойды.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС «Мұнайды терең өңдеу кенінің құрылысы» стратегиялық инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында Қытайдың Экспорт-импорттық банкімен сомасы 1130,4 млн АҚШ долл. несемелік келісімшартқа қол қойды.

«Біріккен химия компаниясы» ЖШС «Атырау облысындағы тұңғыш ықпалдастырылған газ-химиялық кешенінің құрылысы – 2-фаза» жобасының операторы – «KLPE» ЖШС-ның қатысушысына айналды.

«Қазақтелеком» АҚ «Megaline» сауда белгісімен Ғаламтор желісіне кең жолақты қатынау қызметіне миллиондық тұтынушыны қосты.

Skytrax рейтингтік агенттігі, жолаушыларға қызмет көрсету сапасының халықаралық аудитору «Эйр Астана» АҚ-ға 4 жұлдыз

1.2 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ АТАУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

рейтингісін берді, бұл компанияны әлемнің ең үздік компанияларымен бір қатарға қоюда.

ҚР Үкіметінің Қаулысымен «Қол жетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы бекітілді. Аталмыш бағдарлама шеңберінде «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ «Элит-стройПроект» ЖШС-мен Алматы облысында «Асыл арман» КТК және «ОксиБилд» ЖШС-мен Ақтөбе қ. «ЮнисСити» КТК құрылысын бірлесіп инвестициялау жөніндегі тұңғыш келісім-шарттарға қол қойды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында күкірт-қышқыл зауытын іске қосты.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның Euroscoper компаниясымен бірлескен түрде тік ұшақтарды жасау зауытының ашылу рәсімі болып өтті.

«Білім беру және бизнес – барлығы ел игілігі үшін» конференциясы шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚР Білім және ғылым министрлігі мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Қазақстан Республикасының Қарашығанақ жобасы бойынша Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімдегі (ӨБТК) 10% үлесін сатып алу бойынша мәміле аяқталды. ӨБТК-дегі қазақстандық үлестің иеленушісіне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 100% еншілес компаниясы

болып табылатын «ӨБТК-дегі үлестерді басқару компаниясы» ЖШС айналды.

ШІЛДЕ

ҚР Үкіметінің қаулысымен «ҚазТрансГаз» АҚ Газ және газбен қамту саласындағы ұлттық оператор ретінде белгіленді

«Қазгеология» АҚ-ның акциялар қоржыны ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімді басқаруына берілді.

«ҚазЭкспортГарант» АҚ Ашгабат – Гарагум – Дашогуз автожолын қайта салу» жобасы бойынша саяси тәуекелдерден сақтандыру – Түркменстан жайлы ірі экспорттық мәмілені қолдады.

«Біріккен химия компаниясы» ЖШС-мен Құрылтай келісімшарты жасалды, соған сәйкес «Химплюс» ЖШС құрылды.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның қатысуымен – Falah Growth Fund тікелей инвестициялар қоры Қарағанды ТЭЦ-3 негізгі өндіріс қорларын жаңғырту және өндіруші қуаттылықтарын кеңейту мақсатында «Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС-ға инвестиция салды.

Индустриалдандыру картасының жобаларын таныстыру бойынша жалпыұлттық телекөпірдің жүргізілу барысында Елбасы Н. Ә. Назарбаевқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның келесі жобалары көрсетілді: Жезқазған

– Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржол телімдері құрылысының басталуы, сондай-ақ отандық өндірістегі Тальго вагондарынан тұратын Алматы – Петропавл «Жетісу» жолаушылар поезының жаңа жүрдек бағытының ашылуы.

ТАМЫЗ

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның сомасы 240 млн малязиялық ринггитті құрайтын «Сукук «аль-Мурабаха» исламдық облигацияларын шығаруы ТМД елдерінің арасындағы эмитенттер тарихындағы Сукуктың алғашқы шығарылымына айналды.

«Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның Директорлар кеңесі Корпоративтік әлеуметтік саясат саласындағы саясатты бекітті.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жарғылық капиталына «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ы берілді.

Қаржыны Екінші деңгейдегі банкілер арқылы негізде-меленген түрде жайғастыру бағдарламалары шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2126 мың қарыз алушыны 78,1 млрд теңге сомаға қаржыландырды, бұл «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының есебімен 11 338 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС «Мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысы» стратегиялық инвестициялық жобасын іске асыруды қаржыландыру мақсатында Japan Bank for International Cooperation банкімен, Bank of Tokyo Mitsubishi UFJ банкімен сомасы 297,5 млн АҚШ долл. және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен сомасы 251,984 млн АҚШ долларын құрайтын несиелік келісімге қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жж. арналған Даму стратегиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 14 қыркүйегіндегі № 1202 қаулысымен бекітілген.

Қазақстанға Корея Республикасы Президентінің ресми сапары шеңберінде Балқаш ЖЭС-ның қуаттылығы 1320 МВт алғашқы модулі құрылысы басталуының ресми салтанаты болып өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ кәсіпорынның, облыстық және қалалық білім беру басқармасы мен техникалық және кәсіби білім беру мекемесінің арасында Қордың Компаниялар тобында жұмысшы мамандарды оқытудың дуальді жүйесін ендіру шеңберінде әлеуметтік серіктестік туралы ұштараптық келісімшарттарға қол қою рәсімі болып өтті. Келісімшарттарға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ қол қойды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.

«Сбербанк России» АҚ ЕБ мен «Даму» қорының арасында Қазақстан Республикасының шекаралас аймақтарындағы шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға арнап сомасы 10 млрд теңге өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«Қазпочта» АҚ «Электронпост. КЗ» ЖШС-ның дара қатысушысына айналды.

Ақтау қаласында Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары әкімдіктерінің ықпал етуімен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырған «Батыс Қазақстанда жаңа өндірістерді құру» Инвестициялық Форумы» өткізілді.

Жетіген – Қорғас темір жолы арқылы Алматы – Алтынкөл бағытындағы алғашқы жолаушылар көлігі жүре бастады.

ҚАЗАН

ҚР Үкіметінің қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің «Халықтық IPO» бағдарламасы бойынша қор нарығына шығып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жарияланған қарапайым акцияларының бағасы, саны мен жайғастырылу құрылымы туралы шешімі бекітілді.

ҚР Үкіметінің Қаулысымен «ҚазТрансОйл» АҚ арналы мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор деп белгіленген.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ-да пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша минералды-шикізат базасын талдаудың нәтижелеріне қарай келешегінен үміт күттіретін нысандардың тізімі әзірленіп бекітілді.

«Павлодар әуежайы» АҚ әзобекетінің ғимаратын қайта салып, арнайы техниканы және азобекеттің инфрақұрылымын жаңартты.

«500/220 кВ «Алма» ҚС-ны Қазақстанның ЖЭС-ға көрнеуі 500, 220 кВ желілерімен жалғай отырып салу» жобасының I кезеңінің шеңберінде 500 кВ «Алма» қосалқы станциясы қолданысқа енгізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ мен КЕРСО (Корея Республикасы) арасында атом энергетикасын дамыту саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ «Moody's» рейтингілік агенттігінің «Ba2» деңгейлі несиелік рейтингісіне ие болды.

ҚАРАША

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын сатып алу туралы өтініштер кітабы ашылды.

1.2 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ 2012 ЖЫЛДАҒЫ АТАУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-да жол жүру билеттері Ғаламтор арқылы сатыла бастаған уақыттан бері миллиондық электронды билет сатылды.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның 2022 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді.

«ҚазЭкспортГарант» АҚ-ның 2022 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Summit Atom Rare Earth Company (SARECO) бірлескен Қазақстан-Жапония кәсіпорнының сирек-жер металдарының ұжымдық концентраттарын өндіру жөніндегі өнеркәсіптік кешенін іске қосып және «ТВЭЛ» ААҚ-мен («Росатом» мемлекеттік корпорациясы) уранды байыту орталығын құру жобасының баламалы нұсқасын іске асыруға қажетті басты құжаттарға қол қойды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның «Мұнаймаш» АҚ мұнай өнеркәсібі бұйымдарының механикалық өңдеу өндірісін жаңғырту жөніндегі жобасы пайдалануға енгізілді.

«Эйр Астана» АҚ типі Фоккер 50 турбо-бұрандалы флотының шығынға жазылғанын жариялады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Норвегиялық «Intsok» мұнай және газ серіктестері қауымдас­тығы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

«Даму» ҚДҚ» АҚ Алматы, Шымкент қалаларында 2 Халыққа қызмет көрсету орталығын, моноқалаларда 12 Кәсіпкерлікті қолдау орталығын ашып, Қазақстанның 5 өңірінде жылжымалы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын іске қосты.

«Қазақтелеком» АҚ-ға Астанада өткізіліп отырған «Эксперт-100-Қазақстан» ірі бизнестің IV Экономикалық форумы шеңберінде «Қазақстанның инновациялық дамуы үшін» номинациясы бойынша награда ұсынылды.

Доха (Катар) қ. өткен Дүниежүзілік пошта одағының 25-ші конгресінде «Қазпочта» АҚ-ның филателиялық топтамасы әлемдегі ең үздік бестіктің қатарына енді.

Қор Басқармасы төрағасының Қор тобындағы ірі компаниялардың тәуелсіз директорларымен бас қосуы болып өтті.

ЖЕЛТОҚСАН

Қазақстан қор биржасында қайталама нарығында «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның қарапайым акцияларын саудаға салу басталды.

«Қазпочта» АҚ-да «Халықтық IPO» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның қарапайым акцияларын сатып алу туралы жалпы сомасы 5,1 млрд тең­генің 19 958 клиенттің өтініші өңделді.

Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев Астана қ. «Электровоз құрастыру зауыты» электровоз жасау зауытын ашты.

Елбасының қатысуымен Астана қ. белгіленген қуаттылығы 50 МВт тілімшелердің фотovoltaттік модульдерін не еуропалық стандарттағы 230 мың фотозлектрлік модульдерін жасау зауыты пайдалануға берілді.

«KEGOC» АҚ қашықтығы 227,8 км «ОРУ 220 кВ Мойнақ ГЭС – 220 кВ Робот ҚС» 220 кВ жоғары вольттік электрберіліс желілерін жұмысқа енгізумен, «Мойнақ ГЭС қуатын беру» жобасы бойынша нысандардың құрылысын аяқтады (консорциум-мердігер Korea Electric Power Corporation және Hyundai Corporation).

«Самұрық-Энерго» АҚ ISO 9001:2008 халықаралық стандарт талаптарына сай болуына қатысты Корпоративтік менеджмент – жүйесінің алғашқы бақылау аудитін сәтті түрде өтті.

«Инновациялық Қазақстан» екінші республикалық байқауының жеңімпаздары марапатталды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның «Инновациялық серпіліс» категориясы бойынша жеңіске жетуі және Елбасының 2012 ж. бойынша «Инновациялар көшбасшысы» арнайы сыйлығын ұсынуы

«Эйр Астана» АҚ типі Эрбас А321 екі лайнерін және типі Эрбас А320 бір лайнерін меншікке сатып алды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Ирландияның қор биржасы мен KASE-де 500 млн АҚШ долл. бесжылдық еурооблигациясын жайғастырды, табыстылығы жылдық 3,75% мөлшерінде белгіленген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «2012 жылғы Индустриалдандыру көшбасшысы» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» арнайы сыйлығына ие болды.

«Қазпочта» АҚ Астана қ. Post-24 тәулік бойы қызмет көрсету аймағымен тұңғыш үлгілік байланыс бөлімшесін ашты.

Елбасының тапсырмасы шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ «Алтел» АҚ («Қазақтелеком» АҚ 100% ЕТҰ) негізінде Астана мен Алматы қалаларында LTE (англ. Long Term Evolution) технологиясына негізделген төртінші буынды жоғары жиілікті ұтқыр желіні коммерциялық пайдалануға іске қосты.

«Индустриалдандыру картасы» жобаларын таныстыру жөніндегі Жалыпұлтық телекөпір шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ Павлодар қаласында TIER III класындағы сенімділік деңгейіне сай және дата-орталықтарын құрудың әлемдік көшбасшысы – Hewlett-Packard компаниясымен бірлескен түрде әзірленген, ТМД бойынша ең ірі Деректерді өңдеу орталығын іске қосты.

«Назарбаев Университеті» ДБЖ-мен жас ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми және (не) ғылыми-техникалық еңбектерін/жобаларын

гранттық қаржыландыру бойынша ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылды, сондай-ақ Назарбаев Университетінің инновациялық кластерінің аймағында «Самұрық-Қазына R&D Орталығын» (Зерттеу орталығын) құру және одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен шаралар жоспарына қол қойылды.

«Даму» ҚДҚ» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ-ның 2022 жылға дейінгі Даму стратегиялары бекітілді.

«БТА Банк» АҚ өзінің қаржылық міндеттемелерін қайта құру процесін сәтті түрде аяқтады.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Қазақстандық банктердің арасында бір транш шеңберінде сомасы 1 млрд АҚШ долл. құрайтын еурооблигациялардың ең ірі шығарылымын жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы № 1599 қаулысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Өзара әрекеттесуі туралы келісімі мақұлданды.

Астана мен Ақтөбе қалаларының арасында Астана қаласында шығарылған жолаушылар вагондарынан құралған «Ақтөбе» жаңа жүрдек поезы жүре бастады.

Өзен – Түркменстанмен мемлекеттік шекара және Жетіген – Қорғас екі теміржол желісінің құрылысы аяқталды.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ»



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
«Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы

АХМЕТОВ С. Н.

Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 жылғы қызметінің оң қорытындылары Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеттерінің тиімді түрде орындалып отырғандығын көрсетті.

Экономикадағы жағымды беталыстар, сақталып отырған макроэкономикалық тұрақтылық «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Standard & Poor's агенттігімен – «BBB+», болжамы – «тұрақты» деген несиелік рейтингісін сақтап қалуға мүмкіндік берді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 ж. біріктірілген таза табысы екінші деңгейдегі банкілерді санамағанда, 791 млрд теңге көлемінде бағалануда, бұл жоспарлы деңгейден 18% және былтырғы жылдың нақты көрсеткішінен 10% артық. Таза пайданың өсіміне уранды экспортқа сатудың бағасы мен көлемі, мұнай бағасының былтырғы жылдағы бағасының сақталуы әсерін тигізбеді. Ірі еншілес компаниялар жоспарды асыра орындады.

2012 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бюджетке 800 млрд теңге соманың салықтары мен төлемдерін төлеген болатын, бұл 2011 жылдағымен салыстырғанда 8,3%-ға артық.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 жылы республикалық бюджетке аударған дивиденділердің сомасы 2011 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша 159,1 млрд теңгені құрады.

«Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің жүйелік және стратегиялық мәселелерін шешу бойынша маңызды жұмыс жүргізілді. Парламент Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» жаңа заңын қабылдады. 2022 жылға дейінгі Компанияның Даму стратегиясы бекітілді. Бұл құжаттарда «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің мақсаттары нақты етіп көрсетілген. Қабылданған құжаттар «Самұрық-Қазына» АҚ-ның барлық компаниялар тобының үйлесімді жұмыс істеуіне елеулі стимул берді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғырту міндеттерін, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары мен еліміздің өзге де стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын орындаудағы басты аспаптарының бірі болып табылатынын атай кеткім келеді. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның инвестициялық қоржынында жалпы құны 81 млрд АҚШ долл. құрайтын Қазақстан Республикасының түрлі экономика салаларындағы 100 жоба қамтылған.

ҮИИДМБ шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ жалпы құны 30,7 млрд АҚШ долл. құрайтын 25 инвестициялық жобаны жүзеге асыруда. Ең ірі жеті инвестициялық жобаны жүзеге асыру ісі аяқталды, олардың нәтижесінде Қазақстанда электровоздар шығарыла бастады, жаңа өнім түрі – фото-электрлік модульдердің өндірісі ретке қойылды, еліміздің оңтүстік өңірлерін энергиямен қамтудың сенімділігі артты. Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның даму институттары республикалық Индустриалдандыру картасының әрбір бесінші жобасын қаржыландыруда.

Еселтік жылы «Самұрық-Қазына» АҚ индустриалдандыру мен инфрақұрылымды дамытудың жаңа жобаларын практика жүзінде іске асыруға кірісті. Аталмыш жобалардың қатарына ең ірі еуразиялық көліктік дәліздердің ықпалдастырылған құраушысы болып табылатын Бейнеу – Жезқазған және Арқалық – Шұбаркөл жаңа теміржол желілерінің құрылысы, Атырау мұнай өңдеу зауытының өнімділігін жылына 5,5 млн тоннаға дейін және мұнайды өңдеу тереңдігін 87%-ға арттыру

үшін зауытты одан әрі жаңғырту жобасы және өзге де жобалар енді. Оларды жүзеге асыру, әлбетте, өңірлік дамуға күшті импульс беріп, ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің ағымдағы процестеріне елеулі әсерін тигізеді.

«Халықтық IPO» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесе отырып 2012 жылдың желтоқсанында Қазақстан қор биржасында Бағдарламаның тұңғыш қатысушысы – «ҚазТрансОйл» компаниясының акцияларын жайғастыру сәтті түрде жүргізілді. Тұтастай алғанда, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның акцияларын сатудың аяқталу қорытындылары бойынша Қазақстан азаматтарының акцияларды не ұсынылған құнды қағаздардың шамамен алғанда 80%-ын сатып алу бойынша 34 мыңнан астам өтініші қаңағаттандырылды. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның акцияларына жеке тұлғалар мен зейнетақы жинақтаушы қорының тарапынан сұраныс 2 еседен артты.

«Самұрық-Қазына» АҚ еліміздің банкілік жүйесін тұрақтандыру үшін елеулі жұмыс жүргізді. «Самұрық-Қазына» АҚ «БТА Банк» АҚ-ның міндеттемелерін екінші қайта құру кезеңінің аяқталу процесі аяқталды. Дер кезінде қабылданған шаралар банктің берешегін жуықтап алғанда 11,1 млрд АҚШ долл. 3,3 млрд АҚШ долл. дейін азайтуға мүмкіндік берді, ал сыртқы берешектің көлемі 9,4 млрд АҚШ долл. 750 млн АҚШ долл. дейін азайды. Нәтижесінде банктің қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері жақсарып, ең бастысы салымшылар мен банк кредиторларының сенімдік көзқарасы сақталды.

«Самұрық-Қазына» АҚ тұрғын үй құрылысы мәселелерін кешенді шешуге бағытталған «Қол жетімді тұрғын үй-2020»

бағдарламасын іске асыруға белсенді түрде ат салысты.

2012 жылы жылжымайтын мүлік нарығындағы дағдарысқа қарсы бағдарламасын іске асыру аяқталды. Бүгінде үлескерлердің көпшілігі «Самұрық-Қазына» АҚ бөлген қаражаттың есебінен құрылысы аяқталған тұрғын үй кешендерінен пәтер алған. Тұтастай алғанда жалпы көлемі шамамен алғанда 1 млн шаршы метр тұрғын үйдің (7 мыңнан астам пәтер) құрылысы аяқталып, 3 мыңнан астам үлескердің мәселесі шешілді.

2012 жылы корпоративтік басқару жүйесі жетілдіру жұмысы жалғасты. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі жаңадан бекітіліп, оның дивиденділік, инновациялық-индустриалдық, кадр, инвестициялық саясаттары, сондай-ақ бірқатар ішкі нормативтік құжаттары бекітілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік орталығында корпоративтік басқару жүйесін диагностикалаудың нәтижелері жағымды беталысты көрсетті, 2012 жылы корпоративтік орталығындағы корпоративтік басқару рейтингі 61,7 рейтингілік тармақты құрады, бұл алдыңғы диагностикалау көрсеткішінен 9 рейтингілік тармақ артық.

«Самұрық-Қазына» АҚ жұмысының нәтижелері көрсетіп отырғандай, Елбасының «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының ұзақ мерзімді құнын арттыру және экономиканың тұрақты дамуына, оны әртараптандыру мен жаңғыртуға ықпал ету арқылы еліміздің ұлттық әл-ауқатының өсуіне ат салысу міндеті сәтті түрде шешілуде.

«САМУҒРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы
ШӨКЕЕВ Ө. Е.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біз Сіздің назарыңызға «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 жыл бойынша жылдық есебін ұсынамыз.

Былтырғы жылы біз толығымен Елбасы мен Республикамыздың Үкіметінің алдымызға қойған міндеттерін жетістікпен орындаумен болдық. Жүйелі жұмыс жүргізудің нәтижесінде 2012 жылы біз бірқатар маңызды мәселелерді шештік: даму стратегиясы бекітіліп, Қор туралы заң қабылданды, дивиденділік және инновациялық-индустриалдық саясат қабылданды, инвестициялық саясат өзірленді.

Аталмыш құжаттарда белгіленген міндеттердің жүзеге асырылуы өз нәтижесін бере бастады.

Былтырғы жылдың қорытындылары бойынша қаржылық және өндірістік нәтижелерге қол жеткізе алдық.

Активтеріміз 14%-ға артумен 15,2 трлн теңгені құрады, бұл жағдайда меншікті капиталымыз 29%-ға артумен 7,4 трлн теңгені құрады. Біріктірілген табыс 12%-ға артып 4,9 трлн теңгені құрады. 2012 жылы Қордың біріктірілген таза табысы екінші деңгейдегі банктердің есебінсіз 791 млрд теңгені құрады.

2012 жылы соңғы жылдар ішінде тұңғыш рет Қордың операциялық табыстылығы (EBITDA Margin) азаюдың орнына 2011 жылғы 17,8%-дан 2012 жылғы 19,3%-ға дейін артуды көрсетті.

Ірі еншілес компаниялардың шамамен барлығының өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің басым бөлігі бойынша

жоспарлық мәндерді асырып орындауға қол жеткізілді.

Мұнай мен газ конденсатын өндіріс көлемі 21,4 млн тоннаны құрады. Тарифтік жүк айналымы мен жолаушылар айналымы былтырғы жылға қатысты соған сәйкес 5% және 14%-ға артты. Уран өндірісінің көлемі былтырғы жылдағы көрсеткішке қатысты 10%-ға артты.

Электр қуатының өндірісі 14,5 млрд кВт/сағ. құрады, бұл былтырғы жылдың соған сәйкес көрсеткішінен 8% артты.

2012 жылы Қордың корпоративтік орталығындағы корпоративтік басқару рейтингісі 2010 жылдағы соңғы диагностикалаудың қорытындыларымен салыстырғанда 52,9%-дан 61,7%-ға дейін артты. Қор компаниялардағы корпоративтік басқару жетілдіруге жағымды әсерін

тигізуде, мұны компанияларды корпоративтік басқару рейтингілерінің жағымды тренді көрсетіп отыр. 2012 жылы Қор өзінің күш-жігерін органдардың құзырлығы мен жауапкершілігін бөліп ажыратуға, сондай-ақ компаниялардың директорлар кеңестерін күшейту ісіне жұмылдырды. Аталмыш бағытта бірқатар маңызды бас-тамалар іске асырылды. Біз директорлар кеңестеріне компаниялардың дамуы мен қызметі үшін қойылатын талаптарымызды арттырып отырамыз. Бұл Қордың тәуелсіз директорларына да, сондай-ақ компаниялардың директорлар кеңестерінің құрамына енетін өкілдеріне де қатысты.

Ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуына орай Қор тобының қаржылық тұрақтылығы мәселелерін тиімді шешуге арнап қосымша шаралар қабылдануда. Біз тәуекелдерді барынша азайтудың негізгі механизмдерін бекітіп және мониторинг жүргізудің тәртібін түбегейлі түрде қайта қараудан өткіздік, соларға қатысты тұрғыларды қайта қарап және пысықтадық.

Қор ішкі несиелік саясатты, борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын, кепілдіктерді ұсыну ережелерін қабылдады.

Осылайша, жоспарланған жобалардың қаржыландыруға және сонымен қатар қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін бақыланатын деңгейде сақтап отыруға арнап жағдай жасалды.

Біз белгілеген қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің шекті мәндері аса консервативті болып келеді және тіпті әлемдік экономиканың пессимистік сценарий кезіндегі Қор тобының тұрақты қаржылық жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қор Елбасының топтағы компаниялардың қызметін оңтайландыру шеңберіндегі тапсырмаларын орындауда. Мысалы, 2012 жылы шығындарды бақылау ісін жақсарту бойынша үйлестірілген жүйелі жұмыс басталды. Қор компанияларындағы шығындарды қысқартудың арнайы бағдарламасы әзірленді, оған сәйкес үш жыл бойы жуықтап алғанда 70 млрд теңге соманың көлемінде үнемдеу ескерілген.

Қор үшін 2012 жылғы тағы бір басым бағыттардың біріне Елбасының «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру бойынша тапсырмасы айналды. Қор нарығында «ҚазТрансОйл» АҚ шықты, оның акцияларына деген сұраныс ұсыныстан 2 еседен артық мөлшерге (213%) асумен 59,4 млрд теңгені құрады. Соның ішінде жеке тұлғалардан 22,1 млрд теңге соманың 34 676 өтініші, не жалпы жайғастыру көлемінің 79,3% келіп түсті.

2012 жылы ҮИИДМБ шеңберінде Қор құрылыс кезеңінде 10 мыңнан астам және пайдалану кезеңінде 4,5 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен, жалпы сомасы 2,3 млрд АҚШ долларын құрайтын 7 инвестициялық жобаны іске асырды, соның ішінде:

- екі жаңа Жетіген – Қорғас және Өзен – Түркменстанмен мемлекеттік шекара теміржол желілерінің құрылысы;
- қуаттылығы 300 МВт Мойнақ ГЭС-тің құрылысы, ол республикамыздың оңтүстік өңіріндегі энергияның тапшылығын азайтатын болады;
- Қазақстанның оңтүстік өңірін энергиямен қамтудың сенімділігін қамтамасыз ету үшін Мойнақ ГЭС-ті Қазақстанның ҰЭЖ-ге жалғаумен, «Мойнақ ГЭС-тің қуатын беру сұлбасы» жобасын іске қосу;
- «Электровоздардың өндірісін ұйымдастыру» жобасын іске қосу, ол Астана қ. АЭА аймағында меншікті заманға сай электровоздарды құрастыру өндірісін құруды қамтамасыз етеді;
- Астанада қазақстандық кремнийдің негізінде фотоэлектрлік модульдерді өндіру зауыты пайдалануға енгізілді;
- Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігінде Солтүстік-Каспий мұнайдың төгілуіне ден қоюдың экологиялық базасын салу.

Жоғарыда аталған жобалармен қатар, Қазақстан экономикасын жаңғырту мен әртараптандыруға ықпал ету мақсатында Қор мұнай-газ саласындағы, электр қуатын өндіру мен тарату саласындағы, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту саласындағы өзге де бірқатар жобаларды іске асыруда.

Мемлекетке жылжымайтын мүлікті тұрақтандыруға көмек көрсету бойынша жүргізіліп отырған жұмыстың шеңберінде Қор 2012 жылы дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асыруды аяқтады.

Қаржыландырылып отырған 21 нысанның барлығы 17-і пайдалануға енгізілген, соның ішінде 2012 жылы – 3 нысан. 2 мыңнан астам үлескердің, соның ішінде 2012 жылы – 874 үлескердің мәселесі шешілген.

Әлеуметтік жауапкершілік – Қордың стратегиялық даму бағыттарының бірі, ол өнбектік қақтығыстардың алдын-алу тұрғысында ерекше маңызды бола түсуде. Қор әлеуметтік серіктестердің (мемлекет, қызметкерлер мен жұмыс беруші) келіссөздер жүргізу алаңшасы болып табылатын қауіп-қатерлі аймақтарына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін Әлеуметтік серіктестік орталығын құрды.

Елбасының мамандарды оқыту мен даярлаудың дуальді жүйесін құру туралы тапсырмасын орындау мақсатында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның жаңа оқу орталығы ашылды, «Самұрық-Энерго» АҚ және «ОХК» ЖШС жаңа оқу орталықтарын ұйымдастыру ісі басталды.

Қор тобындағы 6 компания 2012 жылы ТжКБ-мен бірлескен түрде дуальді жүйенің негізінде жұмысшы мамандар даярлай бастады.

Жұмысымыздың жемісті болуының арқасында 2012 жылы Қазақстанның егеменді несиелік рейтингісі «BBB+» дейін көтерілді, мұнысы батыс елдерде орын алып отырған дағдарыс жағдайында еліміздің тұрақтылығы мен несиелік қабілеттілігін көрсетуде.

2013 жылы бізге бірқатар маңызды мәселелерді шешу керек болады. Биылғы жыл нақты инвестициялық жобаларды іске асыру жылына айналуы тиіс. Мен бұдан арғы уақытта да команда болып жұмыс істеуге шақырамын, соның арқасында компанияларымыздың құны артып, және Қорымыз оның даму стратегиясында бекітілген өзінің миссиясын орындайтын болады.



9350

LIEBHERR

ҚОР ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның ұйымдық құрылымы

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның ең ірі еншілес және тәуелді ұйымдары

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Инвестициялық қызмет

Инновациялық даму

Реформалардың іске асуына ықпал ету, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, шағын және орта бизнесті қолдау

Қордағы адами ресурстарды дамыту және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

2.1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 14 қыркүйегіндегі № 1202 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы Қордың индустриалды-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және өзге қызмет салаларындағы мемлекет саясатының негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленген және онда Қордың миссиясы, көрінісі, стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері анықталған.

Қордың миссиясы – Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақмерзімді құнын арттыру және активтерді тиімді басқару арқылы арттыру.

Қордың 2022 жылға қарсы көрінісі – ең үздік әлемдік практикаларға қол жеткізген компанияларды біріктіріп отырған, шикізаттық емес компанияларды дамытудың жетекші катализаторы және ел экономикасының тұрақты жұмысын қолдаудың негізі болып табылатын стратегиялық холдинг.

Өзінің көрінісіне қол жеткізіп және миссиясын іске асыру үшін Қор қызметін төмендегідей үш стратегиялық бағыт бойынша жүзеге асыруда:

1. Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру.
2. Ұлттық экономиканың әртараптандыру мен жаңғырту ісіне қатысу.
3. Әлеуметтік жауапкершілік.

1. Компаниялардың ұзақмерзімді құнын арттыру

Бірінші бағыт шеңберінде Қордың басты мақсаты ең үздік әлемдік практикаларға қол жеткізген компаниялардың ұзақмерзімді құнын арттыру. Қор компанияларының қызметі жоғары операциялық тиімділік, өнімділік пен табыстылық, жоғары қаржылық тұрақтылық, инновациялық дамудың жоғарғы деңгейі, активтердің айқын және оңтайлы құрылымы тәрізді критерийлерге сай болып отыруы тиіс.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Қор келесі мәселелерді шешуде:

- компанияларды бенчмаркинг арқылы қаржылық және өндірістік тиімділікті арттыруға ынталандыру;

- корпоративтік басқару деңгейін арттыру;
- инвестициялық саясатты жүзеге асыру;
- активтерді қайта құру және компанияларды IPO-ға шығару;
- компаниялардың тиімділігін басқару жүйесін жақсарту;
- инновацияларды дамыту;
- адами капиталды дамыту.

2. Ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғыртуға қатысу

Қор Қазақстан Республикасының Үкіметіне еліміздің стратегиялық және бағдарламалық құжаттары шеңберінде ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғырту міндеттерін іске асыруға барынша көмек көрсетіп отыруға арналған.

Қордың екінші стратегиялық бағыты шеңберіндегі басты мақсаты жаңа өндірістік және инфрақұрылымдық активтерді құру және қолданыстағыларын жаңғырту, сондай-ақ қосылған құн тізбегін дамыту.

Бұл мақсатқа келесі міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізіледі:

- стратегиялық инвестицияларды жүзеге асыру;
- жеткізілімдерді тиімді басқару және кәсіпкерлік ортаны дамыту;
- даму институттары арқылы экономиканы дамытуға ықпал ету.


3. Әлеуметтік жауапкершілік

Қор компанияларының ұзақмерзімді құнын барлық мүдделі тараптардың, соның ішінде қоғамның мүддесін ескерусіз арттыру мүмкін болмайды. Қор тобында әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру оның стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Қордың компаниялар тобы өндірістің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үлгілік жұмыс беруші және көшбасшыға айналуға тырысуда.

Әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыруға келесі міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізіледі:

- әлеуметтік-еңбектік қатынастарды әлеуметтік серіктестік принципіне негізделе отырып реттеу;
- мамандарды даярлау жүйесін қалыптастыру;
- өндірістегі экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету (басты принциптерге энергияның тиімділігін арттыру, ресурс үнемдеу және баламалы энергия көздерін қолдану жатады);
- әлеуметтік жобаларды іске асыру саласында бірыңғай саясатты белгілеу;
- бірыңғай коммуникациялық стратегияны құру.

2.2 «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



2.3 КОМПАНИЯНЫҢ ОНЫҢ КҮШТІ ЖӘНЕ ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ ТУРАЛЫ, МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРМЕЛЕРМЕН SWOT-ТАЛДАУЫ

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан белсенді қолдауға ие болу. 2. Қорға көптеген уәкілеттіктерді беріп отырған заңнаманың болуы. 3. Егеменді деңгейіндегі несиелік рейтингісінің болуы. 4. Маңызды әлеуметтік-экономикалық маңызға ие, алайда табыстылығы төмен жобалар мемлекет тарапынан қаржылық қолдауға ие болуда. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қордың кейбір компанияларының құрылымында өзге салаға жататын активтердің болуы. 2. Қор компанияларының жоғары борыштық жүктемесі. 3. Қор мен компаниялардың қызметіне коммерциялық емес жүктеменің түсуіне орай олардың қызметінің тиімділігінің азаюы. 4. Кадр саясатының кемшіліктері, соның ішінде Қордың компаниялар тобы менеджментінің жиі ротациялануы.
Мүмкіндіктер	Тәуекелдері
<ol style="list-style-type: none"> 1. Шикізатқа, өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге әлемдегі сұраныстың артуы, мұнай бағасының өсуі. 2. Ықпалдастыру процестеріне орай сауда-саттық мүмкіндіктердің артуы. 3. BRICS елдерінің экономикалық өсіп-өркендеуіне орай шетелдік инвестицияларды тарту. 4. Экономиканы дамытуға және шетелдік инвестицияларды тартуға арналған мемлекеттік саясат. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әлемдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыздық, ол заемдық капиталдың қымбаттауы мен шикізатқа қатысты бағалардың тұрақсыз болуына әкеп соқтырады. 2. Заңнаманың өзгеруі (экспорттық баждардың өсуі, салықтардың өсуі және т.б.).

2.4. «САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ ЕҢ ІРІ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫ ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

Қордың құрылымына 619 компания кіреді, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығы, барлық деңгейдегі 381 еншілес ұйым және 237 қауымдасқан және бірлескен түрде бақыланатын ұйымдар, қаржылық инвестициялар, сонымен бірге Қордың тобына енбейтін заңды тұлғалар мен банкілер.

Қордың тобына 16 табиғи монополия субъектілері мен нарықта басымдылық жағдайға ие болып отырған субъектілер енеді. Қор тобының құрылымына экономиканың негізгі секторларындағы, соның ішінде, электроэнергетика, көліктік, телекоммуникациялық және т.б. секторының компаниялары кіреді. Қор компанияларының қызметі акционерлік капиталдың құнын арттыруға бағытталған, мұнысы өз кезегінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығының артуына ықпал етеді.

«Мұнай-газ» сегментін жалғыз «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясы құрайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) қызметінің негізгі түрлеріне мемлекеттің мұнай-газ саласындағы саясатына қатысу, келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарда мемлекеттік мүддесін таныту, корпоративтік басқару және көмірсутегілерді барлау, игеру, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өнеркәсіп инфрақұрылымын жобалау, құру, пайдалану. ҚМГ-ның құрылымына 7 деңгейдегі 209 компания кіреді.

«Таукен өнеркәсібі» сегментіне «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі – ҚАӨ), «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, «Біріккен химия компаниясы» ЖШС (бұдан әрі – БХК), «Тау-Кен Самұрық» ҰТКК» АҚ, «Майкаинзолото» АҚ, «Казгеология» ҰГК АҚ кіреді.

ҚАӨ уран мен оның қосылыстарын, атом энергетикалық станциялар үшін ядролық отынды, арнайы жабдықтар мен технологияларды, қосарлы пайдалану материалдарын экспорттау мен импорттау жөніндегі ұлттық оператор болып табылады. ҚАӨ-тың негізгі қызмет түрлері:

- уран өндіру, уран өнімдерін өңдеу және сату;
- тантал мен бериллийден жасалған бұйымдарды өндіру мен сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер;
- электрқуатын, жылу энергиясы мен суды өндіру және сату;
- өзге түрдегі өнімдерді өндіру және сату және негізгі өндіріске арнап қызмет көрсету.

ҚАӨ активтерінің құрылымы 4 деңгейдегі 74 компаниядан тұрады.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның құрылымына 3 деңгейдегі 34 компания кіреді.

2012 жылдың 31 желтоқсанына қатысты БХК 7 еншілес және тәуелді ұйымдарда төмендегідей үлеске ие:

- 56% – «Қазатомөнеркәсібі Күкірт-қышқылы зауыты бірлескен кәсіпорны» ЖШС;
- 51% – «KPI Inc.» ЖШС;
- 25% – «KLPE» ЖШС (бұрынғы – «APD» ЖШС);
- 25% – «БХК-Инжиниринг» ЖШС;
- 90% – «Полимер Продакшн» ЖШС;
- 30% – «ХимФос» ЖШС;
- 99,9% – «ХИМ-плюс» ЖШС.

«Тасымалдау» сегментіне «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «Атырау Халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе Халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ, «Досжан темір жолы» АҚ кіреді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ» АҚ) қызметінің негізгі мақсаты экономика мен тұрғын халықтың қол жүгін, жүк-қол жүгін, жүктер мен пошталық жөнелтілімдерді теміржол көлігімен тасымалдаудағы қажетсінулерін үздіксіз және сапалы түрде қамтамасыз ету болып табылады.

«Эйр Астана» АҚ-ның (бұдан әрі – Эйр Астана) негізгі қызметіне жолаушылар мен жүктерді азаматтық авиацияның әуе кемелерімен тасымалдау жатады. Эйр Астананың акционерлері Қор (51%) және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» (49%).

«Атырау Халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе Халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ негізінен әуежай қызметі бойынша қызмет көрсетеді. «Атырау Халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе Халықаралық әуежайы» АҚ әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдап және қызмет көрсетеді.

Әуежайлар табиғи монополия субъектілері болып табылады және табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік жергілікті тізіліміне енгізілген.

«Энергетика» сегментіне Қордың келесі компаниялары кіреді: «KEGOC» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Энерго), олар осы сегменттің ірі компаниялары болып табылады, «КОРЭМ» АҚ, «Ш. Шөкин ат. Қазақ энергетика ҒЗИ» АҚ (бұдан әрі – ҚазЭҒЗИ) және «Қарагандагипрошахт и К» ЖШС (бұдан әрі – Қарагандагипрошахт), «Шығыс-Қазақстандық электрэнергетикалық өңірлік компания» АҚ (бұдан әрі – ШҚ ӨЭК) және «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – ЕҒРЭС-1, ол 2012 жылдың қараша айында «Самұрық-Энерго» АҚ-ға берілді).

KEGOC АҚ Қазақстанның Бірыңғай электроэнергетика жүйесінің (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) Жүйелік операторы болып табылады. KEGOC ұсынатын қызметтер табиғи монополия саласына жатады.

Самұрық-Энерго мен оның еншілес кәсіпорындарының негізгі қызмет түрлеріне электр- және жылу қуатын өндіру; электр қуатын беру мен тарату; энергетикалық көмірді өндіру; энергетикалық нысандарды қайта салу, кеңейту және салу жатады.

ҚазЭФЗИ электр-энергетика саласындағы ғылыми және қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелер бойынша, электр-энергетика саласын сұранымға ие және бәсекеге қабілетті инновациялық әзірлемелермен қамту, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін тиімді коммерцияландыруды қамтамасыз ету, отандық және трансферт ілгері шетелдік технологияларды өндіру, стратегиялық және жедел басқару бойынша тиімді жүйені құру қызметтерін көрсетеді.

«КОРЭМ» АҚ негізгі қызмет түрлеріне орталықтандырылған алаңшада электр қуатын сауда-салуға өзірлігін және оларды өткізу жатады, ал **Карагандагипрошахт** таукен өндірістерін жобалауды, ғимараттар мен құрылыстарды қала салу және сәулеттік жобалауды, сондай-ақ көмір және таукен өнеркәсібі кәсіпорындары үшін табиғат қорғау жобалау мен нормалауды жүзеге асырады. **ШҚ ӨЭК-ның** негізгі қызмет түріне электр қуатын беру мен тарату, ал **ЭГРЭС-1** – белгіленген қуаттылығы 4000 МВт жылу электростанциясының жұмысы жатады.

«Телекоммуникациялар мен пошталық байланыс» сегментіне келесі компаниялар енген: «Қазақтелеком» АҚ және «Қазпочта» АҚ.

«Қазақтелеком» АҚ, Қазақстан Республикасының ең ірі байланыс операторы, ол ақпараттық коммуникациялық қызметтердің кең спектрін, соның ішінде тіркелген телефония, ұялы байланыс, деректерді беру және жоғары жылдамдықты Интернет қызметтерін, оператор қызметтерін, ақылы телевидение мен АТ-сервистерді ұсынады. Қазақтелекомның құрылымына 3 деңгейдегі 11 компания кіреді, компанияның өңірлерді филиалдық желісі бар және ол Иелену үлесі 51% құрайтын Қордың тобына кіреді.

«Қазпочта» АҚ Ұлттық почта операторы болып табылады.

Пошта саласында Қазпочта хаттар мен сәлемдемелерді жөнелту, жедел және курьерлік почта қызметтерін, поштамен ақша аударымдарын, баспасөздерді тарату қызметтерін ұсынады. Қаржы-банкілік қызметтер саласында Қазпошта еңбекақы, зейнетақы және жәрдемақы төлеу, валюта-айырбас операциялары, депозиттер, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, инкассация және ақша мен құндылықтарды тасымалдау, құнды қағаздар нарығындағы брокерлік қызметтер, электронды ақша аударымдары мен өзге қызметтерін ұсынады.

Агенттік қызмет көрсету саласында екінші даңгейдегі банкілер ұсынатын тұтынушылық несиелер бойынша қызмет көрсету жақсы дамыған.

Қазпошта облыстарда, аудандар мен ауылды жерлерде кең филиалдық желісі бар, оның активтерінің құрылымы 2 деңгейдегі 3 компанияны құрайды.

«Қаржылық институттар және даму институттары» сегментіне **«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ**, **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**, **«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ**, **«Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ**, **«КазЭкспортГарант» БК» АҚ** тәрізді даму институттары, сондай-ақ банкілер, қаржылық ұйымдар мен арнайы мақсаттағы компаниялар, соның ішінде **«БТА Банк» АҚ**, **«Альянс Банк» АҚ**, **«Темір Банк» АҚ**, **«Астана-Финанс» АҚ**, **Shekerbank T.A.S.**, **«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ**, **KGF SLP**, **KGF Management**, **KGF IM** енген.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – ҚДБ) 2001 жылдың мамыр айында экономиканы әртараптандыруға ықпал ететін жобаларды қаржыландыру және Қазақстан экономикасына ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту мақсатында құрылған.

2011 жылдың қараша айынан бері ҚДБ ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімді басқаруында. ҚДБ құрылымына 2 компания кіреді: ҚДБ және «ҚДБ-лизинг» АҚ.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Даму) – ұлттық даму институты, Қазақстанның шағын және орта бизнесін мемлекеттік қолдау шараларының негізгі операторы мен ықпалдастырушысы. Даму барлық облыс орталықтары мен Алматы, Астана қалаларында орналасқан 16 өңірлік филиалдың филиалдық желісіне ие.

2011 жылдың желтоқсан айынан бастап Даму ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің сенімді басқаруында.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік қоры) құрылыс нысандарында тұрғындық және тұрғындық емес үй-жайларды сатып алу арқылы жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру және жылжымайтын мүлік пулын тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Жылжымайтын мүлік қорының қызметі Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысын дамытуға ықпал етуге арналған. Жылжымайтын мүлік қорының құрылымына 2 компания кіреді.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – ҚКМ) 2011 жылдан бері ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімді басқаруында.

ҚКМ-ның негізгі қызмет түрлеріне тікелей инвестициялардың қорларын құру және соларға қатысу және қаржылық

аспаптарға инвестиция жұмсау жатады. ҚКМ-ның құрылымына 3 деңгейдегі 19 компания кіреді.

«Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚИК) келешегінен үміт күттіретін ұйымдардың жобаларына инвестиция салу және тарту арқылы Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық саясатын іске асыруға себін тигізеді, экономиканың шикізаттық емес секторында бәсекеге қабілетті өндірістерді құру жөніндегі жекеменшік секторының бастама-ларына қаржылай қолдау көрсетеді.

2011 жылдың қараша айынан бастап ҚИК ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімді басқаруында. ҚИК-тың құрылымына 4 деңгейдегі 48 компания кіреді.

«КазЭкспортГарант» АҚ 2011 жылдың қараша айынан бері Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімді басқаруында.

«Корпоративтік орталық пен жобалар» сегментіне «Самұрық-Қазына» АҚ, сондай-ақ «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС, «Самұрық-Қазына Фармация» ЖШС кіреді.

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫ (қатысу үлестері, %)

	2011	2012
«КазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ («ҚМГ» ҰК) және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ» ҰК) АҚ) және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» («ҚАӨ» ҰАК) және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Қазақтелеком» АҚ (КТК) және еншілес ұйымдары	51,00	51,00
«Самұрық-Энерго» АҚ («Самұрық-Энерго») және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Эйр Астана» АҚ	51,00	51,00
«БТА Банк» АҚ (БТА) және еншілес ұйымдары	81,48	97,28
«Альянс Банк» АҚ және еншілес ұйымдары	67,00	67,00
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (ҚДБ) және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (Даму)	100,00	100,00
«Қазына Капитал Мнеджмент» АҚ (ҚКМ) және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Қазпочта» АҚ	100,00	100,00
«Досжан Темір Жолы» АҚ ²	94,96	94,96
«Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ	100,00	100,00
«Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	100,00	100,00
«КазЭкспортГарант» Экспорт-несиелік сақтандыру корпорациясы» АҚ (экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру бойынша МСК)	100,00	100,00
«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ	100,00	100,00
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	100,00	100,00
«Самұрық-Қазына Фармация» ЖШС	100,00	100,00
«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық Таукен Компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Академик Ш. Ш. Шөкин ат. Қазақ энергетика ҒЗИ» АҚ	50%+ 1	50%+ 1
«Біріккен химия компаниясы» ЖШС және еншілес ұйымдары	100,00	100,00
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	100,00	100,00
«КОРЭМ» АҚ	100,00	100,00
«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ	100,00	100,00
«Павлодар әуежайы» АҚ	100,00	100,00
«Қарағандагипрошахт и К» ЖШС	90,00	90,00
«Темірбанк» АҚ	79,90	79,90
KGF SLP	100,00	100,00
KGF IM	100,00	100,00
KGF Management	100,00	100,00
«Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС	100,00	100,00
«Казгеология» ҰТК» АҚ		100,00
«Шығыс-Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ (Ш-Қ ӨЭК)		100,00

¹ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның біріктірілген қаржылық есептілігіне енгізілген елеулі еншілес ұйымдар

² Акционерлер: «ҚТЖ» ҰК АҚ – 46,016%, «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ – 48,94%

2.5. «ХАЛЫҚТЫҚ IPO» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Халықтық IPO» бағдарламасы 2012 және 2015 жылдар аралығындағы кезеңге арнап әзірленген, аталмыш кезең ішінде 10 ұлттық компанияның акцияларын Қазақстанның қор биржасына шығару жоспарлануда.

Іріктеу кезінде компанияларға корпоративтік басқару саласындағы, қызметінің ашықтығына, активтердің күйіне, өсу перспективаларына жоғары талаптар қойылады. Іріктеуге Қордың 400 компаниясы қатысты. 2012 жылдың желтоқсан айында KASE-ге бірінші болып «ҚазТрансОйл» АҚ компаниясы шықты.

Акциялар Қазақстан Республикасының азаматтары мен ҚР-да тіркелген зейнетақы жинақтау қорларының арасында жайғастырылды.

Жеке тұлғалар – ҚР азаматтарынан өтініштерді қабылдау Қазақстан қор биржасында тіркелген брокерлік компаниялар арқылы жүзеге асырылды.

Жайғастырудың негізгі параметрлері:

- Акцияның жайғастыру бағасы – 725 теңге;
- Жайғастыруға арналған акциялардың саны – 38 463 559 дана;
- Жайғастыру көлемі – 27 886 080 275 теңге.

31.12.2012 ж. қатысты жайғастырудың қорытындылары.

I. Жеке тұлғалар	
Ұсынылған сұранымдардың саны	34 676
Сұранымдар бойынша акциялардың саны	30 504 338
Сұранымдардың жиынтық көлемі, теңге	22 115 645 050
II. ЗЖҚ және маркет-мейкер	
Ұсынылған сұранымдардың саны	11
Сұранымдар бойынша акциялардың саны	51 439 033
Сұранымдардың жиынтық көлемі, теңге	37 293 298 925
III. Жиыны	
Ұсынылған сұранымдардың саны	34 687
Сұранымдар бойынша акциялардың саны	81 943 371
Сұранымдардың жиынтық көлемі, теңге	59 408 943 371

2012 жылдың 31 желтоқсанына қатысты барлығы 59,4 млрд теңгенің сұранымы, не жайғастыруға арналған жалпы көлемінің 213,0%-ы қабылданды, соның ішінде:

- халықтың тарапынан 22,1 млрд. теңге соманың, не жайғастыруға арналған жалпы көлемінің 79,3%-ы;
- ЗЖҚ мен маркет-мейкер тарапынан 37,3 млрд теңге соманың не жайғастыруға арналған жалпы көлемінің 133,7%-ы.

Осылайша, сұраныс ұсыныстар 2 еседен артық мөлшерге асты.

2012 жылдың 31 желтоқсанына қатысты «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларының орташа сараланған бағасы 826 теңгені құрады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның акцияларын «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде жайғастырудың қорытындылары оның **едәуір жетістікке қол жеткізгенін көрсетуде.**

Бағдарламаны іске асыру бойынша бұдан арғы жоспарлар 2013 жылы Қазақстанның құнды қағаздар нарығына «KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ компанияларын шығару жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта ҚР Үкіметі, «Самұрық-Қазына» АҚ мен компаниялардың өздері тәуелсіз кеңес берушілердің көмек көрсетуімен тиісті жұмыс жүргізілуде, ол жақын арада акциялардың жайғастырудың құрылымы мен өзге де параметрлерін анықтауға мүмкіндік беретін болады.

Бұл жағдайда, «ҚазТрансОйл» АҚ компаниясымен орын алған жағдайдағыдай, компаниялар Лондонның қор биржасында қолданылып жүрген ең **жоғары халықаралық стандарттарды** ұстанып отыратын болады. Мұнысы өз кезегінде, еліміздің азаматтарының тәуекелдерін барынша азайтуды қамтамасыз ететін тәсілдердің жолын ұстаушылықты сақтауға мүмкіндік береді.


2.6. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ БАСТЫ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2.6.1. Қаржы-экономикалық нәтижелер

1-КЕСТЕ. Ықпалдастырылған қаржылық көрсеткіштер

Атауы	Өлш. бірл.	2012 ж.	2011 ж.	Өзгеру, (+/-)	Өзгеру, %
Ықпалдастырылған таза пайда	млрд теңге	1 135,4	350,6	784,8	223,8
Аналық компания акционерінің үлесіне қатысты біріктірілген таза пайда	млрд теңге	1 065,1	330,0	735,1	222,7
EBITDA margin ³	%	18,2	16,2	2,0	
ROA ⁴	%	7,9	2,7	5,2	
ROE ⁵	%	17,3	6,3	11,0	

1-ДИАГРАММА. Табыс пен шығын көрсеткіштерінің серпіні (2010 ж. = 100%)



ЕДБ-сыз біріктірілген қаржылық көрсеткіштер

Қор туралы заңына сәйкес Екінші деңгейдегі банкілер (ЕДБ) Қордың тобына кірмейді, соған орай төменде ЕДБ есебінсіз біріктірілген қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат келтірілген.

³ EBITDA margin = ((Сатудан түскен табыс және пайыздық табыс, барлығы – Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығындар – Жалпы әкімшіліктік шығындар – Тасымалдау мен сату шығындары) + (Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы, олар сатудың өзіндік құнында, жалпы әкімшілік шығындар мен тасымалдау және сату шығындарында ескеріліп отырады)) / Сатудан түскен табыс және пайыздық табыс, барлығы

⁴ ROA = Таза табыс / Бір жылдағы орташа активтер

⁵ ROE = Таза табыс / Бір жылдағы орташа меншікті капитал

2-КЕСТЕ. ЕДБ-сыз біріктірілген қаржылық көрсеткіштер

Атауы	Өлш. бірл.	2012 ж.	2011 ж.	Өзгеру, (+/-)	Өзгеру, %
ЕДБ-сыз біріктірілген таза пайда	млрд теңге	791,4	718,4	73,0	10
ЕДБ-сыз аналық компания акционерінің үлесіне қатысты біріктірілген таза пайда	млрд теңге	628,4	630,0	-1,6	0
ЕДБ-сыз EBITDA margin	%	19,3	17,8	1,5	
ЕДБ-сыз ROA	%	6,2	6,0	0,2	
ЕДБ-сыз ROE	%	12,6	11,4	1,2	

3-КЕСТЕ. 2012 жылғы сегменттер қимасындағы қаржылық көрсеткіштер және күрделі шығындар, млрд теңге

Наименование	Мұнай-газ	Таукен-өнер-кәсіптік	Тасымалдау	Телекомму-никациялар мен пошталық байланыс	Энергетика	Қаржылық институттар мен даму институттары	Корпоративтік орталық пен жобалар
Сатудан түскен табыс және пайыздық табыс	2 960,4	374,3	932,2	200,4	183,7	349,3	469,3
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығындар	2 090,8	287,4	661,8	144,1	146,1	282,3	159,0
Жалпы табыс	869,6	86,9	270,4	56,3	37,7	67,0	310,3
Жалпы әкімшіліктік шығындар	156,1	30,7	84,0	24,4	14,1	99,2	20,2
Тасымалдау мен сату шығындары	360,7	4,4	6,2	5,4	0,6	0,0	1,9
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	1,9	0,4	1,3	0,6	0,9	174,9	282,1
Активтердің құнсыздануынан болған залал	96,7	3,8	2,1	-5,2	0,6	172,0	302,1
Банкілік қызметтен түскен өзге операциялық табыс	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	1 148,5	16,2
Банкілік қызметтен түскен өзге операциялық шығындар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	694,7	0,0
Операциялық қызметтен түскен пайда (залал)	257,9	48,4	179,4	32,3	23,2	424,5	284,4

2.7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2.7.1 Инвестициялық саясат

Қор компанияларының инвестициялық қызметі олардың ұзақ мерзімді құнының артуына ықпал етіп отыруы тиіс. Инвестициялық жобаларды іске асырудың басты критерийлері олардың табыстылығы және еліміздің дамуы үшін стратегиялық маңызы.

Қор тұрақты негізде Қазақстан ішіндегі, сондай-ақ шетелдегі жаңа мүмкіндіктер мен басымдыққа ие салаларға мұқият талдау жүргізіп отырмақ.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның инвестициялық саясатының мақсаты Қордың ЕТҰ-ларының инвестициялық қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, сондай-ақ Қор мен оның еншілес компанияларының инвестициялық процестер шеңберіндегі өзара әрекеттесуінің тиімділігін арттыру. Инвестициялық саясат Қорға оның Даму стратегиясын орындауға және Қордың соның компанияларының ұзақ мерзімді құнын арттыру мақсатына қол жеткізуге бағытталған еншілес компанияларының инвестициялық қызметінің оңтайлылығы мен нәтижелілігін біріктірілген деңгейде бақылап отыруға мүмкіндік береді.

2.7.2 Іске асырылып отырған және жоспарланған ірі инвестициялық жобалар

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қордың компаниялар тобы жалпы құны 30,7 млрд АҚШ долл. құрайтын 25 инвестициялық жобаны іске асыруда, аталмыш жобалар экономиканың барлық секторларын қамтиды және индустриалдандыру мақсатына қол жеткізу үшін стратегиялық маңызды болып табылады.

Бұл жобаларды іске асыру құрылыс кезінде 58 мыңнан астам жұмыс орнын, ал пайдалану кезеңінде 20 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

2012 жылдың қорытындылары бойынша Индустриалдандыру картасы шеңберінде Қор жиынтық құны 2,3 млрд АҚШ долларын құрайтын 7 инвестициялық жобаны іске асырды.

Іске асырылып жатқан (іске асырылған) инвестициялық жобалар

Астана қаласында:

- «Электровоздардың өндірісін ұйымдастыру» жобасы іске асырыла бастады, ол Астана қаласында АЭА аймағында меншікті заманға сай электровоздарды құрау өндірісін құруды қамтамасыз ететін болады;

- қазақстандық кремнийге негізделген фотоэлектрлік модульдерді жасау зауыты пайдалануға берілді, оның мақсаты өнімнің жаңа түрі – фотоэлектрлік тілімшелер мен фотоэлектрлік модульдерді шығару бойынша өнеркәсіптік желіні құру. Аталмыш жоба ҚР-да жаңартылатын қуат көздеріне негізделген энергетиканың дамуына ықпалын тигізетін болады.

Алматы облысында:

- қуаттылығы 300 МВт Мойнақ ГЭС-ның құрылысы аяқталды, ол республикамыздың оңтүстік өңірлеріндегі энергия тапшылығы мен энергиялық тәуелділігі мәселесін шешуді қамтамасыз етеді;
- Мойнақ ГЭС-ны Қазақстанның оңтүстік өңірін энергиямен қамту сенімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның ҰЭЖ-сына жалғаумен, «Мойнақ ГЭС-ның қуатын беру сұлбасы» жобасы іске қосылды;
- Жетіген – Қорғас теміржол желісінде коммерциялық қозғалыс іске қосылды;

Маңғыстау облысында Өзен – Түркменстанмен мемлекеттік шекара теміржол желісінде коммерциялық қозғалыс іске қосылды.

Атырау облысында Каспий теңізінің Қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі мұнайдың төгілуіне ден қоюдың Солтүстік-Каспий экологиялық базасының құрылысы аяқталды.

Жоспарланып отырған инвестициялық жобалар

2013 жылдың соңына дейін Индустриалдандыру картасы шеңберінде Қор жалпы құны 1,8 млрд АҚШ долларын құрайтын 5 инвестициялық жобаның іске асырылуын аяқтауды жоспарлауда:

- өндірістік қуаттылығы жылына 180 мың тонна күкіртқышқыл зауытын қайта салу. Бұл жоба уран өндіретін кәсіпорындарды күкірт қышқылымен қамтамасыз етуге бағытталған.
- 12 трансформаторлық қосалқы станциялардың құрылысы (ТКШ-ның 3 ҚС мен Метрополитеннің 5 қосалқы станциясын салу және қайта салу), бұл Алматы қаласы мен Алматы облысындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының, Метрополитеннің, АТП АЭА нысандарын энергиямен қамтуға мүмкіндік береді.
- Ақтау пластикалық массалар зауытында жол битумдарын өндіру. Жобаны іске асыру жыл сайын кемінде 406,5 мың тонна көлемінде жол битумын, 255,4 мың тонна бензин-дизельдік фракцияны, 330,3 мың тонна вакуумдық газойльді өндіруге мүмкіндік береді.
- Атырау МӨЗ-ны қайта салу және жаңғырту (Хош иісті көмірсутегілерді өндіру кешенінің құрылысы). Жоба бойынша негізгі мұнай-химиялық өнімдердің өндірісі ескеріл-

ген: бензол мен параксиллол, стандарты Еуро-3 жоғары октанды бензин.

- Астана қ. аффинаждық зауыт салу, бұл қуаттылығы жыл сайын 25 тонна алтын және 50 тонна күміс өндірумен алтынды шикізатты кешенді және терең өңдеп отыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған жобалармен қатар, Қазақстанның экономикасын жаңғырту мен әртараптандыруға ықпал ету мақсатында Қор мұнай-газ саласында, электр қуатын өндіру мен тарату саласында, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту саласында өзге де бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда.

Мұнай-газ саласында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Атырау МӨЗ-ны қайта салу және жаңғырту» (мұнайды терең өңдеу кешенін салу) жобасын іске асырады, ол Атырау МӨЗ-ның өнімділігін 5,5 млн т/г дейін және мұнайды өңдеу тереңдігін 87% дейін, Еуро-4 және Еуро-5 стандарт талаптарына сай моторлық отындардың алыну мөлшерін 77% дейін арттыруға бағытталған.

Қазақстанның Батысынан Оңтүстігіне қарай өткізу қуаты жылына 10 млрд текше м Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырын және Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Ақмола облыстарын, Астана қаласын газбен қамту үшін өткізу қуаты жылына 1,8 млрд текше м Батыс – Солтүстік – Орталық газ құбырларын салу жұмысы жүргізілуде.

Еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға, өндірістердің анағұрлым жоғары көрсеткіштерге көшу, сондай-ақ импортталатын өнімдердің жекелеген түрлеріне тәуелділігін азайтуға ықпал ету мақсатында Қор Атырау облысында полиэтилен (жылына 800 мың тонна) және полипропилен (жылына 500 мың тонна) шығаруға арнап газ өңдейтін ықпалдастырылған газ-химиялық кешенінің құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыруда.

Электрқуатын өндіру мен тарату саласында Қазақстанның энергетикалық тиімділігін қамтамасыз етуге арналған жобалар іске асырылуда, соның ішінде:

- Екібастұз ГРЭС-1 кеңейту және қайта салу, ол Қазақстан мен Ресейдегі электрқуатына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін № 8, № 2 және № 1 блоктарын қалпына келтіруді көздейді;
- Екібастұз ГРЭС-2 станциясын № 3 ст. энергоблогын орнатумен кеңейту және қайта салу, ол станцияның белгіленген қуатын 600–660 МВт-ке арттыруға мүмкіндік береді;
- Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы электрқуатына қатысты өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру мақсатында қуаты 1 320 МВт Балқаш ЖЭС станциясын (көмір жылу электростанциясының алғашқы модулі) салу;
- Шардара ГЭС станциясын оны пайдалану мерзімін ұзарту үшін жаңғырту, белгіленген қуатын 16%-ға 116 МВт дейін арттыру;
- Қазақстанның ұлттық электр желісін (II кезең) жаңғырту, бұл қосалқы станциялардағы ескірген жабдықты айыр-

бастау мен жаңа электрберіліс желілерінің құрылысын ескереді;

- Ерейментау қ. қуаты 45 МВт жел электр станциясын салу;
- Алматы өңірін электрқуатымен қамтудың сенімділігін қамтамасыз ету үшін Алма ҚС-ны Қазақстанның ҰЭЖ-сына жалғаумен салу.

Көлік және телекоммуникациялар саласында Қор Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржол желілерінің құрылысы бойынша екі ірі инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға кірісті. Бірінші теміржол желісі Маңғыстау, Қарағанды, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумағы арқылы өтетін болады, жалпы қашықтығы 988 км. Қашықтығы 214 км екінші теміржол желісі Қостанай және Қарағанды облыстарының аумағы арқылы өтеді.

Қазақстанның Қытаймен шекаралас сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени ынтымақтастығын дамыту мақсатында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ заманауи көліктік-логистикалық, туристік инфрақұрылымға негізделген Қорғас Халықаралық шекаралас ынтымақтастық орталығын құру жобасын іске асыруда.

Телекоммуникация саласында «Қазақтелеком» АҚ «FTTH желілерін салу» (Fiber to the Home) жобасын іске асыруда, ол FTTH әмбебап талшықты-оптикалық қатынау желісін Астана мен Алматы ққ., облыс орталықтарында көп пәтерлі үйлерді, ұялы байланыс операторларын, корпоративтік клиенттерді, соның ішінде жалпы білім беру мекемелерін, әкімдіктерді, министрліктер мен ведомстволарды, денсаулық сақтау нысандарын 100% қамтумен құруға арналған.

2.7.3. Ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғырту ісіне қатысу

2012 жыл ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін даму институттары инвестициялық жобаларды қаржыландыру жұмысын одан әрі жалғастырды. 01.01.2013 ж. қарсы өртүрлі сатыдағы келісілген жобалардың жалпы саны 201 инвестициялық жобаны құрды, олардың жалпы құны 2 109 804 млн теңге. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «ҚДБ-лизинг» АҚ, «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ қызметінің басталған сәтінен бері пайдалануға енгізілген жобалардың саны 2013 ж. басына қатысты жалпы құны 844 517 млн теңге 149 жобаны құрады.

2012 жылы ҚДБ келесі түрдегі жобаларды іске асыру үшін жалпы құны 4,7 млрд АҚШ доллар 7 займды мақұлдады, ондағы ҚДБ-ның қатысу үлесі 2,2 млрд АҚШ долларын құрады:

- ОҚО-да гидроэлектростанциясының қуатын 100 МВт-тан 116 МВт дейін арттырып және апаттылық деңгейін азайту үшін, қолданыстағы өндірісті заманауи технологияларды

қолдана отырып жаңғырту, жалпы құны 83,92 млн АҚШ долл.;

- Қарағанды ЖЭЦ-3 станциясын кеңейту, жалпы құны 235,0 млн АҚШ долл.;
- Атырау облысындағы АМӨЗ-да мұнайды терең өңдеу кешенін салу (екінші кезек) – жалпы құны 1 825,94 млн АҚШ долл.;
- Қостанай қ. болатты илемдеу өндірісін салу, жалпы құны 131,09 млн АҚШ долл.;
- Вагондар сатып алу, жалпы құны 401,93 млн АҚШ долл.;
- Бастапқы арналы көліктік байланыс желісін салу, жалпы құны 115,38 млн АҚШ долл.;
- Атырау облысында полипропилен өндірісі бойынша газ-химиялық кешенін салу, жалпы құны 1 945,74 млн АҚШ долл.

2012 жыл ішінде жалпы құны 736,39 млн АҚШ долларын құрайтын 5 жоба пайдалануға енгізілді. Олардың арасында «Алматы облысында қуаты 300 МВт Мойнақ ГЭС салу, 3-құрылыс кезеңі», «Қызылорда облысында газотурбиналық электростанциясын салу», «ШҚО-да құрғақ әдіспен жұмыс істейтін цемент зауытын салу», «Бурабай» шипажай аймағында туристік-қонақ үй кешенін салу» жобалары бар.

«Өнімділік-2020» бағдарламасына сәйкес ҚДБ еншілес компаниясы – «ҚДБ-лизинг» АҚ ұзақ мерзімді лизингілік қаржыландыру аспабының операторы болып табылады. «Өнімділік-2020» бағдарламасы жүзеге асырыла бастаған уақыттан бері ҚДБ-лизинг қаржыландыруға арнап 11 жобаны мақұлдады («Мұнаймаш» АҚ, «Оңтүстік-құрылыс-сервис» ЖШС, «Титан» Жылу-энергетикалық компаниясы» ЖШС, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «АЗИЯ АВТО» АҚ, «АгроҚусИнвест» ЖШС, «Лисаковск Картон-Қағаз Кешені» ЖШС, «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, «АТК» фирмасы» ЖШС, «ККК Бетон» ЖШС, «Қызылжар-2030» ЖШС), ҚДБ-лизингтің жалпы қаржыландыру сомасы 14,5 млрд теңгені құрайды.

Қордың даму институттарымен іске асырылып отырған жобалар экономиканың мұнай өңдеу және мұнай-газ секторының инфрақұрылымы, энергетика, көліктік инфрақұрылым және машина жасау, химиялық және фармацевтикалық өнеркәсіп тәрізді басымдылық секторларын қамтиды.

2.8. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

2012 жылы Қор оның тобындағы компаниялардың инновациялық дамуына ықпал ету жұмысын одан әрі жалғастырды. Негізгі жетістіктерге индустриалдық-инновациялық саясаттың бекітілуі және «Инновациялық Қазақстан» екінші республикалық байқауының сәтті түрде өткізілуі айналды.

1. Индустриалды-инновациялық саясатты бекіту

2012 жылдың желтоқсан айында Қордың Директорлар кеңесінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның индустриалды-инновациялық саясаты бекітілді.

Егер бұрында Қор Компанияларындағы инновациялық процестерді басқару жүйесі шашыраңқы сипатқа ие болған болса, бірыңғай саясатты іске асыру Компаниялардың инновациялық қызметіне бірыңғай бағыт беретін болады. Аталмыш шара Компаниялардағы инновацияларды басқару процестерін стандарттауға және соған орай олардың осы саладағы жұмыс тиімділігінің едәуір артуына ықпалын тигізіп қана қоймай, сонымен қатар сол не өзге Компанияның прогресін не регресін салыстырып отыруға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде оларды белсенді және өнімді инновациялық қызметке қосымша ынталандырып отыратын болады.

Тұтастай алғанда, Саясат келесі міндеттерді шешуге арналған:

1. Компаниялар үшін инновациялардың, инновациялық қызмет пен инновациялық жобалардың бірыңғай анықтамасын әзірлеп шығару.
2. Компаниялар тобындағы инновациялық қызметті ұйымдастыру принциптерін белгілеу, яғни инновациялық қызметтің субъектілерін, олардың рөлдерін, функциялары мен өзара әрекеттесуін белгілеу.
3. Компаниялардың инновациялық қызметінің нәтижелеріне баға беру жүйесін, және соған орай, оларға Қор тарапынан мониторинг жүргізу және бақылау механизмін әзірлеу.

Саясат Қор тобындағы компаниялардың инновациялық қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады және Қордың Компаниялармен инновациялар тұрғысында өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді.

2. «Инновациялық Қазақстан» жыл сайынғы республикалық байқауын өткізу

Қордың Басқарма Төрағасының тапсырмасына сәйкес жастардың, студенттер мен жас кәсіпкерлердің арасында «Инновациялық Қазақстан» жыл сайынғы Республикалық байқауын өткізілді.

Жыл сайынғы негізде Байқауды өткізу Қорға еліміздің инновациялық әлеуетін дамытып отырған ұйым ретінде әлеуметтік мәртебе берді, сондай-ақ Қордың Қазақстанды инновациялық дамытудың басты провайдерлерінің бірі ретіндегі рөлін нығайтуға мүмкіндік берді.

Байқауды өткізудің мүлде жаңа тұғырнамасы әзірленді, ол еліміздің инновациялық әлеуетін дамыту шарасын едәуір тиімді етеді.

Байқау өзекті және нақты мәселелер бойынша барынша тиімді шешімдерді табуға арналған, оларды Қордың әрбір компаниясы әзірлейтін болады.

2012 жылғы Байқаудың айрықша белгілеріне мыналар айналды: Байқаудың мақсаттары, қатысушылардың мақсаттық аудиториясы, номинациялардың саны мен бағыттары, эксперттік комиссияның құрамы мен жұмыс тәртібі, сондай-ақ Байқауды өткізу процесін автоматтандыруға мүмкіндік беретін сайттағы бағдарламалық жасақтаманы қолдану.

Ұсынылған формат байқауға қатысу мотивациясын арттыруға мүмкіндік берді, сондай-ақ финалға шыққан жобалардың практика жүзінде қолдануға жарамдылығы мен іске асырылу дәрежесін арттырды.

2012 жылы өткен байқаудың қорытындысы бойынша Қазақстанның түкпір-түкпірінен байқауға қатысу туралы барлығы 532 сұраным ұсынылған. Оның 407-і Қордың ЕТҰ технологиялық міндеттеріне сәйкес болды. Қордың еншілес ұйымдарының келесі салалар бойынша бекіткен 5 номинация бойынша байқаудың жеңімпаздары анықталды: «Мұнай және Газ», «Энергетика», «Көлік», «Телекоммуникациялар мен пошталық байланыс» және «Машина жасау».

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның аталмыш байқауды осымен бірінен кейін бірі екінші жылы өткізіп отырғанын есіңізге сала кетейік.

3. «Назарбаев Университеті» ДБЖ-мен ғылыми және (не) ғылыми-техникалық жұмыстарды/жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде ынтымақтасу

Қордың ғылыми және (не) ғылыми-техникалық жұмыстарды/жобаларды гранттық қаржыландыруының басты мақсаты Назарбаев Университеті мен оның ұйымдарындағы студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін дамыту болып табылады.

Гранттық қаржыландыру байқаулық негізде іріктеп алынған іргелі және қолданбалы зерттеулер (жаратылыстану, техникалық, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар) (бұдан әрі – Жобалар) саласында гранттар ұсынуды қамтитын болады. Бұл жобалар келесі бағыттар бойынша ғылыми және (не) ғылыми-техникалық жұмыстарды/жобаларды орындауға арналған:

- Мұнай-газ саласы;
- Көліктік сала;
- Электр- және жылу энергетикасы;
- Машина жасау;

- Химия саласы;
- Таукен-металлургия саласы;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- Баламалы энергия көздері;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Гуманитарлық ғылымдар.

Қордың гранттарын Назарбаев Университеті «Энергетикалық зерттеулер орталығы» жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) Қормен ынтымақтастық туралы 150 млн теңге соманың бірыңғай келісімшартын жасасудың арқасында алынған демеушілік көмектің есебінен қаржыландыратын болады.

Ғылыми және (не) ғылыми-техникалық қызметіне арнап үміткерлерді іріктеу және Қордың гранттарын ұсыну шарасын Мекеменің Басқару Комитеті Қор жобасының шеңберінде жүзеге асыратын болады. Аталмыш Комитет Мекеменің Бас директорының бұйрығымен бекітіледі, оның құрамына Қор өкілдері Комитеттің төрағасы және мүшелері ретінде енетін болады.

Бүгінде осы бағыт бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылған, сондай-ақ артынша өздерін Басқару Комитетінде қарастыру үшін ғылыми және (не) ғылыми-техникалық жұмыстарды/жобаларды іріктеу жұмысы жүргізілуде.

4. «Назарбаев Университеті» ДБЖ-ның ғылыми-инновациялық аймағында «Самұрық-Қазына» R & D Орталығын (зерттеу орталығын) құру

Елбасының 2012 жылдың 5 қыркүйегінде Назарбаев Университетінде ашық Дәрісте баяндаған индустриалдық кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша жұмыс істейтін Инжиниринг орталығын құруға қатысты тапсырмасын орындау мақсатында Қор «Самұрық-Қазына» АҚ мен «Назарбаев Университеті» ДБЖ-ның (бұдан әрі – Университет) ғылым мен бизнесті жақындастыру шеңберінде өзара ынтымақтастық ету механизмін әзірледі.

Ынтымақтастықтың бірінші кезеңінде Университет басшылығымен бірнеше кездесулер өткізілген болатын, оларда индустриалдық кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша жұмыс істейтін бірлескен R & D орталығын (Зерттеу Орталығы) құру мәселесі талқыланды. Тұтастай алғанда аталмыш Орталықтың қызметі Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі – ЕТҰ) технологиялық міндеттерін Назарбаев Университеті мен оның ұйымдарының зияткерлік әлеуеті арқылы шешуге негізделмек. Орталықтың негізгі қызмет бағыттарына мыналар айналмақ:

- Зерттеулер,
- Ғылыми әзірлемелер,
- Тәжірибелік-құрастыру жұмыстары,
- Жаңа технологияларды сынау және ендіру,
- Тәжірибелік-енеркәсіптік және сынақтық инфрақұрылымды дамыту.

Қазіргі сәтте құрылып отырған Орталықта ЕТҰ-лардың салалары бойынша әзірлемелер мен зерттеулердің тақырыптары белгіленіп қойған:

- «ҚТЖ» АҚ – Көліктік сала;
- «Қазақтелеком» АҚ – Телекоммуникациялар;
- «Самұрық-Энерго» АҚ – Электроэнергетика, баламалы энергия көздері;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ – Мұнай-газ саласы;
- «KEGOC» АҚ – Электр желілері;
- «Қазатомөнеркәсіп» АҚ – Атом саласы;
- «БХК» ЖШС – Химия саласы;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ – Машина жасау.

Бүгінгі күні бұл мәселе бойынша R&D орталығының құрылысына арнап жер телімін бөлу, Қор мен Назарбаев Университетінің арасында бірлескен басқарушы компаниясын құру бойынша құрылтай құжаттарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

2.9. РЕФОРМАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТУ, МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

2.9.1. Тұрғын үй құрылысын қолдау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 25 қарашасындағы № 1085 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандырудың 2009–2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылдар жоспарына сәйкес, мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру шеңберінде үлестік құрылысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тетіктер арқылы қолдау Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры қаражатының есебінен екі тетік бойынша жүзеге асырылуда:

- Халықты ипотекалық несиелендіру және құрылыс салушылардың несиелендіру үшін екінші деңгейдегі банкілердің қорын құру арқылы,
- Жылжымайтын мүлік қоры арқылы құрылысы аяқталмаған нысандардағы тұрғындық және коммерциялық аудандар сатып алынуда.

Аталмыш мақсаттарға арнап **170 млрд теңге** бөлінген. 31.12.2012 ж. қатысты бөлінген қаражаттарды асыра игеру **25,2** млрд теңгені құрады. Бөлінген қаражаттар шеңберінде тұрғын үй құрылысының 51 нысаны қаржыландырылды, олардың шеңберінде **11 186 үлескердің** мәселесін шешу көзделуде, соның ішінде тұрғын үй нысандарының құрылысын аяқтау тетігі арқылы ЕДБ **81,8 млрд теңге** аударған, оның **75,5 млрд теңгесі** тұрғын үй құрылысының 25 нысанын (8 392 үлескер) қаржыландыру үшін игерілген. Тұрғын үй құрылысы нысандарының құрылысын аяқтау тетігі бойынша Жылжымайтын мүлік қоры арқылы 26 нысан қаржыландырылды.

2.9.2. Шағын және орта бизнесті қолдау

2012 жыл бойы шағын және орта бизнес субъектілеріне (бұдан әрі – ШОБ) қолдау көрсету жұмысы одан әрі жалғасқан болатын.

01.01.2013 ж. қатысты «Даму» ҚДҚ» АҚ кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық бағдарламалары бойынша жекеменшік кәсіпкерлік субъектілерінің 15 204 жобасы 792 095 млн теңге жалпы сома мөлшерінде қаржыландырылды. Бұл шамамен 78 000 жұмыс орнын құрып және сақтап қалуға мүмкіндік берді («Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының есебімен).

Есептік жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру жұмысы одан әрі жалғасты. 01.01.2013 ж. қатысты 2 823 жоба келісіліп, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және несиелерді кепілдендіру туралы 2 335 келісімшарт жасалды, оларға жұмсалған несиелердің жалпы сомасы 508 млрд теңге, соның ішінде:

- Бірінші «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бағыты бойынша 2 277 жоба келісіліп, жалпы сомасы 239,2 млрд теңге пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялаудың 1 877 келісімшартына қол қойылды, сондай-ақ несиелендіру кепілдендіру туралы 135 сұраным келісілді, жалпы сомасы 15,9 млрд теңгенің 114 кепілдендіру келісімшартына қол қойылды.
- Екінші «Кәсіпкерлік секторды сауықтыру» бағыты бойынша 223 жоба келісілді, жалпы сомасы 149 млрд теңгенің 186 субсидиялау келісімшартына қол қойылды.
- Үшінші «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін азайту» бағыты бойынша 188 жоба келісілді, жалпы сомасы 103,9 млрд теңгенің 158 келісімшартына қол қойылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың қазан айында кәсіпкерлік дамыту мәселелері жөніндегі жиналыста берген хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында «Даму» ҚДҚ» АҚ Алматы мен Шымкент қалаларында Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары, 12 моноқалада тұрғылықты қызмет көрсету орталықтары ашылды, сондай-ақ кәсіпкерлер мен тұрғын халыққа кеңес беруге арналған 5 жылжымалы КҚО іске қосылды.

2.9.3. Қордың компаниялар тобының сатып алуындағы жергілікті (қазақстандық) қамту


«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының сатып алуы өзінің жан-жақты сипатқа ие болуы мен елеулі көлеміне орай еліміздегі кәсіпкерліктің дамуына үлкен ықпалын тигізуде.

Қор компаниялар тобының 2011 жылы сатып алуының көлемі 3,3 триллион теңге, 2012 жылы – 3,48 триллион теңгенің сомасын құрады, соның ішінде:

- тауарлар – 1 553 млрд теңге (ЖҰ пайызы – 47%);
- жұмыстар – 905 млрд теңге (ЖҰ пайызы – 61%);
- көрсетілетін қызметтер – 1 022 млрд теңге (ЖҰ пайызы – 88%) (2-диаграмма).

Қордың сатып алуының басты көрсеткіштерінің біріне Қазақстандық тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің үлесі жатады. 2011 және 2012 жылдарды салыстыра отырып, сатып алулардағы жергілікті үлестің жағымды серпінін байқауға болады. Мысалы, 2011 жылы жергілікті үлес 59%, 2012 жылы 63% құрады. Сатып алынған көрсетілетін қызметтердің жергілікті үлесі 18%-ға артты. Сатып алынған тауарлар мен жұмыстардың жергілікті үлесі көрсеткіштердің тұрақтылығын көрсетуде.

2-ДИАГРАММА. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алуындағы жергілікті үлестің серпіні



Жаңа өндірістерді құру жобаларын іске асыру

2012 жылы Қордың ЕТҰ-ларымен бірлескен түрде 45 млрд теңге соманың 14 жобасын (күкірт қышқылының, телекоммуникациялық жабдықтың өндірісі, бұрғылау аспаптары) іске асыру жұмыстары аяқталды.

Осы процесті одан әрі дамыту үшін 2012 жылдың 27 желтоқсанында Қор Әрекеттегі өндірістерді жаңғыртуға және жаңадан өндірістер құруға көмек көрсетудің 2013–2022 жылдарға арналған бағдарламасын бекіткен болатын («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының 27.12.2012 ж. № 58/12 хаттамасы).

Бұл жүйе төмендегідей төрт негізгі кезеңді бірізді түрде іске асыруға негізделген:

- 1) Талдау және жоспарлау. Қордың компаниялар тобы бойынша ұзақ мерзімді қажетсізінуді анықтау және өздерінің Қазақстандағы өндірісін ұйымдастыру тиімді болатын тауарлардың атаулығын әзірлеу;
- 2) Жобаларға ұйытқы болу (кәсіпкерлермен, кәсіпорындармен, инвесторлармен, министрліктермен, ведомстволармен, әкімдіктермен, салалық қауымдастықтармен өзара әрекеттесу арқылы);
- 3) Жобаларды қаржыландыру (жекеменшік инвестициялар, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-ның, Қор компанияларының, даму институттарының қаражаттары).
- 4) Жобаларды іске асыру (ұзақ мерзімді активтермен қамтамасыз ету, жобаларға олардың өндірістік қуатқа шығуына дейін мониторинг жүргізу).

Нәтижесінде, Бағдарламаны іске асыру төмендегілерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- бәсекеге қабілетті өндірістерді, жаңа жұмыс орындарын құру;

- Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторындағы тікелей инвестициялардың (қаржыландыру) үлесін арттыру.

Электронды сатып алудың ақпараттық жүйесі

2012 жылы Қор Электронды сатып алудың ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ЭСАЖ) әзірлеу мен енгізу бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Электронды сатып алу жүйесін ендіру ісіне Қор сатып алудың ашықтығын қамтамасыз етудің, олардың тиімділігін арттырудың және былайша атағанда «адами факторға» жол бермеудің тағы бір елеулі қадамы ретінде қарауда. Пилоттық жоба шеңберінде-ақ жүйе сатып алу бағаларын арзандатып және қағаздық құжат айналымын азайтумен, өзінің тиімділігін көрсетуде.

2012 жылдың қыркүйек және желтоқсан айлары аралығында ЭСАЖ-ны бағалық ұсыныстарды сұрату әдісімен электронды сатып алуды жүзеге асыру режимінде пилоттық пайдалану жүргізілді. Қазіргі кезеңде оған 4 компания қатысуда: «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС.

2013 жылдың 1 ақпанынан бастап ЭСАЖ-ны Қордың барлық ЕТҰ-ларында кезең-кезең бойынша ендіру жоспарланған.

ЭСАЖ-ны ендірудің негізгі мақсаттары:

- тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі бағалардың арзандауы;
- «адами фактордың» әсерін азайту;
- жабдықтаушылар арасында адал бәсекелестік жағдайын тудыру;
- сатып алулар мен жеңімпазды анықтау рәсімдерінің толық ашықтығы.

Электронды сатып алуды ендіру кезіндегі жағымды практикалардың біріне бағаларды түсіруге арнап сауда-саттықты жүргізу жатады. Қордың электронды сауда-саттық алаңшасы мұндай сатып алу рәсімін ескеретін болады.

Бұл әдістің мәні мынада: сауда-сатыққа қатысушылар тауардың, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтің бағасын жабдықтаушы өзі үшін барынша оңтайлы, шекті деп санайтын деңгейге дейін жеткенше қадам-қадам бойынша түсіріп отырады. Сауда-саттықтың қадамы бойынша шектеу шамасын Тапсырыс беруші сатып алуды жариялау кезеңінде белгілейді. Бұл әдіс тендер әдісімен, сондай-ақ бағалық ұсыныстар әдісімен сатып алу кезінде қолданылады.

Бұл әдістің әдеттегі сатып алуға қарағандағы елеулі артықшылығы бұл оған қатысушылардың аты-жөнінің, атауының жасырын болуы. Бұл сауда-саттықтар толығымен аяқталғанша бағалық сөз байласудың не бәсекелестерінің іс-қимылына ықпал ету мүмкіндігін жоққа шығарады. Нәтижесінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бастапқы бағасын барынша арзандатуға қол жеткізіп,

және соған орай ақшаны үнемдеуге болады. Сатып алудың өзге әдістері мұндай мүмкіндікті ұсынбайды.

Қор электронды сатып алуды жүргізу кезінде еліміздің барлық банкілерімен бірлесе отырып электронды банкілік кепілдемелерді қолдану жұмысын жүргізіп отырады, бұл жабдықтаушыларға арнап сұранымдарды ұсыну процесін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Ендіріліп отырған ЭСАЖ жүйесі сатып алу процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ЭСАЖ-ға жіберілген ақпаратты, мейлі ол жабдықтаушылардың сұранымдары бола ма, әлде қорытынды хаттамалар бола ма, оларды айлашарғылау мүмкіндігін жоққа шығаруға ықпалын тигізетін болады. Айтылғандарға негізделе отырып және электронды сатып алу жүйесін ендірудің халықаралық практикасына сүйенумен болашаққа сеніммен қарап және ЭСАЖ-ны ендіру сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізудің тиімді әдісі болады деп үміттенуге болады.

2.10. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-ДАҒЫ АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ ДАМУЫ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

2.10.1. Кадр саясаты, қызметкерлердің дамуы мен кәсіби оқуы

Қордың 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр саясатының жобасы әзірленген, мұнда Қордың адами ресурстарды басқару саласындағы қызметінің миссиясы, көрінісі, құндылықтары, принциптері мен негізгі бағыттары белгіленген.

Кадр саясатының басты тармақтары мыналар: қызметкерлерді іріктеу мен жалдаудың, кадрлық тағайындаулардың, еңбекке ақы төлеу мен мотивациялаудың тиімді және **ашық** жүйелерін ендіру, **кәсіби стандарттарды енгізу арқылы** біліктілігіне қатысты нақты талаптарды белгілеу, біліктілігін үнемі түрде көтеріп отыру, **еңбек ресурстарын жоспарлау**, соның ішінде ұзақ мерзімді негізде, **«Кадрлық резерв»** бағдарламасы арқылы мәнсаптық өсудің мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, **қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін** қамтамасыз ету, шығармашылық пен инновацияларға ықпал ететіндей қолайлы **моральдік-психологиялық жағдай** тудыру, **жастармен жұмыс жүргізу**, тәлімгерлік және білімімен бөлісу жүйесін дамыту, өндіріске ғылыми инновацияларды ендіру.

Мамандарды кәсіби оқыту мен дамыту Қордың жүзеге асырып отырған саясатына сәйкес жүргізіледі.

Қор Сингапурдегі «Темасек» ең ірі холдингінің басшыларды даярлау орталығымен және көпшілікке танымал ең ірі оқу орталықтарымен әріптестігін одан әрі жалғастыруда.

«Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті негізінде Қор мен оның Компанияларындағы қызметкерлер кәсіби оқытылып, Компанияның құнын арттыратын HR-жобалар жүзеге асырылып отырады. Мысалы, 2012 жыл ішінде күнтізбелік оқу жоспарына сәйкес Қордың 381 қызметкері оқытылды, 63 оқыту семинары өткізілді.

Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында Қор «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті мен Қор компанияларымен бірлесе отырып мамандарды оқыту мен даярлаудың дуальді жүйесін құру жұмысын жүргізуде.

Қор тобының компанияларында орта және ұзақ мерзімді жоспарлау жүйесін ендірудің әдіснамалық негізі әзірленген, Қор тобында дуальді оқыту жүйесін ендірудің Жол картасы бекітілген.

2012 жылы бірыңғай кадр резервін қалыптастыру/жаңарту жұмысы жалғасын тапты. Қор компанияларынан бірыңғай кадр-

лық резервке кандидаттардың тізімі әзірленіп, компанияларда кадр резервін қалыптастыру мәселесі бойынша жиналыстар, сондай-ақ Қор өкілдерінің қатысуымен компаниялардағы кандидаттардың өлеуетіне баға беру бойынша калибрлеу сессиялары жүргізілді. Аталмыш жоба шеңберінде SAP бағдарламалық жасақтамасында «Кадрлық резерв» модулі сынақтан өткізілді. Калибрлеу сессияларын өткізудің нәтижелері бойынша Компаниялардың басшылары компаниялардың 227 басқарушы қызметкерлеріне баға берді, бұл жағдайда А рейтингісі («Жоғары өлеует») 21 басқарушы қызметкерге арнап, В рейтингісі («Жақсы өлеует») – 88 басқарушы қызметкерге арнап, С+, С++ рейтингісі (Орташадан жоғары) – 35 басқарушы қызметкерге арнап, рейтинг С («Орташа өлеует») – 83 басқарушы қызметкерге арнап келісілді. 2012 жылдың қараша айында резервшілердің құзырлығын 360 градус әдісімен сыртқы бағалау жүргізілді. Компаниялардағы өлеуетке іштей баға берудің нәтижелері бойынша іріктелген кандидаттарға сырттай баға беру жобасы жүзеге асырылды. Құрылымдық бөлімшелер басшылары деңгейіндегі кандидаттар 360 және 180 градус он-лайн диагностикалау аспаптарымен бағаланды. ЕТҰ-лардың басқарушы директорлары, 1-ші басшылары деңгейіндегі кандидаттар құрылымдалған сұхбат арқылы және 360 және 180 градус он-лайн диагностикалау аспаптарымен бағаланды. Бағалауға шамамен алғанда 1 500 респондент қатысты. Жоба кандидаттарды әлемдік басшылармен салыстырғанда басқарушы құзырлықтарын игеруге қатысты бағалауға, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ ТОП-100 резервшілерінің тізімін құрастыруға мүмкіндік берді.

2012 жылдың 29 маусымында Қор ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып Астана қаласында «Білім мен бизнес – бірге елі игілігі үшін» тақырыбында Республикалық конференция өткізді. Конференция шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚР Білім және ғылым министрлігі мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Мамандардың біліктілігі мен құзырлық деңгейіне, еңбектің мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қатысты талаптарды белгілейтін кәсіби стандарттардың моделі мен салалық шеңберлердің моделі ЕТҰ ұсыныстарын ескере отырып әзірленді. БҚ және ТҚЖ модельдері салалық министрліктерге жіберілді. ҚР БҒМ БҚ және ТҚЖ моделі мақұлдады. Қор тобының еңбек нарығында барынша сұранысқа ие болып отырған жұмысшы кәсіптер/мамандықтар бойынша 386 кәсіби стандарттар әзірленді.

Салалардың (мұнай-газ, электрэнергетикасы, көліктік, телекоммуникациялық және т.б.) даму перспективаларын ескерумен білікті техникалық мамандарды даярлаудың дуальді жүйесін дамыту мақсатында компаниялар Қор тобының ішінде

жұмыс істейтін жұмысшы мамандарды даярлайтын оқу орталықтарына талдау жүргізілді, талдау көрсетіп отырғандай, 19 оқу орталығының 11-і тұтастай алғанда қанағаттандырылғырлық материалдық-техникалық базаға ие.

2012 жылдың тамыз айында «Қазақстан темір жолы» АҚ жұмысшы мамандарды даярлайтын жаңа оқу орталығын ашты.

2012 жылдың 12 қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» АҚ мамандарды даярлауға қатысатын кәсіпорынның, облыстық және қалалық білім басқармасы мен техникалық және кәсіби білімнің білім беру (ТЖКБ) мекемесінің арасында Қордың Компаниялар тобында жұмысшы мамандарды оқытудың дуальді жүйесін енгізу шеңберінде әлеуметтік серіктестік туралы 3 тараптық келісім-шарттарға қол қою рәсімін өткізді. Қордың келесі компаниялары 4 келісімшартқа қол қойды: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ, «KEGOC» АҚ.

2012 жылдың 26 қарашасында Қор оның ірі ұлттық компаниялары мен еншілес компаниялары құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының қатысуымен «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар топтарының желілік басшыларының Тұңғыш Форумын өткізді. Форум жұмысының шеңберінде Қазақстанды әлеуметтік жаңғыртудың мәселелері талқыланып, Компаниялар тобындағы басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың, басқарушылық міндеттерді шешуде проблемалық ой толғаудан нәтижелік ой толғауға көшуге жағдай тудырудың нақты қадамдары әзірленді.

2012 жылдың 22 қарашасында Қор тобындағы компаниялардың, мемлекет органдарының, Дүниежүзілік банкі мен жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдерінің қатысуымен «Біліктіліктердің ұлттық және салалық шеңберлері. Кәсіби стандарттар» дөңгелек үстелі өткізілді.

2012 жылдың алғашқы жартыжылдығында Қор тобындағы әлеуметтік-еңбектік қатынастарды реттеу практикасына талдау жүргізіліп және компания мен оның ірі еншілес ұйымдарының әлеуметтік-еңбектік қатынастарды реттеу мәселесі бойынша баяндамалары тыңдалды.

Әлеуметтік-еңбектік қатынастарды реттеудің озық тәжірибесін жинақтау үшін «Әлеуметтік серіктестік орталығы» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Орталық) құрылды, ол әлеуметтік серіктестік тараптарының келіссөздер жүргізу алаңшасы, әлеуметтік-еңбектік қатынастар жөніндегі мамандарға әдіснамалық қолдау болып табылады. Орталық Қордың компанияларына арнап әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау әдістемесін әзірлеуде. Компаниялардың басшылары жыл сайын компаниялардың қызметінің нәтижелері бойынша ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылық рейтингісі бойынша бағаланып отырады. Бұл жағдайда бірінші басшылардың ұжымдардағы әлеуметтік-еңбек қақтығыстарының алдын алу мен шешу жұмысын жүргізу үшін жеке жауапкершілігі белгіленген, әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын уақытында диагностикалау мақ-

сатында басшылардың ұжыммен міндетті сипаттағы кері байланысы енгізілген.

2012 жылдың 3 мамырында компаниялардың бірінші басшыларының, мемлекет органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен Қор корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселесі жөнінде кеңес өткізді. Аталмыш кеңесте «Самұрық-Қазына» АҚ мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақ Федерациясымен әлеуметтік серіктестік шеңберіндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Орталықтың www.birgemiz.kz веб-порталы, 505 505 телефондық «жедел хабарласу желісі» құрылды, бұл барынша өзекті мәселелерге мониторинг жүргізуге, еңбектік қатынастардың әртүрлі қатысушыларымен кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Компанияларда жеке блогтар, телефондық «шұғыл хабарласу желілері» құрылған, Қоғамдық қабылдау бөлмелері, ішкі корпоративтік портал жұмыс істеуде, компанияларда тұрақты негізде ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіліп отырады.

Әлеуметтік-еңбектік қатынастарды реттеу саласындағы ең үздік халықаралық практиканы ендіру мақсатында «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті 2012 жылға арнап әлеуметтік серіктестік принциптерін ендіру мәселелері бойынша, еңбектегі қақтығыстарды шешу, компаниялардағы әлеуметтік-еңбектік қақтығыстарды шешу кезіндегі келіссөздерді тиімді түрде жүргізудің аспаптары және т.б. мәселелер бойынша семинарлар циклын әзірлеп және іске асырды.

«Нұр Отан» ХДП-мен, «Медиация» Бірыңғай медиация мен бітімгершілік орталығы» ҚБ мен «ҚР Кәсіподақтар Федерациясы» ҚБ-мен жасасқан меморандумдар бойынша практикалық жұмыс іске асырылуда. Әлеуметтік серіктестік мақсатында бұдан әрі ынтымақтастық мақсатында Кәсіподақтар одағы құрылып және Кәсіподақтар кеңесі туралы ереже бекітілді. Өңірлерде келіссөз жүргізушілер - беделді қоғам қайраткерлері мен кәсіпқой медиаторлардың арасынан «Нұр Отан» ХДП мен әкімдіктермен бірлескен түрде Орталық өкілдерінің желісін құру жұмысы қызу жүруде.

Қордың **Кадр комитеті** Қорға оның тобының кадр саясатын іске асыруға көмектесуге арналған, Қордың стратегиялық мақсаттарын іріктеу жүйесімен байланыстыру арқылы корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға, Қор компанияларының қызметіне баға беру және басқару органдары мен атқарушы органдарының мүшелерін мотивациялауға арналған Қор Басқармасының жанындағы тұрақты түрде жұмыс істейтін кеңес беруші-кеңесу органы болып табылады.

Кадр комитетінің қызметін оңтайландыру мен корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында Қор Басқармасының 2011 жылдың 27 маусымындағы шешімімен бекітілген Кадр комитеті туралы ереже жаңартылды (№ 29/11 хаттама).

Аталмыш Ережеде Кадр комитетінің мәртебесі мен құзырлығы, құрылымы мен құрамы, жұмыс тәртібі белгіленген. Кадр комитетінің негізгі міндеттері Қор тобының кадр саясатын іске асырумен, корпоративтік мәдениетті, әлеуметтік саясатты дамытумен байланысты. Бұл жағдайда компаниялардың басқарушы қызметкерлерін тағайындауды (сайлауды) Қордың Кадр комитеті арқылы келісудің қосымша рәсімі қысқартылып тасталған болатын, аталмыш рәсім компанияның Директорлар кеңесінің функцияларының қайталанып отыруына және келісу рәсімінің созылуына әкеп соқтырады, бұл Қор тобындағы корпоративтік басқару процесіне жағымсыз әсерін тигізуде.

Кадр комитеті Қор компанияларының тәуелсіз директорларының лауазымына кандидаттарды қарастырып, келіседі, бірыңғай кадрлық резервке енгізілген қызметкерлердің тізімін бекітіп, сондай-ақ Қор тобының кадр саясатын жүзеге асырумен байланысты өзге мәселелерді шешумен айналысады.

Кадр комитетінің құрылымына екі комиссия кіреді:

- тұрғын үй комиссиясы;
- корпоративтік мәдениет мәселелері жөніндегі комиссия.

2012 жылы Кадр комитетінің жеті отырысы өткізілді, онда Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарындағы басшы лауазымдарға тағайындауды (сайлауды) келісу материалдары қаралды.

2.10.2 Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық сақтау

Еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне Қор мен оның Компаниялары топтағы өнеркәсіптік компаниялардың күнделікті қызметіне ең үздік халықаралық стандарттарды ендіруге тырысумен ерекше көңіл бөледі. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың туындай түекелін азайту мәселелері Қордың Басқармасы мен Директорлар кеңесінің отырыстарында мерзімді түрде қарастырылып отырады. Компаниялардың басшылығының алдына Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес қажетті корпоративтік стандарттар мен регламенттерді әзірлеп енгізу міндеті қойылған.

Еңбек қауіпсіздігін жақсарту үшін компаниялар еңбек қызметі барысында өндірістік жарақат алуды азайтуға, еңбек жағдайлары мен еңбек қорғауды жетілдіруге, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға арналған ұйымдық-техникалық шаралардың ішкі жоспарларын іске асырып отырады. Бұл жоспарларда жазатайым оқиғалардың алдын алу және қызметкерлерді қауіпсіздік техникасына үйрету, өндіріс жабдықтары мен аспаптарына олардың қауіпсіздік талаптарына сай болуына қатысты ревизия жүргізу шаралары қамтылған.

Жыл сайын Қордың Компаниялары еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғауды қамтамасыз ету және өндірістік жарақат алуды азайту шараларына қаржы бөліп отырады.

Қордың компаниялар тобы Қор ЕТҰ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету үшін өз жауапкершілігін толық сезінеді.

Жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ жыл бойы тұрақты негізде Қордағы еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасының жүйесін реттейтін ішкі нормативтік құжаттармен тұрақты негізде таныстыру шаралары жүргізіліп отырады.

Қор еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жақсарту жауапкершілігін өзіне қабылдайды, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының өндірістік қызметтің нәтижелеріне қатысты басымдылық сипатқа ие болатынын мойындайды.

Қызметкерлерді сақтандыру шаралары сақтандыру қызметтерін көрсетушілерді қызметтердің қажет етілетін көлемін ескере отырып таңдаумен, заңнама нормаларына сәйкес жүргізіліп отырады.

Мысалы, «Қазпочта» АҚ-да 2011 жылдағымен салыстырғанда 2012 жыл ішінде өндірістік жарақат алудың жалпы деңгейі **24%-ға** азайған. Зардап шеккендер, мүгедек болып қалғандар, сондай-ақ қаза болғандар тіркелмеген. «Қазпочта» АҚ-ның өндіріс нысандарында өртке қарсы қауіпсіздік шараларын күшейту жұмыстары жүргізілді. «Қазпочта» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінде ішкі бақылау жүргізу мақсатында «Қазпочта» АҚ-да Қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау күні өткізілді.

2.10.3. Демеушілік пен қайырымдылық

Қор спортты, дене шынықтыруды, білім беруді, денсаулық сақтауды, қоршаған ортаны қорғау саласын қолдауға арналған әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысып отырады.

Қор мен оның еншілес компанияларының демеушілік және қайырымдылық қолдауы ашықтық принципіне негізделген және Компанияның беделін нығайтуға, Қор мен Компаниялар тобының жағымды бет-бейнесін құруға, олардың танымалдық дәрежесін арттыруға және жақсы қабылдануына ықпал етеді.

Қордың жоғары беделі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметтің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Демеушілік пен қайырымдылықтың тиімді саясаты Қордың қызметкерлерінің тарапынан Қорға деген сенімінің артуына және Қордың оның қызметкерлерінің, сондай-ақ тұтас-тай Қоғамның жақсы қабылдауына ықпал етеді, сондай-ақ Қор жайлы бизнес-серіктестердің жағымды пікірін нығайтып және олардың тиімді экономикалық іс-қимылдар жасауы мен қолайлы шешім қабылдауына ықпал етеді.

Қазіргі әлемде әлеуметтік жауапкершілік тек қана демеушілік пен қайырымдылық ретінде ғана емес, сонымен қатар компанияның іскерлік беделі мен капиталдануын арттыратын тиімді қызмет ретінде қабылданады. Қор мен ЕТҰ қоғам (сыртқы) мен қызметкерлердің алдындағы (ішкі корпоративтік) әлеуметтік жауапкершілік саясатын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады.

Сыртқы әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі басымдылық бағыттары мыналар:

- құзырлық шеңберінде әлеуметтік саладағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- қоршаған ортаны қорғауға көмек көрсету.

Ішкі корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі басымдылық бағыттары мыналар:

- қызметкерлерге арнап еңбек жағдайларын тудыру;
- қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен жақсартуға арнап жағдай тудыру;
- қызметкерлерді кәсіби оқыту және дамыту.

Демеушілік және қайырымдылық қызметі компанияның іскерлік беделі мен капиталдануын арттыратын тиімді қызмет ретінде қарастырылады. Қордың Директорлар кеңесінің 2010 жылдың 17 наурызындағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ мен ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және өздерінің акциялар қоржыны Қорға тиесілі болып келетін өзге заңды тұлғалардың демеушілік не қайырымдылық көмек көрсету саясатына сәйкес (бұдан әрі – Саясат):

- 1) демеушілік көмек Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қордың басқару органының тапсырмасы бойынша шараларға қолдау көрсету үшін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою шараларын жүргізу үшін, әлеуметтік жобаларды, жекелеген спорт түрлерін қолдау, Елбасының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің, Қордың/Компаниялардың басқару органы мен атқарушы органы мүшелерінің қатысуымен халықаралық конференцияларды, форумдарды өткізу үшін ұсынылады;
- 2) қайырымдылық көмек әлеуметтік саланың коммерциялық емес ұйымдарының жарғылық қызметін, сондай-ақ жасасқан ұжымдық келісімшартқа сәйкес Компанияда есепте тұрған зейнеткерлерді қолдау үшін ұсынылады.

2.10.4 Қоршаған ортаны қорғау

Қордың компаниялар тобының Қазақстан мен өзге елдердің экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар шаруашылық қызметі миллиондаған адамдардың мүддесін қозғайды. Қордың компаниялар тобының өз қызметін іске асыруы кезінде қоршаған ортаға тигізетін әсері оның қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайды.

Табиғи орта мен биологиялық сан-алуандықтың келешек ұрпақтың игілігі болып табылатынын ескере отырып, Қор өз қызметінде экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді тұрақты дамытудың теңгерімделген саясатын іске асыруда. Табиғи ортаның сапасын қалпына келтіру мен тұрақтандыру үшін Қор барынша тиімді және экологиялық қауіпсіз жобаларды ендіріп отырады.

Қор мен оның Компаниялары қоршаған орта саласында тиімді түрде жұмыс істеп отырған халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен, ғылыми және білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты сақтап отырады.

Қордың қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатының негізгі мақсаттары:

- Қордың еншілес компанияларының қызметінің қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсеріне баға беру мен басқару, алдыналу және азайту;
- технологиялық жабдықтың, өндіріс нысандары мен қоршаған ортаның күйіне сапалы бақылау мен мониторинг жүргізудің қазіргі заманға сай корпоративтік жүйесін құру;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету;
- барлық қызметкерлерді экологиялық тәуекелдерді азайту, экологиялық менеджмент жүйесі мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік көрсеткіштерді жақсарту қызметіне қатыстыру.

Өндірістік компаниялар тазартқыш табиғат қорғау құрылыстарын қайта салу, қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін жетілдіру, өндірістік және іргелес аймақтарды көгалдандыру, қоршаған табиғи ортаның күйіне экологиялық мониторинг жүргізу және т.б. сол сияқты шаралардың есебінен қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру жұмысын жүргізді.

Мысалы, есептік кезеңде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ қалдықтардың пайда болу көздері мен олардың сақталған және көмілген жерлерін есепке алу, түгендеу; қалдықтарды қайталама ресурс ретінде пайдалану, оларды бөгде ұйымдарға көдге жарату мен өңдеу үшін, өнеркәсіптік қалдықтарды арнайы бөлінген аймақтарда көму үшін тапсыру жұмысы жүргізілді.

Сонымен қатар, Қор жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде әлеуетті серіктес үшін негізгі шарт ретінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың барлық талаптарына сай инновациялық технологияларды дамыту мен қолдану, жоғары технологиялық және тиімді өңдеу өндірістерін құру талабының орындалуы қамтылған.

Тұтастай алғанда, 2012 жылдың қорытындысы бойынша Қордың негізгі еншілес ұйымдары қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерінің көрсеткіштерін азайту беталысы сақталды.

Белгілі болғандай, қоршаған ортаны қорғаудың көпшілік қабылдаған нормаларын сақтау қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерін азайтуға мүмкіндік береді.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жөніндегі принциптер мен есеп беру

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамы, топ-менеджерлердің қысқаша өмірбаяны

Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп беру

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Басқарма мен Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы туралы қысқаша ақпарат

Ішкі бақылау мен аудит

Тәуекелдерді басқару

3.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ПРИНЦИПТЕР МЕН ЕСЕП БЕРУ

Қордағы корпоративтік басқарудың жоғары деңгейде болуы активтерді тиімді басқарудың маңызды компоненті болып табылады. Корпоративтік басқару деңгейін арттыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 12 қыркүйегіндегі қаулысымен бекітілген Қордың Даму стратегиясында айрықша міндет ретінде көрсетілген.

Біз компанияларымызда корпоративтік басқарудың озық практикаларын насихаттап отырамыз, сондай-ақ стратегиялық орган ретінде тиімді Директорлар кеңесін қалыптастыруды мақсат етудеміз. Қор мен оның компанияларының өзара әрекеттесуі корпоративтік заңнама нормаларымен, компаниялардың корпоративтік басқару кодекстерімен және жарғыларымен, сондай-ақ өздерінде барлық дауыс беруші акциялар Қорға тиесілі болып келетін акционерлік қоғамдардағы құзырлықтардың бөліну тұлғарнамасына сәйкес реттеліп отырады.

2012 жылы төмендегідей басты бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

- Корпоративтік басқару диагностикалау;
- Директорлар кеңестерінің тиімділігін арттыру;
- Қордың корпоративтік басқару жөніндегі маңызды құжаттарын бекіту;
- Қор тобының ішінде корпоративтік басқару бойынша тәжірибемен алмасып және әлеуетті арттыру.

Корпоративтік басқаруды диагностикалау

Аталмыш бағыт шеңберіндегі басты қадамдардың біріне Қор тобының компанияларында корпоративтік басқаруды 2009 жылы KPMG консалтингтік компаниямен бірлескен түрде әзірленген Корпоративтік басқару жүйесін диагностикалаудың өзіндік әдістемесін қолдана отырып, жыл сайын диагностикалау жатады. 2012 жылдың маусым айында ол корпоративтік басқару саласындағы соңғы беталыстарды ескере отырып жаңартылған болатын.

Әдістеме ең үздік практикаға сәйкес болу рейтингісін анықтауға мүмкіндік береді және Қор компанияларындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру процесіне тұрақты мониторинг жүргізудің аспабы болып табылады.

Әдістемеді келесі ілгері стандарттардың ережелері қамтылған:

- ЭЫДҰ Корпоративтік басқару принциптері;
- ЭЫДҰ-ның мемлекеттің қатысу үлесі бар компанияларға арнап корпоративтік басқару бойынша ұсыныстар;
- Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі;
- GAMMA Standard & Poor's әдіснамасы;
- Fitch және Moody's рейтингілік агенттіктерінің корпоративтік басқаруына қойылатын талаптар;
- Путражайаның GLC тиімділігін арттыру комитетімен (Khazanah Nasional Berhad, Малайзия) әзірленген Мемлекетпен байланысты компаниялардың қызметін реформаландыру жөніндегі жетекші құжаттар (GLC).

- Сертификатталған хатшылар мен әкімгерлер институтының ұсыныстары (ICSA, Лондон);

2012 жылы Қор мен келесі компаниялардағы корпоративтік басқаруға тәуелсіз диагностикалау жүргізілді: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ. Қосымша түрде тәуелсіз кеңес беруші «Даму» ҚДҚ» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ және «Самұрық-Қазына жылжымайтын мүлік қоры» АҚ осы үш компанияның ішкі аудит қызметі әзірлеген корпоративтік басқаруды диагностикалау бойынша есеп берулердің сәйкестігін тексерді.

2009 жылдан бері динамиканы көрсетіп отырған корпоративтік басқару жүйесін диагностикалаудың нәтижелері 3-диаграммада келтірілген.

Қордың ірі компанияларының стратегиялық көрсеткішіне 2015 ж. қарсы ілгері практикаларға сәйкес болудың 75 пайыздық деңгейіне, ал 2022 ж. қарай – 85 пайыздық деңгейіне қол жеткізу жатады.

Қордағы корпоративтік басқару деңгейіне берілген жалпы баға 61,7% құрады, мұнысы 2010 жылы 52,9% құраған диагностикалау нәтижесінен 8,8 рейтингілік тармаққа жоғары. Мұндай нәтижеге Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы жүргізіп отырған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі тұрақты жұмысының арқасында қол жеткізілді.

Диагностикалаудың қорытындысы жайлы 2012 жылдың 11 желтоқсанында Қордың Директорлар кеңесінің отырысында, сондай-ақ 2013 жылдың 7 ақпанындағы кеңейтілген отырыста баяндалды. Тұтастай алғанда, диагностикалаудың нәтижелері компаниялардағы корпоративтік басқару деңгейінің біртіндеп жақсарып келе жатқанын көрсетуде.


Директорлар кеңестерінің тиімділігін арттыру

Директорлар кеңесі компания акционерлерінің мүддесін танытып, негізгі стратегиялық шешімдер қабылдап және атқарушы органның қызметін бақылап отыратын соның басқару органы болып табылады.

Осы орайда Қорда компаниялардың директорлар кеңестерінің дамуына ерекше көңіл бөлініп отырады. Осыған байланысты, есептік жылы бірқатар шаралар қабылданып және маңызды бастамалар жүзеге асырыла бастады.

2012 жылдың дауыс беруші акциялары түгелдеу Қорға тиесілі болып келетін акционерлік қоғамдардың органдарының уәкілеттіктерін тарату тұлғарнамасына арнап өзгертулер мен толықтырулар қабылданды. Компаниялардың директорлар кеңестерінің уәкілеттіктері күшейтіліп, жарғыларға тиісті өзгертулер енгізілді.

3-ДИАГРАММА. «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару жүйесін диагностикалау нәтижелерінің динамикасы



Қордың Корпоративтік күнтізбесі – Қор компанияларындағы органдардың олардың қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдауының мерзімі мен тәртібін реттейтін күнтізбе. Корпоративтік күнтізбені енгізу Қор мен компаниялардың органдарының уәкілеттіктерін таратуға, корпоративтік шешімдерді уақытында қабылдауға және Қор мен компаниялар үшін процестердің басқарылу деңгейін арттыруға арналған.

Корпоративтік күнтізбеге сәйкес 2012 жылдың қараша айынан бастап Қор Басқармасының компаниялардың директорлар кеңестерімен бірлескен отырыстары өткізілуде, оларда стратегиялық даму, даму жоспарларын іске асыру мәселелері, акционердің қарастыруына арнап шығарылып отырған мәселелерді бекіту және компаниялардың қызметіне қатысты өзге де мәселелер талқыланады.

Жыл бойы директорлар кеңестерінің жұмысына мониторинг жүргізіліп отырды, оның қорытындысы бойынша Қордың директорлар кеңестеріндегі өкілдеріне тиісті ұсыныстар жіберілді.

Директорлар кеңестерінің құрамына өзгертулер енгізіліп, кәсіпқой тәуелсіз директорлардың үлесін арттыру шаралары жүргізілуде (бірқатар компанияларда тәуелсіз директорлардың саны 50%-ға дейін барады).

2012 жылдың қараша айында Қордың алты компаниясының директорлар кеңестерінің қызметіне тәуелсіз кеңес берушіні қатыстырумен баға беру жобасы іске қосылды. Аталмыш жоба

шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» АҚ мен «Қазақстан темір жолы» АҚ директорлар кеңестеріне баға берілуде.

2011 жылдан бастап Қордың Басқарма төрағасының Қор тобының тәуелсіз директорларымен мерзімді кездесулері өткізілуде. Бұл Қордың Басқарма төрағасының акционердің бірінші басшысы ретінде директорлармен кездесуі. 2012 жылы екі кездесу өткізілді: 29–30 мамыр мен 13–14 қараша.

Шаралар келесі мақсатта жүргізіліп отырады:

- Тәуелсіз директорларды акционер ретінде Қордың үміттенулері мен Қордың бастамалары туралы уақытында хабардар ету;
- Компаниялар мен топтардың дамуында тәуелсіз директорлардың өлеуетін пайдалану;
- Қор тобының ішінде өзара әрекеттесуді жақсарту;
- Директорлар кеңестерінің жұмысының тиімділігін арттыру.

Тәуелсіз директорлармен кездесулерде Қордың корпоративтік басқару, қаржы және есептілік, сатып алу, қызметкерлердің дамуы, инновациялар, корпоративтік заңнама, стратегиялық даму, бюджеттік жоспарлау, қазыналық операциялар тәрізді маңызды бағыттар бойынша іске асырып отырған бастамалары талқыланды. Кездесудің нәтижелері бойынша Қор тобының жұмысын жақсартуға арналған ұсыныстар әзірленді.

Жоғарыда аталған бастамалар директорлар кеңестерінің рөлі мен уәкілеттіктерін барынша күшейтуге, сондай-ақ олардың акционер алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Директорлар кеңестерін дамыту жөніндегі шаралар кешені Қордың стратегиялық холдинг моделіне көшуіне бағытталған.

Қордың корпоративтік басқару бойынша маңызды құжаттарын бекіту

Қордың корпоративтік басқару кодексі – корпоративтік басқарудың жүйе құраушы құжаты – Қазақстан Республикасының заңнамасындағы соңғы өзгертулерге сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың қарашасындағы қаулысымен жаңа редакцияда бекітілген. Корпоративтік басқару кодексінің негізіне корпоративтік басқарудың ең үздік практикасы, корпоративтік басқару принциптері, соның ішінде ЭЫДҰ (The OECD Principles of Corporate Governance) Корпоративтік басқару принциптері және Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінің (UK Corporate Governance Code) принциптері енгізілді. Бұдан әрі бұл бөлімде Қордың Корпоративтік басқару кодексінің принциптеріне сүйену туралы есеп беру келтірілген.

Қор компаниялары өзінің қызметін Қордың корпоративтік басқару кодексінің принциптеріне сәйкес келетін меншікті корпоративтік басқару кодекстеріне негізделе отырып жүзеге асырады.

2012 жылдың шілде айында Директорлар кеңесі Корпоративтік басқару жүйесін диагностикалау әдістемесіне негізделе отырып әзірленген Қорды корпоративтік басқаруға баға беру тәртібін бекітті. Баға беру тәртібінде Қордың корпоративтік басқаруын диагностикалаудың критерийлері мен тәсілдері, сондай-ақ корпоративтік басқаруды одан әрі дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеудің тәсілдері белгіленген.

2012 жылдың қазан айында Директорлар кеңесі компанияда корпоративтік басқару деңгейін ескерумен Жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдау тәртібін бекітті. Аталмыш құжатқа сәйкес, корпоративтік басқару рейтингісінің берілген мәніне қол жеткізген жағдайда Басқарманың не Басқарма төрағасының құзырлығына жататын жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдау уәкілеттігі компанияның директорлар кеңесіне беріледі не болмаса Директорлар кеңесінің келісімін/ұсыныстарын ескерумен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ 2012 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет органдарына қажетті есептілікті Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсында жайғастыру ережелерін бекітті. Құжатта мұндай есептіліктің тізімі мен оны жариялаудың мерзімділігі көрсетілген. Бұл жағдайда, тізімде ескерілмеген есептілікті Қор мен ұйымдар мемлекет органдарының суратуы бойынша ұсынбайды. Аталмыш құжатты бекіту Қор тобы мен мемлекет органдарының арасындағы ақпарат ағымын пішімдеу мен ретке келтіруге арналған.

2012 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қордың Өзара әрекеттесуі туралы келісім қолдауға ие болды. Келісімнің өзіне 2013 жылдың ақпан айында Үкімет-

тің Қордың жалғыз акционері ретінде уәкілеттіктерін және мемлекеттік реттеумен байланысты уәкілеттіктерін тарату мақсатында қол қойылды. Келісімнің негізгі принциптері Үкімет тарапынан Қорды жалғыз акционердің уәкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы ғана басқару, Үкіметтің Қор тобының жедел қызметіне араласпауы, сондай-ақ Қор тобы қызметінің есептілігі мен транспаренттілігі.

Тәжірибе алмасу және Қор тобының ішінде корпоративтік басқару әлеуетін арттыру

Қор тобындағы қызметкерлердің корпоративтік басқару саласындағы дағдылары мен білімінің жалпы деңгейін көтеру мақсатында Қор корпоративтік басқаруды диагностикалау, корпоративтік омбудсменнің функциялары мен рөлі, сондай-ақ тұрақты даму тәрізді өзекті тақырыптарға арналған бірқатар үйрету семинарларын өткізді.

Сонымен қатар 2012 жылдың маусым және желтоқсан айында компаниялардың ішкі аудит қызметтерінің қызметкерлері үшін корпоративтік басқаруды диагностикалау жұмысын жүргізу бойынша үйрету семинарлары өткізілді.

Қор мен компаниялардың өкілдерінің қатысуымен жедел жұмыстық топ құрылды, мұнда өзекті мәселелер мен құжаттардың әзірленіп жатқан жобалары бірлескен түрде қаралып отырады. Компаниялардың корпоративтік басқару блоктарымен мерзімді түрде жұмыстық кездесулер өткізіліп отырады, мұндай кездесу барысында, Қор мен компаниялардың өкілдері өзінің жекелеген бағыттар бойынша тәжірибесін таныстырады.

Қор өзге де бірқатар шаралар мен бастамаларға, соның ішінде жыл сайынғы Корпоративтік хатшылар форумына қолдау көрсетіп отырады. 2012 жылдың 23 қарашасында Форум үшінші рет өткізілді. Форум барысында компаниялардың корпоративтік басқару және ұзақ мерзімді құнын арттыру, корпоративтік хатшылар институтын одан әрі дамыту мәселелері талқыланып, «2011–2012 жылғы Қазақстанның корпоративтік хатшысы» атағына арналған байқаудың қорытындысы жасалды.

Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты

Қорда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер олардың жеке сипаттағы қызметі мен мүддесінің Қордағы міндеттерін атқаруға кереғар болып отырмауын қамтамасыз етуі тиіс. Мүдделер қақтығысымен байланысты елеулі бұзушылықтар Қордың беделіне нұқсан келтіріп және оған жұртшылықтың сенімін кетіруі мүмкін. Соған орай, лауазымдық тұлғалар мен қызметкерлер тіпті мүдделер қақтығысының көзбояуын тудыруы мүмкін жағдайлардың өзіне жол бермеуі тиіс.

Мүдделер қақтығысымен байланысты негізгі аспектілер Қордың Іскерлік этика кодексінде көрсетілген. 2013 жылы мүдделер қақтығысының алдын алу мен реттеу, уақытында анықтау мен оның туындауына жол бермеу рәсімдерін, сондай-ақ Қор органдарының, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысы туындай қалған не оның туындау ықти-

малдығы орын алған жағдайдағы іс-қимылдарын үйлестіруді реттейтін жеке құжатты әзірлеп және бекіту жоспарланып отыр.

Қордың омбудсмені

Қордың Директорлар кеңесінің 2010 жылдың 12 желтоқсанындағы № 58 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Іскерлік этика кодексіне сәйкес және Қордың Директорлар кеңесінің 2011 жылдың 14 қыркүйегіндегі № 70 шешіміне негізделумен Құрманғазиев Жәрдем Есламғалиұлы Қордың Омбудсмені етіп тағайындалды.

Қордың Іскерлік этика кодексінің 5-тарауына сәйкес Омбудсменнің басты функцияларына Кодекс ережелерінің орындалмауы туралы мәліметтерді жинақтау, қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға Кодексінің ережелері бойынша кеңес беру, Кодекс ережелерінің бұзылуы бойынша дауларды қарауға ұйытқы болу жатады.

Омбудсменнің қызмет шеңберінде 2012 жылдың 31 желтоқсанына қарсы еңбек және әлеуметтік қақтығыстарға, сондай-ақ бөлімше басшысы мен қызметкердің өзара әрекеттесуіне қатысты 5 ауызша арыз тіркелді.

Қақтығыстарды реттеу фактілері бойынша тиісті жұмыс жүргізілді, оның қорытындысы бойынша тараптар тиісті түсіндірмелер алып, қақтығыстық жағдайлар реттеліп және тараптар барлық жағдайларда екіжақты келісімге/мәселелерді бейбіт түрде шешуге қол жеткізді.

Омбудсмен институты бизнесті жүргізудің ашық және этикалық тәртібін құрудың маңызды қадамы болып табылады, және біз осы өзара әрекеттесу механизміне ие болып отырған сенім тек арта береді деп үміттенеміз.

Корпоративтік басқару кодексінің принциптеріне сүйену туралы есеп

2011 жыл бойынша жылдық есепте Корпоративтік басқару кодексінің принциптеріне сүйену туралы толық есеп беру келтірілген, онда соның негізгі принциптерін көрсететін баптар қамтылған. 2011 жылы орындалмаған Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің басым бөлігі 2012 жылы да орындалмаған күйінде қалды. Корпоративтік басқару кодексінің кейбір ережелерін ұстануға қатысты, 2011 жылдағымен салыстырғанда, жағымды өзгерістер байқалуда. Атап айтқанда, 2012 жылы Әлеуметтік серіктестік орталығы құрылып, Қордың 2013–2022 жылдарға арналған Стратегиясы бекітілді, Қазақстан Қор Биржасының веб-сайтында корпоративтік оқиғалар күнтізбесі жарияланған. 2011 жылдағы есеп берумен салыстырғанда, Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың саны мен кейбір ішкі құжаттардың болмауына қатысты орындалмаған не ішінара орындалған ережелері қосып енгізілді.

2012 жыл бойы Қор Корпоративтік басқару кодексінің төмендегі ережелерін санамағанда, оған сәйкес өз міндеттемелері мен талаптарын орындап шықты:

Кодексінің ережесі	Мәртебесі
<p>28. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қордың жарғысымен белгіленеді, бұл жағдайда тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесінің сандық құрамының кемінде бестен екі бөлігін құрауы тиіс.</p> <p>87. Директорлар кеңесінің уәкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және оларды мерзімінен бұрын тоқтату жалғыз акционердің айрықша құзырлығына жатады. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қордың жарғысымен белгіленеді, бұл жағдайда тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесінің сандық құрамының кемінде бестен екі бөлігін құрауы тиіс.</p>	<p>Ішінара орындалған.</p> <p>Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың арақатысы сақталмаған.</p> <p>Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі 27% құрады. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы бойынша қаулының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарастыруына 2013 жылы ұсыну жоспарланып отыр.</p>
<p>29. Әр директордың жұмысына баға беру жүйесі олардың жалғыз акционер мен Қордың мүддесі үшін жұмыс істеуге ынталандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Әр директордың жұмысына баға беру жүйесінің негізі – Директорлар кеңесі туралы ереже мен Қордың Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарында белгіленген мақсаттар, міндеттер, міндеттемелер мен функциялар, сондай-ақ корпоративтік басқарудың халықаралық озық практикасының ұсыныстарына сәйкес Директорлар кеңесіне өздерінің міндеттерін шешіп және Қордың сәтті және тұрақты дамуына үлкен үлес қосып отыруға мүмкіндік беретін міндеттер мен функциялардың орындалуына баға беру.</p>	<p>Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне баға берілмеген.</p> <p>«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз баға беру мәселесі Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақы төлеу жөніндегі комитетінің қарастыруына ұсынылды.</p>

Кодекстің ережесі	Мәртебесі
<p>42. Қор заңнама нормаларына және Қордың дивиденділік саясатын айқындайтын Қордың ішкі құжатына сүйеніп отырады.</p> <p>173. Директорлар кеңесі Қордың дивиденділік саясатын іске асырудың принциптері мен тетіктерін айқындайтын дивиденділік саясат туралы ережені мақұлдайды, оны жалғыз акционер бекітуі тиіс. Дивиденділік саясатты жалғыз акционер бекітеді және ол Қордың WEB-сайтында жарияланады.</p>	<p>Жалғыз акционер Қордың дивиденділік саясатын бекітпеген</p> <p>Дивиденділік саясатты Қордың Директорлар кеңесі 2012 ж. қазан айында келіскен. ҚР Үкіметінің Дивиденділік саясатты бекіту туралы қаулысы 2013 ж. қабылданады деп күтілуде.</p>
<p>49. Қор өз қызметінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама талаптарына мен көпшілік қабылдаған стандарттарға сәйкес қоршаған ортаға барынша ұқыпты және оңтайлы көзқарас принциптеріне сүйеніп отырады.</p> <p>50. Қор оның еншілес және тәуелді ұйымдарында экологиялық аудит жүргізуге тырысатын болады.</p>	<p>Ішінара орындалған.</p> <p>Экологиялық аудитті жүргізу практикасы жүйелі сипатқа ие емес.</p> <p>Қор экология мәселелеріне мән беріп отырады. Өндірісте экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қордың Стратегиясындағы міндеттерінің бірі болып табылады. Толығырақ ақпарат «Адами ресурстарды дамыту және қордың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.</p>
<p>56. Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстарды реттеу саясаты мен ережелерін ондай қақтығыстар Қор мен жалғыз акционердің мүддесіне барынша сай болып отыратындай түрде бекітіп және мерзімді түрде қайта қарап отырады.</p> <p>171. Қорда жалғыз акционердің өтініштерін тіркеу және корпоративтік қақтығыстарды тиімді реттеу жүйесі қабылданған.</p>	<p>Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстарды реттеу ережелерін бекітпеген.</p> <p>Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда тиісті органның уәкілеттігіне қарай жекедара түрде шешіліп отырады. 2012 жыл ішінде Қорда корпоративтік қақтығыстар жағдайлары орын алмады.</p>
<p>69. Корпоративтік басқарудың нақты құрылымдары, рәсімдері мен практикасы Қордың жарғысы мен ішкі құжаттармен, соның ішінде төмендегідей құжаттармен реттеліп отырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Директорлар кеңесі туралы; – Басқарма туралы; – Комитеттер туралы; – Корпоративтік хатшы туралы; – Ішкі бақылау жүйесі туралы; – Тәуекелдерді басқару туралы; – Ақпаратты жариялау туралы. 	<p>Ішінара орындалған</p> <p>Қорда ішкі бақылау жүйесі туралы ереже бекітілмеген.</p> <p>Ішкі бақылаудың жекелеген ережелері Қордың құжаттарымен реттелмеген. 2013 жылы Тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын бекіту жоспарлануда.</p> <p>Қорда Ақпаратты жариялау туралы ереже бекітілмеген.</p> <p>2013 жылы Ақпаратты Интернет-сайтта жариялау регламенті мен Ақпараттық қауіпсіздік саясатын бекіту жоспарлануда.</p>
<p>81. Директорлар кеңесі Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қажетіне қарай, алайда кемінде жылына бір рет қайта қарау рәсімін жүргізуді қамтамасыз етеді және оны жетілдіру бойынша ұсыныстарды зірлейді.</p> <p>203. Директорлар кеңесі, кемінде, жылына бір рет Қордың ішкі бақылау жүйесіне (аудит жөніндегі комитет пен ішкі аудит қызметімен бірге) баға беріп және жалғыз акционерге осындай баға беруді жүргізгені туралы есеп беріп отыруға міндетті. Мұндай баға беруде қаржылық және операциялық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесінің орындалуы мен оның тиімділігіне қатысты бақылау қамтылған.</p>	<p>Директорлар кеңесі ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін толығымен қайта қарауды жүргізбеген.</p> <p>Ішкі аудит қызметі Қордың ішкі бақылау жүйесінің (қаржылық, операциялық бақылаулар) жекелеген элементтерін/салаларын/компоненттерін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің жекелеген тәуекелдерін/салаларын қамтитын түрлі аудиторлық тексерулерді жүргізеді. Ішкі аудит қызметі Қордың ішкі бақылау жүйесіне 2013 жылдың алғашқы жартыжылдығында толықтай баға беруді жоспарлап отыр.</p>

Кодекстің ережесі	Мәртебесі
<p>83. Әрбір директор Директорлар кеңесінің және ол өзінің құрамына кіретін комитеттің барлық отырыстарына қатысып отыруға міндетті. Бұл нормадан директорлар кеңесі мен комитеттер туралы ережелерде көрсетілген айрықша жағдайларда ауытқуға жол беріледі.</p>	<p>Ішінара орындалған</p> <p>Отырыстарға қатысу туралы толығырақ ақпарат «Директорлар кеңесі» бөлімінде келтірілген.</p>
<p>90. Директорлар кеңесі жаңадан сайланған директорларға арнап олардың лауазымға толыққанды кірісуі үшін тиісті оқыту шараларын ұйымдастырып отырады, сондай-ақ Директорлардың Директорлар кеңесінің құрамында жұмыс істеуі үшін қажетті білімі мен дағдыларын мерзімді түрде жетілдіріп отырады.</p>	<p>Ішінара орындалған</p> <p>Қор Директорлар кеңесі мүшелерінің білімі мен дағдыларын жетілдіру бойынша жекелеген шаралар қабылдамаған.</p>
<p>115. Қор директорлардың сыйақы өлшемі туралы мәліметтерді заңнамаға сәйкес жариялайды. Есептік кезең бойынша директорларды сыйақылау өлшемдері туралы мәліметтер жалғыз жалғыз акционерге арнап әзірленген жылдық есеп беруде міндетті түрде жариялауға жатады.</p> <p>131. Қорда тәуелсіз директорларды сыйақылаудың ашық саясаты орын алуы тиіс. Тәуелсіз директорларды сыйақылаудың өлшемі олардың жұмысқа арнап бөлетін уақытына және директорлардың өз міндеттемелерін орындау сапасына сәйкес болып отыруы тиіс.</p>	<p>Жылдық есеп беруде тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу саясаты жарияланады. Қордың Директорлар кеңесінің қалған мүшелері сыйақы алмайды.</p>
<p>178. Қор ол өздерін жасасуға мүдделі болып отырған мәмілелерді жасаспауға тырысады. Мұндай мәмілелер жасалған жағдайда Қор оның үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жариялайды, Директорлар кеңесі Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарының олар өздерін жасасуға мүдделі болып отырған мәмілелерді жасасу тәртібін белгілейді.</p>	<p>Ішінара орындалған</p> <p>Қор оның топтарына кіретін ұйымдармен ол өздерін жасасуға мүдделі болып отырған мәмілелерді жасасуда.</p> <p>Мұндай практика Қордың меншік мүлкінің құрылымымен, еншілес ұйымдарының және сатып алынатын жұмыстардың, тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің ерекшелігімен түсіндіріледі. Мұндай мәмілелер заңнама нормаларымен және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін ұйымдардың арасында өздеріне арнап Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен Қордың Директорлар кеңесі бекіткен ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу ережелерімен реттеліп отырады. Бұл жағдайда Қор өзге тұлғалармен мұндай мәмілелерді жасаспауға тырысады.</p>
<p>181. Басқарма Қордың елеулі корпоративтік оқиғалар саласындағы келісілген саясатты әзірлеп және оны директорлар кеңесі бекіткеннен кейін ұстанып отырады, онда келесі мәселелерге ерекше көңіл бөлініп отырады:</p> <p>елеулі корпоративтік оқиғаларды іске асыру тетіктері мен рәсімдерін белгілеу;</p> <p>іске асырылып отырған елеулі корпоративтік оқиғаларды алдын ала келісу мен бағалау;</p> <p>елеулі корпоративтік оқиғаларға терең талдау жүргізіп және талқылау.</p>	<p>Директорлар кеңесі Қордың елеулі корпоративтік оқиғалар саласындағы саясаты бекітілмеген.</p> <p>Елеулі корпоративтік оқиғалар туындаған жағдайда бұл мәселелер Қор органдарының уәкілеттігі шеңберінде қарастырылады. Оған қоса, қор өзінің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында барынша жариялап отырады, бұл елеулі корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашып көрсетудің тиісін дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p>

3.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ТОП-МЕНЕДЖЕРЛЕРДІҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

2012 жылдың 31 желтоқсанына қатысты Директорлар кеңесінің құрамына 11 мүше кіреді, оның 3-уі тәуелсіз директор болып табылады.

Ахметов С. Н. – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Директорлар кеңесінің төрағасы;

Сұлтанов Б. Т. – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары;

Келімбетов Қ. Н. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;

Исекешев А. Ө. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі;

Жәмішев Б. Б. – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Досаев Е. А. – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі;

Мыңбаев С. М. – Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі;

Мирчев А. В. – тәуелсіз директор;

сэр Р. Эванс – тәуелсіз директор;

Молдажанова Г. Т. – тәуелсіз директор;

Шөкеев Ө. Е. – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы.

Қазақстан Республикасының Үкіметіндегі 2012 жылдың қазан айынан бері орын алып отырған кадрлық өзгерістерге байланысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Директорлар кеңесін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н. Ахметов басқарады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.02.2012 ж. № 194 және 04.10.2012 ж. № 1256 қаулыларына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Б. Т. Сұлтанов Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының Орынбасары ретінде, Қ.Н. Келімбетов – Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары ретінде қайта сайланды, Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда-саттық министрі Е. А. Досаев енгізілді, Директорлар кеңесінің құрамынан К. Қ. Мәсімов пен Б. Ө. Сағынтаев шығарылды.

Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің өмірбаяны

МӘСИМОВ Кәрім Қажымқанұлы



Директорлар кеңесінің төрағасы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (2012 жылдың қазанына дейін).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы етіп сайланған.

1965 жылы Целиноград қаласында туылған, ҚР азаматы.

Бейжіңдегі тіл институтын, Ухань университетінің Заң институтын, Қазақ мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған. «Халықаралық заңгер» және «экономист» мамандықтарына ие. Экономика ғылымдарының докторы. Ағылшын, қытай, араб тілдерін меңгерген.

Алғашқы еңбек жолын бас экономист, Еңбек министрлігі бөлімінің бастығы ретінде бастаған, артынша Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің Үрімші қ. (ҚХР) өкілдігінің аға маманы, Гонконгтағы Қазақстан сауда үйінің атқарушы директоры болып жұмыс істеген. Алматы сауда-қаржылық және Халықтық жинақтау банкілерінің басқарма төрағасы болған.

Көлік және коммуникациялар министрі етіп, Премьер-Министрдің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі етіп тағайындалған.

2006 жылдың қаңтар айынан бастап – вице-премьер, 2006 жылдың сәуірінен бастап – вице-премьер – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2007 жылдың қаңтарынан бастап – ҚР Премьер-Министрі.

2008 жылдың 17 қазаны мен 2012 жылдың 3 қазаны аралығы бойы – «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

АХМЕТОВ Серік Нығметұлы



Директорлар кеңесінің төрағасы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (2012 жылдың қазан айынан бері).

1958 жылдың 25 маусымында туылған, ҚР азаматы. 1985 жылы Қарағанды металлургиялық комбинатының жанындағы втуз-зауытын инженер-

металлург мамандығы бойынша, 1993 жылы – Ресей басқару академиясының аспирантурасын (Мәскеу) тәмамдаған. Экономика ғылымдарының докторы.

1976–1978 жылдары – әскери міндетін өтеу.

1978–1983 жылдары – Карметкомбинаттың металл жонушысы.

1983–1985 жылдары – комбинаттың комсомол комитетінің хатшысы.

1985 жылы – ЛКМСК Теміртау қалалық комитетінің бірінші хатшысы.

1986–1989 жылдары – Қарағанды облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы.

1989 жылы – Қарағанды облыстық партия комитетінің жауапты ұйымдастырушысы.

1990–1993 жылдары – Ресейдің басқару академиясының аспиранты.

1993 жылы – маркетинг бюросының бастығы, Карметкомбинаттың СЭБ (Сыртқы экономикалық байланыстар) бөлімінің бастығы.

1994 жылы – «Фуау» бірлескен кәсіпорнының басшысы.

1995 жылы – «Кең дала» Қазақстан агроөнеркәсіп биржасының бас директоры.

1996 жылы – қайта құрылған «Кең дала» Орталық-Қазақстан тауар биржасының президенті.

1998–2001 жылдары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы.

2001–2003 жылдары – Теміртау қаласының әкімі.

2003–2004 жылдары – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары.

2004–2005 жылдары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау жұмысы мен кадр саясаты басқармасының Мемлекеттік инспекциясының меңгерушісі.

2005–2006 жылдары – «Атамекен» Қазақстан Жалпы ұлттық кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағының атқа-

рушы директоры, кейіннен Басқарма төрағасы.

2006–2009 жылдары – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрі.

2009 жылы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

2009–2012 жылдары – Қарағанды облысының әкімі.

2012 жылдың қаңтар-қыркүйегі – ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары.

2012 жылдың 24 қыркүйегінен бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 4 қазанындағы № 1256 Қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайланды.

ИСЕКЕШЕВ Әсет Өрентайұлы



Англия, Германиядағы экономика және қаржы жөніндегі бірқатар арнайы бағдарламаларды тәмамдаған.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау мен реформалар жөніндегі агенттігінде, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде жұмыс істеген. 2002 жылдан бастап 2003 жылға дейін – Қазақстан Республикасы экономика мен бюджеттік жоспарлау министрінің кеңесшісі.

2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1971 жылы Қарағанды облысында туылған, ҚР азаматы.

Әл-Фараби ат. Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін (1994 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару мектебін (қазіргі – ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы) тәмамдады. Сонымен қатар Оңтүстік Кореядағы,

2003 жылдан бастап 2006 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда вице-министрі.

2006 жылдан бастап 2007 жылға дейін – «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2007 жылдан бастап 2008 жылға дейін – «Credit Swiss» банкіндегі (Қазақстан) қаржылық аспаптар жөніндегі директор.

2008 жылдан бастап 2009 жылдың мамыр айына дейін – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.

2009 жылдың мамыр айынан бастап – Қазақстан Республикасының индустрия және сауда министрі.

2010 жылдың наурыз айынан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі.

ҚР Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі ретінде сайланған.

ҚР Үкіметінің 2009 жылдың 27 мамырындағы № 785 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі ретінде қайта сайланған.

ҚР Үкіметінің 2010 жылдың 15 наурызындағы № 201 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы индустрия мен жаңа технологиялар министрі ретінде қайта сайланған.

ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 2 ақпанындағы №194 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР индустрия мен жаңа технологиялар министрі ретінде қайта сайланған. 2012 жылдың 4 қарашасынан бастап Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі.

СҰЛТАНОВ Бақыт Тұрлыханұлы



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1971 жылдың 29 қарашасында Алматы қ. туылған, ҚР азаматы.

1994 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетін, «Автоматика және басқару жүйесі»

факультетін, «инженер-электрик» мамандығы бойынша, 1995 жылы – Қазақ мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған. Алғашқы еңбек жолын 1994 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде мемлекеттік қызметтен бастады.

2004–2006 жылдары – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі.

2006–2007 жылдары – Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің төрағасы.

2007 ж. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі.

2007 жылдың тамызы – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2007 жылдың тамыз айынан бастап 2010 жылға дейін – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2010 жылдың наурыз айынан бастап – ҚР Президентінің көмекшісі.

2007 жылдың қазан айынан бастап 2008 жылдың қазан айына дейін – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚР Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрі ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2010 жылдың 15 наурызындағы № 201 Қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі ретінде қайта сайланған.

ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 2 ақпанындағы № 194 Қаулысымен Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары ретінде қайта сайланған.

МЫҢБАЕВ Сауат Мұхаметбайұлы



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1962 жылдың 19 қарашасында Талдықорған облысының Үшарал ауылында туылған, ҚР азаматы.

1985 жылы М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдады, экономист-кибернетик.

1988 жылы М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын тәмамдады. Экономика ғылымдарының кандидаты.

1990 ж. – Алматы халық шаруашылығы институтының халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының доцентінің м.а., оқытушы.

1990 ж. – ҚазКСР ФКСНТР Ғылыми-кеңес беру орталығы директорының орынбасары.

1991 ж. – «Қазақстан» республикалық құрылыс биржасының президенті.

1992 ж. – «Қазкоммерцбанк» акционерлік банк Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары.

1995 ж. – ҚР қаржы министрінің орынбасары.

1995 ж. – қаржы министрінің орынбасары – ҚР Қаржы министрлігінің жанындағы Қазыналықтың басшысы.

1997 ж. – ҚР қаржы министрінің бірінші орынбасары, министрдің орынбасары (вице-министр), бірінші вице-Министр.

1998 ж. – ҚР қаржы министрі.

1999 ж. – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары.

1999 ж. – ҚР ауыл шаруашылығы министрі.

2001 ж. – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ президенті.

2002 ж. – «Каспий өнеркәсіп-қаржылық тобы» ЖШС бас директоры.

2003 ж. – Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары.

2004 ж. – Премьер-министрдің орынбасары – Қазақстан

Республикасының индустрия және сауда министрі.

2006 жылдың қаңтарынан бастап 2007 жылдың тамызына дейін – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ Басқарма төрағасы.

2007 жылдың 27 тамызынан бастап – ҚР энергетика және минералды ресурстар министрі.

2010 жылдың наурыз айынан бастап – ҚР мұнай және газ министрі.

2007 жылдың қазан айынан бастап 2008 жылдың қазанына дейін – «Самұрық» мем-

лекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚР Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 Қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР энергетика

және минералды ресурстар министрі ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2010 жылдың 15 наурызындағы № 201 Қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрі ретінде қайта сайланды.

ЖӘМІШЕВ Болат Бидахметұлы



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1957 жылы туылған, ҚР азаматы. 1981 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтын тәмамдады, экономист, Экономика ғылымдарының кандидаты (1990 ж.).

Еңбек жолын 1981 жылы бастады. Әртүрлі жылдары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінде,

Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу агенттігінде жұмыс істеді, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, қаржы, ішкі істер вице-министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық банк төрағасының орынбасары болды.

2007 жылдың 14 қарашасынан бастап – Қазақстан Республикасының қаржы министрі.

2008 жылдың сәуір және қазан айлары арылығында – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі

қазақстандық холдинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2008 жылдың наурыз және қазан айлары аралығында – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының қаржы министрі ретінде сайланды.

КЕЛІМБЕТОВ Қайрат Нематұлы



1969 жылы туылған, ҚР азаматы. М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университетін, Қазақ мемлекеттік басқару академиясының жанындағы Нарық институтын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқарудың ұлттық жоғары мектебін тәмамдады.

1997 жылы Стратегиялық жоспарлау агенттігінің аппаратында жұмыс істеді, онда үлкен топтың құрамында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2030» стратегиясы деген атаумен белгілі Жолдауын әзірлеуге қатысты, кейінірек Агенттікті басқарды.

Әртүрлі жылдары Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі болып жұмыс істеді.

2002–2006 жылдар – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2006–2008 жылдар – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Басқарма төрағасының лауазымын атқарды.

2008 жылғы қаңтар-қазан – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы.

2008 жылдың қазан айынан бастап «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы.

2011 жылдың сәуір айынан бастап – Қазақстан Республикасының экономикалық даму және сауда министрі.

Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

2012 жылдың 20 қаңтарынан бастап – Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары етіп сайланған.

2012 жылдың 20 қаңтарынан бастап – Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары етіп сайланған.

ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 2 ақпанындағы № 194 Қаулысымен Келімбетов Қайрат Немәтұлы «Самұрық-Қазына» АҚ

Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары ретінде қайта сайланды.

САҒЫНТАЕВ Бақытжан Әбдірұлы



тік университетін тәмамдаған, Экономика ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын Алматы халық шаруашылық институтының политекономия кафедрасының оқытушысы ретінде бастады.

1988–1992 жылдар аралығында С. М. Киров ат. Қазақ мемлекеттік университетінде жұмыс істеді, әлеуметтану кафедрасының ассистентінен бастап доценті дәрежесіне еңбек жолын өтті.

1992–1998 жылдар аралығында кәсіпкерлік қызметпен айналысты.

1998 жылы Жамбыл облысы әкімінің орынбасары етіп сайланды.

2012 жылдың 2 ақпанынан бастап 4 қазанына дейін Директорлар кеңесінің мүшесі.

1963 жылдың 13 қазанында Жамбыл облысы Талас ауданының Ұшарал ауылында туылған, ҚР азаматы. С. М. Киров ат. Қазақ мемлекет-

1999–2002 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті қолдау агенттігі төрағасының орынбасары, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» ЖАҚ Басқарма Төрағасы, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігі төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарды.

2002–2004 жылдар аралығында Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

2004–2007 жылдар аралығында – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы.

2007–2008 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Канцеляриясының басшысы болып жұмыс істеді.

2008 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Павлодар облысының әкімі етіп сайланды.

2012 жылдың 20 қаңтарында Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда-саттық министрі етіп сайланды.

2012 жылдың қыркүйек айынан бастап «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары.

ДОСАЕВ Ерболат Асқарбекұлы



Алматы энергетика институтын, Бауман ат. Мәскеу мемлекеттік техникалық университетін тәмамдады.

1997 жылы – «Банк Тұран-Әлем» ЖАҚ Басқарма төрағасының орынбасары, «АТФ Банк» ЖАҚ Басқарма төрағасы.

1998 жылы – Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі.

1998 жылы – Қазақстан Республикасы энергетика, индустрия және сауда вице-министрі.

2000 жылы – Қазақстан Республикасының вице-қаржы министрі.

2012 жылдың 4 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1970 жылдың 21 мамырында Алматы қаласында туылды, ҚР азаматы.

2001 жылы – Қазақстанның даму банкі Директорлар кеңесінің төрағасы.

2001–2003 жылдары – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігінің төрағасы.

2003–2004 жылдары – Қазақстан Республикасының қаржы министрі; Қазақстандағы Еуропаның Қайта құру және Даму банкінің (ЕҚДБ) басқарушысы; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқарма мүшесі.

2004–2006 жылдары – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрі.

2006–2012 жылдары – «Каз-ИнвестБанк» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2012 жылдың 25 қыркүйегінен бастап – Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда министрі.

Сэр Ричард ЭВАНС



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

1942 жылы Блэкпул қ.(Англия) туылған, Ұлыбританияның азаматы.

1960 жылы Корольдік масондық мектебін (Хартфордшир, Лондон) тәмамдады. Еңбек жолын 1960 жылы Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінің Көлік және технологиялар министрлігінің келісімшарттар бөлімінде бастады. Кейінірек «Ferranti Ltd» компаниясының мемлекеттік келісімшарттар бөлімінде жұмыс істеді, «British Aircraft Corporation» (BAC) компаниясы әскери

авиация бөлімінің коммерциялық менеджері, «British Aerospace plc.» компаниясының коммерциялық директоры, басқарушы директорының көмекшісі, «British Aerospace plc.» компаниясының авиациялық тобының басқарушы директорының орынбасары және директоры, маркетинг жөніндегі директоры, «British Aerospace Defence Company» компаниясының төрағасы, «British Aerospace plc.» компаниясының атқарушы директоры, «BAE Systems» компаниясының төрағасы болып қызмет етті, «United Utilities

plc.» компаниясын басқарды; Ланкашир Орталық университетінің ректоры болған.

2006 және 2008 жж. аралығында – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланған.

МИРЧЕВ Александр Васильевич



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

1957 жылдың 28 сәуірінде София қ. (Болгария) туылған, АҚШ азаматы. Заң ғылымдарының магистры, Джордж Вашингтон Университетінің

Ұлттық заң орталығы, Вашингтон қ., АҚШ. Ғылым докторы, қасиетті Климент Охридский Университеті, София қ., Болгария.

Лондондағы экономика және саяси ғылымдар мектебінде, Вашингтондағы әлемдік саясат институтында, Бостон университеті мен Гарвардтық бизнес мектебінде дәреже алып және маманданды. Президент В. Вилсон ат. Халықаралық зерттеу орталығының жанындағы ҚХР мен АҚШ арасындағы қатынастар мәселелері жөніндегі Киссинджер Институтының Қамқоршылар кеңесінің мүшесі (АҚШ).

АҚШ азаматы. Экономикалық өсу және жаңғырту саласындағы ғаламдық стратегиялық

шешімдерді ұсынатын «Крулл-корпорейшн» компаниясының (Вашингтон қ., АҚШ) Президенті.

Болгарияның Ғылым академиясы мен Парламентінің жанындағы Академиялық кеңестің мүшесі және Ұлттық орталықтың аға ғылыми қызметкері, Софиялық университеттің дәріс оқушысы, Ресей ғылым академиясының жанындағы Еуропа институтының жетекші халықаралық сарапшысы болған, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының шынайы мүшесі және Украина Сыртқы сауда-саттық пен қаржы университетінің құрметті ғылым докторы болып табылады.

Төрт монография мен көптеген мақалалардың авторы,

академиялық және кәсіби журналдардың редакторы және баспагері болған.

2007 жылдан бері – ҚР Премьер-министрінің аға экономикалық кеңесшісі.

2007 жылдан бастап 2008 жылдың қазанына дейін – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы – тәуелсіз директоры.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Тәуелсіз директор ретінде сайланды.

МОЛДАЖАНОВА Гүлжан Талапқызы



2009 жылдың 27 мамырынан бастап Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

1966 жылы туылған, РФ азаматшасы. 1989 жылы Алматы қ. Қазақ мемлекеттік университетін үздік тәмамдады, 1994 жылы – ММУ аспирантурасын бітірді. Физика-математика ғылымдарының кандидаты. 1998 жылы РФ Үкіметінің жанындағы Қаржы академиясын «Әлемдік экономика» мамандығы бойынша (үздік диплом), 2001 жылы – РФ Үкіметінің жанындағы Антверпен университеті мен Бизнес және іскерлік әкімгерлеу институтының бизнес мектебін (Executive MBA, үздік диплом) тәмамдады, 2008 жылы Ұлыбританияның Тәуелсіз директорлар институтының (Institute of Directors,

Great Britain) Тәуелсіз директор сертификатын алды.

Әртүрлі жылдары «Сибирский алюминий» тобының Алюминий дивизионының қаржы менеджері, директорының орынбасары, «Сибирский алюминий» біріккен компаниясының (САБК) (Ресей) директорының орынбасары болып қызмет етті. Кейінірек «Русский алюминий» («РУСАЛ») компаниясының сату және маркетинг жөніндегі директоры, стратегия және корпоративтік даму жөніндегі директоры, басқарма мүшесі, «Базовый Элемент» компаниясы» ЖШҚ («Базэл»), Ресей, алюминий бизнесі

жөніндегі басқарушы директоры, бас директоры лауазымдарын атқарды.

2009 жылдың қазан айынан бастап – ECH Корпорациясының бас директоры.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 27 мамырындағы № 785 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

2012 жылдың 23 шілдесінен бастап «Базовый Элемент» компаниясы» ЖШҚ Бас директоры.

ШӨКЕЕВ Өмірзақ Естайұлы



Басқарма төрағасы, 2011 жылдың 26 желтоқсанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1964 жылдың 12 наурызында Түркістан қ. туылған, ҚР азаматы.

1986 жылы Мәскеу экономика-статистикалық институтын тәмамдады. Экономист-математик, Экономика ғылымдарының докторы.

1986–1988 жылдары – ҚазКСР Мемлжоспар жанындағы АЖБЖ ҒЗИ кіші ғылыми қызметкері. 1988–1991 жылдаы – МЭСАИ аспиранты.

1991–1992 жылдары – АЖБЖ ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері.

1992–1993 жылдары – ҚР Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңесінің кеңес берушісі.

1993 ж. – ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің қаржы және еңбек бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

1993–1995 жылдары. – Оңтүстік-Қазақстан облысы әкімі әкімшілігі басшысының орынбасары.

1995 ж. қараша – 1997 ж. наурыз – ҚР экономика министрі. 1997 ж. наурыз-қазан – ҚР экономика және сауда министрі.

1997 ж. шілде-қазан – ҚР Премьер-министрінің орынбасары (макрэкономика, өнеркәсіптің жедел іс-әрекеттілігі, сауда-саттық, көлік, энергетика, ғылым, ТМД елдерімен

қатынастар мәселелеріне жетекшілік жүргізіп отырды).

1997 ж. қазан – 1998 ж. сәуір – «Банк ТұранӘлем» ЖАҚ (БТА Банк) Басқарма төрағасы.

1998 ж. сәуір-тамыз – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары.

1998 ж. тамыз – 2004 ж. наурыз – Қостанай облысының әкімі.

1997 ж. ақпан-қараша – ҚР Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мүшесі.

1997 ж. қараша – 1998 ж. тамыз – ҚР Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңесінің мүшесі.

1997 ж. наурыз-желтоқсан – «Казахойл» ҰМК» ЖАҚ Бақылау кеңесінің төрағасы.

2004 ж. наурыз – Астана қ. әкімі.

2006 жылдың қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі етіп сайланды.

2007 жылдың тамызында – Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары.

2009 жылдың 3 наурызында Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары етіп сайланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 11 сәуіріндегі Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары етіп қайта сайланды.

2011 жылдың 26 желтоқсанында «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы етіп сайланды.

3.3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы отырыстарына қатысуы

Тарм. №	Аты-жөні, лауазымы	Қатысу үлесі (%)
1	Мәсімов К. Қ. – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (№ 75 ДК – № 84 ДК)	100
2	Ахметов С. Н. – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (№ 85 ДК – № 86 ДК)	100
3	Сұлтанов Б. Т. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары	75
4	Келімбетов Қ. Н. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары	83
5	Исекешев Ә. Ә. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі	75
6	Жәмішев Б. Б. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі	100
7	Мыңбаев С. М. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі	92
8	Сағынтаев Б. Ә. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі (№ 75 ДК – № 84 ДК)	100
9	Досаев Е. А. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі (№ 85 ДК – № 86 ДК)	100
10	Сэр Р. Эванс – тәуелсіз директор	100
11	Мирчев А. В. – тәуелсіз директор	83
12	Молдажанова Г. Т. – тәуелсіз директор	67
13	Шөкеев Ә. Е. – Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы	100

2012 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 12 отырысы (соның ішінде 8 күндізгі және 4 сырттай отырыс) (75 отырыстан бастап 86 отырысқа дейін) өткізілген, оның шеңберінде 128 мәселе қаралған.

Директорлар кеңесінің 2012 жылы қарастырған негізгі мәселелері

2012 жылдың ақпан айында «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңының қабылдануына байланысты Директорлар кеңесі Қордың Жарғысының, Директорлар кеңесі туралы ереженің, Корпоративтік басқару кодексінің, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2011–2015 жылдарға арналған Даму жоспарының жаңа редакциясын, сондай-ақ Қордың негізгі қызметі бойынша бірқатар нормативтік құжаттарды келісіп және бекіткен болатын.

Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын келісіп және оны Жалғыз акционердің қарастыруына арнап ұсынды, ол артынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 14 қыркүйе-

гіндегі № 1202 Қаулысымен бекітілген болатын. Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Даму стратегиясын елдің стратегиялық құжаттарын, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген макроэкономикалық көрсеткіштердің параметрлерін, және Еншілес ұйымдардың тиісті жоспарланып отырған кезеңдегі даму жоспарларын ескере отырып, іске асыру мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ даму жоспарын әзірлеу, бекіту, мониторинг жүргізу, баға беру, іске асыру, оның орындалуы бойынша есеп берулерді ұсыну ережелерін бекітті.

Директорлар кеңесімен тоқсан сайынғы негізде «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің есеп берулері, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ең ірі еншілес ұйымдарының тәуекелдері бойынша есеп берулер, қызметінің нәтижелері және 2012 жылға арналған жоспардың күтілетін орындалуы туралы есеп берулері қарастырылды.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесімен «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңын орындау мақсатында, «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығындағы бюджеттік жоспарлау процесінің тиімділігін арттыру үшін, сондай-ақ жедел шешім қабылдау үшін оның жылдық бюджетін әзірлеу, бекіту, орындау және мониторинг жүргізу ережелері бекітілді.

Оған қоса, Директорлар кеңесі төмендегілерді бекітті:

- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жаңадан редакцияланған Ішкі несиелік саясаты;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның контрагент-банкiлерге баланстық және баланстан тысқары мiндеттемелер бойынша лимиттердi тағайындау ережелерiнiң жаңа редакциясы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның борышты және қаржылық тұрақтылығын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында оның борышты және қаржылық тұрақтылығын басқару саясаты;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ға займдар, несиелер, қаржылай көмек және кепiлдiктер ұсыну кезiндегi кепiлдiк қамсыздандыру затына баға беру, қабылдау және мониторинг жүргізу процестерінің негiзгi параметрлерiн ашып көрсететiн кепiлдiк саясат;
- корпоративтік контрагенттер бойынша несиелік тәуекелдi басқару жүйесiн жетiлдiру, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік контрагенттерi бойынша несиелік тәуекелдi басқару ережелерi;
- «Самұрық-Қазына» АҚ мен өздерінің дауыс беруші акциялары (қатысу үлесі) толығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі болып келетін заңды тұлғалардың ақшасын басқару бойынша бiрыңғай саясат.

Директорлар кеңесінің шешімімен Жалғыз акционердің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға қатысты Дивиденділік саясаты келісіліп, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік есептік саясаты жаңа редакциясында және «Самұрық-Қазына» АҚ мен оның тобына кіретін ұйымдардың демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясаты бекітілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің нәтижелеріне баға беру және басқарушы қызметкерлерді олардың «Самұрық-Қазына» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі үшін сыйақылауға арнап объективті негіздемелер жасау мақсатында Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012 жылғы нақты көрсеткіштерімен бірге басшы қызметкерлердің қызметінің басты көрсеткіштер карталарын бекітті.

Директорлар кеңесінің 2012 жылдағы қызметінің басты бағыттарының бірі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар қоржынын құнды қағаздар нарығына шығару бағдарламасын («Халықтық IPO») іске асыру болды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылдың 29 қазанындағы № 85 күндізгі отырысында Бағдарлама бойынша қор нарығына шығып отырған тұңғыш компания «ҚазТранс-Ойл» АҚ-ның қарапайым акцияларын жайғастырудың бағасы, саны мен құрылымы туралы мәселелер қаралды.

Директорлар кеңесі отырысының қорытындысы бойынша, кеңес беруші UBS халықаралық компаниясы мен «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-ның ұсыныстарын ескере отырып, «ҚазТранс-Ойл» АҚ-ның бір қарапайым акциясының құны 725 теңге деп белгіленді. Жайғастырылып отырған акциялардың саны 10% минус компанияның жарияланған қарапайым акцияларының жалпы санындағы 1 акция деңгейінде келісілді, бұл 38 463 559 қарапайым акцияны құрайды.

Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-дағы Корпоративтік басқаруға баға беру тәртібін бекітті, ол «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС консалтингтік компаниясымен (бұдан әрі – КПМГ) бірлескен түрде әзірленген «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларындағы Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне негізделе отырып әзірленген болатын.

КПМГ-ның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін әлемдік практикаға сәйкес етіп келтіру жөніндегі ұсыныстарын орындау мақсатында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау мақсатында Директорлар кеңесі Тәуекелдерді басқару саясатына, Тәуекелдерді сәйкестендіру мен оларға баға беру ережелеріне, «Самұрық-Қазына» АҚ операциялық тәуекелдеріне баға беру мен басқару ережелеріне арналған өзгертулер мен толықтыруларды бекітті.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Индустриялық-инновациялық саясаты бекітілді, ол «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Компаниялар) тобындағы компаниялардың инновациялық қызметін реттеп, және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Компаниялармен инновациялар саласында өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді.

2012 жылғы қорытынды отырысында Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Ішкі аудит қызметі жайлы есепбін қарап, 2013 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспарын, «Самұрық-Қазына» АҚ жылдық бюджетін, «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдер тізілімі мен картасын, «Самұрық-Қазына» АҚ сынды тәуекелдерін басқару шараларының жоспарын бекітті, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның шегеріп қалу қабілетінің тәуекелі мен өлшеміне қатысты төбетін анықтау бойынша ұсыныстар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспары әзірленді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің Комитеті	Құрылған күні	2012 жылы өткізілген отырыстар саны
Аудит жөніндегі комитет	13.12.2008 ж.	10 (2 күндігі және 8 сырттай)
Тағайындаулар мен сыйақылау жөніндегі комитет	15.01.2010 ж.	3 күндігі
Мониторинг, бақылау және талдау комитеті	27.04.2009 ж.	Отырыстар өткізілмеді
Мамандандырылған Комитет	26.05.2012 ж.	Отырыстар өткізілмеді

Аудит жөніндегі комитет Қордың қаржылық есептілігінің, ішкі бақылау жөніндегі саясатының және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және есеп берудің тиімділігіне талдау жасау үшін жауапты. Ол сонымен қатар Қордың жекелеген және біріктірілген қаржылық есептіліктерінің біртұтастығын қадағалап, сыртқы аудиторлармен байланысты, соның ішінде олар жүзеге асыратын аудиторлық емес қызметтердің көлемі, деңгейі мен құны бойынша бақылап отырады, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің рөлін және оның жұмысының тиімділігін бақылап отырады.

2012 жылы Аудит жөніндегі комитет 2011 жылы өткізілген 12 отырыс, соның ішінде 4 күндігі отырыспен салыстырғанда барлығы 10 отырыс, соның ішінде 2 күндігі отырыс өткізді.

Бір жыл бойы Аудит жөніндегі комитет бірқатар ішкі аудит мәселелерін қарастырып, сондай-ақ 14 аудиторлық есепті, соның ішінде төмендегілерге қатысты жүргізілген тексерулер бойынша есептерді қарады:

- қаржылық тәуекелдерді басқару (мысалы, өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел, пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел);
- Қордың әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінің қызметі;
- Қор қызметкерлерін ынталандыру жүйелері;
- қаржылық есептілікті әзірлеу мен біріктірудің автоматтандырылған процесі.

Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы аталмыш комитеттің уәкілеттігіне жататын мәселелер бойынша Аудит жөніндегі комитеттің отырыстары шеңберінен тыс түрде қосымша 3 күндігі отырысты өткізген болатын. Осы 3 отырыстың екеуі сыртқы аудиторлардың жұмысының нәтижесін талқылау және олардың тәуелсіздігі туралы растама алу мақсатында солардың қатысуымен өткізілді. Сондай-ақ Аудит жөніндегі комитеті мен Аудит жөніндегі комитетінің төрағасының сыртқы аудиторлармен отырыстарында сыртқы аудиторлардың Қордың тобы бойынша анықтаған елеулі кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларына қатысты мәселелер талқыланды.

Аудит жөніндегі комитеті мен Аудит жөніндегі комитетінің төрағасының отырыстарында Қор басшылығы Қор тобына арнап Сыртқы аудиторды таңдау тәртібіне, Сыртқы аудиторды таңдау бойынша Бірыңғай комиссияның құрамына және байқауға қатысушыларды шектеуге қатысты мәселелерді талқылады.

Сондай-ақ, бір жыл бойы Аудит жөніндегі комитет бірнеше рет Тәуекелдерді басқару жүйесінің құжаттарын қарастырып және Қор Басшылығына Тәуекелдерді басқару жүйесі құжаттарының мазмұнын жақсартуға қатысты бірқатар ұсыныстарды жолдаған болатын.

Тағайындаулар мен сыйақылау жөніндегі комитеті 2012 жылы 3 күндігі отырыс өткізді.

Барлығы «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы басшы қызметкерлерді ұзақ мерзімді ынталандыруға, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз баға беруге, Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелерінің 2012 жылғы лауазымдық еңбекақыларын, еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын белгілеуге 2012 жыл, Қордың басшы қызметкерлері қызметінің басты көрсеткіштеріне және т.б. қатысты 9 мәселе қаралған.

Мониторинг, бақылау және талдау комитеті мен Мамандандырылған Комитет бойынша 2012 жылы отырыстар өткізілмеді.

Мамандандырылған комитет 2012 жылы Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 1 ақпанындағы «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңын іске асыру мақсатында құрылған болатын. Аталмыш Комитеттің қызметі шеңберінде Қордың тобына кіретін ұйымдардың қызметінің экономикаға не экономиканың жеке саласына тигізетін әсеріне кешенді және объективті талдау жүргізілетін болады. Мамандандырылған комитеттің төрағасы етіп Қаржы министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі Б. Б. Жәмішев сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2012 жылы Комитеттердің отырыстарына қатысуы

Тарм. №	Комитеттің атауы, Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Қатысуы (%)
	АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ (2012 ЖЫЛЫ 10 ОТЫРЫС: 2 КҮНДІЗГІ ЖӘНЕ 8 СЫРТТАЙ)	
1	Сэр Р. Эванс – тәуелсіз директор	100
2	Миртчев А. В. – тәуелсіз директор	90
3	Молдажанова Г. Т. – тәуелсіз директор	90
	ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ (2012 ЖЫЛЫ 3 КҮНДІЗГІ ОТЫРЫС)	
1	Мәсімов К. Қ. – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (2012 жылдың қазанына дейін)	100
2	Ахметов С. Н. – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (2012 жылдың қазанынан бастап)	
3	Сэр Р. Эванс – тәуелсіз директор	100
4	Миртчев А. В. – тәуелсіз директор	67
5	Молдажанова Г. Т. – тәуелсіз директор	33
	МОНИТОРИНГ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ КОМИТЕТІ (2012 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАР ӨТКІЗІЛМЕДІ)	
	МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КОМИТЕТ 2012 ЖЫЛДЫҢ 26 МАМЫРЫНДА ҚҰРЫЛҒАН, ДК № 80 ХАТТАМАСЫ (2012 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАР ӨТКІЗІЛМЕДІ)	

ҚОР БАСҚАРМАСЫ

Қор Басқармасы мүшелерінің құрамы мен өмірбаяны

ШӨКЕЕВ Өмірзақ Естайұлы



2011 жылдың 26 желтоқсанынан бастап Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның қызметіне жалпы жетекшілік жүргізеді, заңнамамен, Қордың Жарғысымен, сондай-ақ Қордың ішкі актілерімен белгіленген функцияларды атқарады.

2003–2004 жылдары – «Ұлттық Инновациялық қор» АҚ басқарушы директоры, басқарма мүшесі.

2004–2005 жылдары – Басқарма төрағасының орынбасары, «Маркетингілік және аналитикалық зерттеулер орталығы» АҚ басқарма мүшесі.

2005 жылы – «Ордабасы» Корпорациясы» АҚ вице-президенті, «Интеркомшина» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2005–2006 жылдары – ҚР экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің кеңесшісі, ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі.

2006–2007 жылдары – ҚР Индустрия және сауда министрлігінің жанындағы «Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ президенті.

2007 жылы – ҚР Индустрия және сауда вице-министрі.

2008 жылы – ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі.

2008–2009 жылдары – «Арна Медиа» ұлттық ақпараттық холдингі» АҚ Басқарма төрағасы.

2009–2010 жылдары – ҚР Президентінің көмекшісі.

2010–2011 жылдары – Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда вице-министрі.

2011 жылдың мамырынан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

Қордың ұзақ мерзімді даму стратегиясын, Қордың инвестициялық қызмет саласындағы, сатып алулардағы қазақстандық үлесті дамыту қызметі саласындағы, арнайы салалық бағдарламаларды іске асыру саясатын жүргізуді белгілеп және үйлесімдеп отырады, сондай-ақ Қордың ақпараттық-талдаумен сүйемелдеуді қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

«Қазпочта» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің және «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы болып табылады. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің және «СҚ-Фармация» бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады.

БИШІМБАЕВ Қуандық Уәлиханұлы



Басқарма төрағасының орынбасары (2011 жылдың мамырынан бастап).

1980 жылдың 11 сәуірінде Қызылорда қ. дүниеге келген, ҚР азаматы.

1999 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын және 2001 ж. М.Дулати ат. Тараз мемлекеттік университетін тәмамдады. 2001 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Дж. Вашингтон ат. Университетінің (АҚШ) бизнес-әкімгерлеу магистрі дәрежесін алды.

Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 2001 жылы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-да бас менеджер ретінде бастады.

2002–2003 жылдары – Бюджеттік саясат және жоспарлау департаменті функционалды талдау бөлімінің бастығы, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Стратегиялық жоспарлау және инвестициялық саясат департаменті Инвестициялық жоспарлау мен талдау басқармасы бастығының орынбасары.

БАХМУТОВА Елена Леонидовна



Басқарма төрағасының орынбасары (2012 жылдың қаңтарынан бастап).

1962 жылдың 27 ақпанында Ростов-на-Дону қ. туылған, ҚР азаматшасы. Алматы халық шаруашылық институтының түлегі.

Еңбек жолын 1983 жылы бастап және 1993 жылға дейін нақты экономика секторы кәсіпорындарында түрлі лауазымдарда қызмет етті.

1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің орталық аппаратында жұмыс істеді, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Бюджеттік департаментін басқарды. 2001 ж. сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Вице-министрі болып жұмыс істеді.

2002 ж. тамыз айынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зейнетақы жинақтау қорларының қызметін реттеу департаментінің директоры болып қызмет етті.

2002 ж. қыркүйек айынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық қадағалау департаментінің директоры болды.

2004 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары болды.

2008 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу агенттігі төрағасының етіп сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшысының орынбасары етіп тағайындалған сәтке дейін БТА, Альянс және Темірбанк банкілеріндегі акциялардың мемлекеттік қоржындарын басқарған Қордың еншілес компаниясын басқарды.

Қордың оның қаржылық активтерінің, қаржылық стратегияны іске асырудың тиімділігін арттыру, Қор мен Компаниялардың қаржылай ресурстарын тиімді басқару мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Қордың есептік саясатын, қарыз алу саясатын, сондай-ақ дивиденділік саясатын әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастырады.

Қор мен Компаниялардың қаржылық ұйымдармен, қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен өзара әрекеттесуін ұйымдастырады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

СӘРСЕНБАЕВ Талғат Есенәліұлы



Басқарушы директор – басқарма мүшесі (2012 жылдың мамырынан бастап), ҚР азаматы.

Білім жоғары. КСРО ИИМ Қарағанды жоғары мектебін тәмамдаған. Заң ғылымдарының докторы, профессор.

Тергеу бөлімшелерінде, ҚР ИИМ Б.Бейсенов ат. Қарағанды заң институтында, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде, Бас Прокурордың

айрықша тапсырмалар бойынша көмекшісі, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Парламент Сенаты Аппаратының басшысы болып қызмет етті.

Қордың құқықтық қамту, сонымен қатар өздерін әзірлеу міндеті Қорға жүктелген не соның қатысуымен әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Қордың Басқарма Төрағасының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Парламентімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесімен, орталық мемлекет органдарымен, өзге органдар мен ұйымдармен өз уәкілеттігіне жататын мәселелер бойынша, соның ішінде Қор әзірлеген не оның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді келісу, қарастыру және қабылдау мәселелері бойынша өзара әрекеттесуді ұйымдастырады.

РАХМЕТОВ Нұрлан Құсайынұлы



Басқарушы директор – басқарма мүшесі (2011 жылдың мамырынан бастап).

1965 жылдың 24 қыркүйегінде Батыс-Қазақстан облысында туылған, ҚР азаматы.

1987 жылы М. В. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдаған. Физика-математика ғылымдарының кандидаты.

1990–1991 жылдары – ҚазКСР ҒА Математика және механика институтының кіші ғылыми қызметкері.

1991–1996 жылдары – Абай ат. Алматы мемлекеттік университетінің математикалық талдау кафедрасының аға оқытушысы.

1997–1998 жылдары – «ВУТҮА» компаниясының экономисті, жоспарлау-қаржы бөлімінің бастығы, қаржы директоры.

1998 жылы – «Қазақстан темір жолы» РМК Бас директорының орынбасары.

1998–2001 жылдары – ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Талдау мен болжамдау департаментінің директоры.

2001–2002 жылдары – ҚР мемлекеттік кіріс вице-министрі.

2002–2003 жылдары – ҚР қаржы вице-министрі.

2003–2004 жылдары – «ҚазТрансГаз» АҚ және «Intergas Central Asia» АҚ бас директорының орынбасары.

2004–2006 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Экономика және Қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

2006–2008 жылдары – ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы.

2008 жылдың қарашасынан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры.

2011 жылдың мамыр айы – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі етіп сайланды.

Қордың Қор мен Компаниялардың даму жоспарларын орындауды және орындалуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ Қор активтерінің құрылымын оңтайландыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Қордың Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес бухгалтерлік және салықтық қызметін, біріктірілген қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудитін жүргізу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің және «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады.

3.4 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ БАСҚАРМА МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

Қордың Басқарма мүшелерін сыйақылау Қордың Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу мен сыйақылау шарттарына сәйкес жүзеге асырылады және мұнда лауазымдық еңбекақы, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне қарсы біржолғы сыйақы, сондай-ақ жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы қамтылған.

Жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы қызметіне баға берудің нәтижелесіне қарай қол жеткізген жетістіктері үшін материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында төленеді.

Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметіне баға беруді Қордың Директорлар кеңесі қызметінің мотивациялық басты көрсеткіштерін (КБК) қолдану арқылы жүргізеді.

Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелерінің мотивациялық КБК-ларын Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен

сыйақы комитеті (бұдан әрі – ТСК) Қордың стратегиялық мақсаттарын қызметінің бизнес-процестері/бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге каскадтаумен әзірлейді және оны Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.

Сыйақы төлеудің негізгі шарты – есептік жыл бойынша біріктірілген жиынтық пайданың болуы.

Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелеріне сыйақы Қордың Директорлар кеңесінің шешіміне негізделі отырып, Қордың Директорлар кеңесі белгілеген сыйақылаудың шекті өлшемдері шеңберінде, жылдық аудиттелген қаржылық есептілік негізінде, ТСК ұсыныстарын ескерумен төленеді.

Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы мен шығындардың өтемақысы Қордың Директорлар кеңесінің 2009 жылдың 27 сәуіріндегі шешімімен (№ 18 хаттама) бекітілген Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы мен шығындардың өтемақысын төлеу ережелеріне сәйкес төленеді.

3.5. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Қаражаттың жұмсалыуының ашықтығы мен қатаң есептілігін және активтердің сақталуын қамтамасыз ететін қаражаттардың мақсатқа сай, тиімді жұмсалыуына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қорда сыртқы және ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді.

Сыртқы бақылау жүйесі компаниялардың ресурстарын пайдаланудың тиімділігіне баға беруді, компаниялардың қызметінің Қазақстан Республикасының экономикасының дамуына тигізетін әсері ескерумен, компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру резервтерін анықтауды және қаржы-шаруашылық басқару процестерін жетілдіруге арналған ұсыныстарды әзірлеу ісін қамтиды.

Компаниялардың қызметінің тиімділігіне баға беру, олардың Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының, республикалық бюджеттің қаражатын, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін пайдаланумен байланысты мәселелерді санамағанда, Қордың тобына кіретін компаниялар қызметінің тұтастай экономиканың не экономиканың жекелеген бір саласына тигізетін әсеріне кешенді және объективті талдау жүргізудің нәтижелеріне негізделген.

Аталмыш бақылаудың орындалуын іске асыру үшін Қордың Директорлар кеңесінің жанынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің төрағалық етуімен Мамандандырылған Комитет құрылған болатын.

Қордың Директорлар кеңесінің 26.05.2012 ж. № 80 хаттама-сымен «Директорлар кеңесінің жанындағы Мамандандырылған Комитет туралы ереже» бекітілді. Ережеде Қордың Директорлар кеңесінің жанындағы Мамандандырылған Комитеттің қызметінің мақсаттары, оның құқықтары мен функциялары, құрамын қалыптастыру тәртібі белгіленген, сондай-ақ оның отырыстарын шақырту мен өткізудің, шешімдерді рәсімдеудің рәсімдері, жұмысын ұйымдастыру тәртібі және оның функцияларын іске асыру механизмі реттелген.

2013 жылы Қордың ірі еншілес компанияларында: «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазақстан темір жолы» АҚ кешенді талдау жүргізу жоспарлануда.

Ішкі бақылау жүйесі жайлы. Қордың елеулі көлемдегі мемлекеттік, меншікті және тартылған қаражаттармен жұмыс істеп отырғанын ескерумен, Қордың ішінде қажетті шараларды уақытында қабылдаумен, ақшалай қаражаттардың мақсатқа сәйкес және тиімді жұмсалыуын және активтердің сақталуын нақты және көп салалық ішкі бақылау жүйесі құрылған.

Қордың құрамында Аудит және бақылау департаменті жұмыс істейді. Аталмыш департаменттің негізгі функцияларының біріне еншілес компанияларда ревизия жүргізу жатады. Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңына сәйкес, Қордың Басқарма төрағасының бұйрықтарына негізделі отырып, Қордың Аудит және бақылау департа-

менті келесі компаниялардың қызметіне қатысты жекелеген мәселелер бойынша тексеру жүргізді: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Даму» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ. Келесі ұйымдарда Жарғы мен өзге де ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тексерулер жүргізілді: «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС, «СҚ-Астана» корпоративтік қоры, «Исламдық мәдениет пен білім беруге қолдау көрсету қоры» КҚ, «ҚР Велоспорт федерациясы» ҚБ. Тексерудің қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныстар көрсетілген актілер ұсынылды.

Ішкі аудит

Қор компанияларының тобында ішкі аудитті ұйымдастыру мен іске асыру, компаниялардың директорлар комитеттеріне компанияларды тиімді басқаруға арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну мақсатында Қор мен Қордың барлық еншілес компанияларында Ішкі аудит қызметтері (бұдан әрі – ІАҚ) жұмыс істейді, олар соған сәйкес Қордың және компаниялардың директорлар кеңестеріне тікелей бағынышты.

Қор ішкі аудит жүйесін жетілдіру бойынша компанияларға әдіснамалық және ұйымдық қолдау көрсету жұмысын тұрақты негізде жүргізуде. Атап айтқанда, алдыңғы жылдары Қор компаниялардың ІАҚ қызметін реттеуді қамтамасыз еткен, атап айтқанда, төмендегідей үлгілік ережелер бекітіліп енгізілді:⁶

- өздерінің дауыс беруші акцияларының елу пайызынан артығы тікелей не жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі болып келетін акционерлік қоғамдардың Ішкі аудит қызметі туралы үлгілік ереже;
- өздерінің дауыс беруші акцияларының елу пайызынан артығы тікелей не жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі болып келетін акционерлік қоғамдарда Ішкі аудит қызметін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар;
- өздерінің дауыс беруші акцияларының елу пайызынан артығы тікелей не жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі болып келетін акционерлік қоғамдардың Ішкі аудит жүйесі туралы үлгілік ереже;
- өздерінің дауыс беруші акцияларының елу пайызынан артығы тікелей не жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі болып келетін акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңесінің аудиті жөніндегі комитет туралы үлгілік ереже.

Есептік кезеңде Қор компанияларының ішкі аудит қызметтерінің қызметіне ұйымдық және әдіснамалық қолдау көрсету жұмысын одан әрі жалғастырды, соның нәтижелері бойынша ІАҚ-ның қызметін реттейтін төмендегідей үлгілік әдістемелер әзірленді: ІАҚ мен ІАҚ-ның басшысына баға беру әдістемесі, ішкі бақылау жүйелеріне баға беру әдістемесі, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне баға беру әдістемесі, ІТ аудитті жүргізу әдістемесі, ІАҚ стратегиялық жоспарын әзірлеу әдісте-

месі, бюджетті әзірлеу әдістемесі, Компанияның веб-сайтындағы ІҚ парағының үлгілік құрылымы.

Сондай-ақ компаниялардың ІАҚ басшыларының, қызметкерлерінің кәсіби дағдыларына қойылатын талаптарды күшейту мақсатында ІАҚ туралы үлгілік ережемен ІАҚ басшысы лауазымына қойылатын біліктілік талаптары реттелген, атап айтқанда: «Аудитор» біліктілік куәлігінің, және/не CIA ішкі аудит саласындағы сертификатының, және/не ACCA төрелік бухгалтер сертификатының, және/не ACCA DipIFR дипломының, және/не CIPA халықаралық кәсіпқой бухгалтері сертификатының, және/не бухгалтерлік есепке алу, және/не қаржы саласында кемінде жеті жылғы тәжірибесінің міндетті түрде болуы.

Қордың оны компаниялар тобындағы ішкі аудит қызметтерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі тиімді жұмысын қамтамасыз ету жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, ішкі аудит қызметі өзінің күш-жігерін компания үшін елеулі болып келетін тәуекелдерге шоғырландырып және шынымен де пайдасын тигізіп және компанияның алдына қойылған мақсаттарға жетуге ықпал етіп отыру үшін Компаниялардың ішкі аудит қызметтері Қордың төмендегідей талаптарын ұстанып отырады:

1. Ішкі аудит қызметі қағидаларға, ережелерге (регламенттерге) негізделіп отырып жұмыс істейді.
2. Ішкі аудит қызметінің басшысына жоғары біліктілік талаптарының қойылуы. Саланың ерекшелік сипатын білетін білікті мамандардың міндетті түрде болуы.
3. Ішкі аудит қызметі компанияның тікелей Директорлар кеңесіне бағынады.
4. Директорлар кеңесінің компанияның тәуекелдерін талдауға негізделген ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын жыл сайынғы бекітуі. ІАҚ есеп беру тәртібінің Директорлар кеңесінің алдында бекітілуі, мұнда ІАҚ-ның тоқсан сайынғы және жылдық есеп берулерін Директорлар кеңесінде бекіту қамтылған.
5. Компаниялардың ІАҚ-ның ұсыныстарына негізделумен міндетті түрде Анықталған бұзушылықтарды жою шараларының жоспарын қабылдауы және аталмыш Жобаның орындалуына ІАҚ-ның мониторинг жүргізуі.
6. Директорлар кеңесі ішкі аудиторлардың біліктілік деңгейіне мерзімді түрде баға беріп отыруы тиіс.

Қор компаниялардың ішкі аудит қызметтерінің жұмысын жетілдіру шараларын тұрақты негізде жүргізіп отырады. Есептік жылы Қор ішкі аудит қызметтерінің басшылары мен қызметкерлерін «Сертификатталған ішкі аудитор» халықаралық аудиторларды сертифициаттауға (CIA) даярлау семинарларында оқытуды ұйымдастырған.

⁶ сайтта орналастыр <http://www.sk.kz/page/audit>

3.6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Қордың компаниялар тобының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында, корпоративтік шешімдер қабылдау тәуекелге бағытталған тәсілді қолданумен жүзеге асырылады.

Қордың тәуекелдерін басқару процестерінің негізгі принциптері:

тұтастық – Қор тобының жиынтық тәуекел элементтерін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі қимасында қарастыру;

ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес не жеке жүйе ретінде қарастыруға тыйым салу;

құрылымдығы – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі нақты құрылымға ие;

хабардар болу – тәуекелдерді басқару объективті, шүбәсіз және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді;

үздіксіздігі – тәуекелдерді басқару тұрақты негізде жүзеге асырылады;

циклдығы – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің үнемі қайталанып отыратын ұйымдастырылған цикл болып табылады.

Қорда жыл сайынғы негізде «Тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасы», басты тәуекелдік көрсеткіштер, Қордың сынды тәуекелдерінің тізілімі мен картасы біріктірілген негізде жаңартылып отырады. Сынды тәуекелдерді басқару үшін оларды басқару жоспары бекітілген. Қор менеджменті қызметін жүзеге асыру кезінде тұрақты негізде тәуекелдер ескеріліп және қайта оралмайтын зардаптарға жол бермеу үшін шешімдер қабылданады. Бақылауды күшейту мақсатында несиелік тәуекелдерді басқару және Қордың сақтандырушылық қорғауын ұйымдастыру шаралары күшейтілді. Сондай-ақ, Борыш пен қаржылық тұрақтылықты басқару саясаты шеңберінде еншілес компаниялардың қарыз алудың шекті көлемін бұзуды анықтау және қаржылық тәуекелдерді басқару мақсатында қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін ұстану жөніндегі есеп берулерді тоқсан сайынғы негізде ұсынып отыратынын айта кету қажет.

2012 жылдың 1-ші жартыжылдығынан бастап еншілес ұйымдардың Директорлар кеңесінің/Бақылау кеңестерінің қарастыруына арнап тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп берулерді, тәуекелдер карталарын және барынша елеулі тәуекелдерді басқару жоспарларын ұсынып отырады. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы тұрақты өсуді қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінеді. Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында тәуекел-менеджмент жүйесі өзге басқару жүйелерімен: стратегиялық жоспарлаумен, бюджеттеумен және инвестициялық қызметпен ықпалдас-тырылған.

Стратегиялық жоспарлау

Қордың он жылдық кезеңге арналған жалпы даму стратегиясын анықтау кезінде Қордың өзінің ұзақ мерзімді мақсаттары-

на жетуіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтау мен бағалау жұмысы жүргізіледі.

Бюджеттеу және инвестициялық қызмет

ЕТҰ-лардың даму жоспарларында бюджеттік жоспарлау шеңберінде өздерінің іске асуы ҚБК-ның орындалуына әсерін тигізуі мүмкін тәуекелдер ескеріліп отырады.

Қордың ДК-сы бекіткен инвестициялық саясат шеңберінде әр инвестициялық жобаға арнап тәуекелдер картасы әзірленеді және митигациялау шаралары белгіленеді.

Қордың тобында тұрақты негізде қызметкерлерді тәуекелдерді басқару жүйесі туралы хабардар болу деңгейін арттыру шаралары жүргізіліп, тренингілер мен семинарлар өткізіліп отырады.

Төменде тәуекелдердің толық емес тізімі келтірілген.

Апаттардың (өрт, жарылыс, су басу, сыну және өндірістегі солармен байланысты үзіліс, экологияға нұқсан келтіру, өндірістегі жазатайым оқиғалар және т.б.) орын алуының салдарынан болған қаржылық залалдар

Қабылданған шаралар:

- Аралап тексерулер мен қарауларды, жұмыс орындарын (жұмыс істеуші бригадаларды) кенеттен тексеруді, жедел және жөндеу қызметкерлерін техникалық оқыту, апатқа қарсы және өртке қарсы жаттықтыруларды, ауысым алдындағы медициналық куәландыруды, өндірістегі жарақат алу мен жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша дәріс оқулар мен семинарларды жүргізу, 2012 жылғы корпоративтік сақтандыру бағдарламасы іске асырылған.

Өңірлердегі рұқсат етілмеген митингілер, көтерілістер, әлеуметтік тұрақсыздықтың шиеленісуі

Қабылданған шаралар:

- Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің ілгері тәжірибесін жинақтау үшін Әлеуметтік серіктестік орталығы жұмыс істеуде;
- Әлеуметтік қолдау мәселелерін реттейтін үлгілік құжаттар әзірленген;
- Маңғыстау облысының Әкімдігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Маңғыстау облысындағы әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты дамудың 2012 жылдың қазан-желтоқсан айларына арналған іс-шаралар жоспары іске асырылды;
- Өндірістік орын алу өңірлеріне арналған әлеуметтік шиеленістің болжамдық картасы әзірленді;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелері жөніндегі жұмыс ұйымдастырылған, соның ішінде: бірінші басшылардың өндіріс ұжымдарымен жыл сайынғы кездесулері, басшылар мен ұжымның арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, өндірістердегі ақпараттық-түсіндіру

жұмыстары, басшылардың өндіріс нысандарының еңбек ұжымдарымен кездесулері.

«Халықтық IPO» бағдарламасы міндеттерінің орындалмау тәуекелі

Қазтрансойл акцияларын нарықты жайғастыру бағдарламасы сәтті түрде іске асырылды.

2013 жылдың I тоқс. бойы «Халықтық IPO» бағдарламасының қатысушы-компаниялары («KEGOC» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ) бекітілген жоспарға сәйкес әзірлену шараларын, соның ішінде тәуелсіз кеңес берушілермен ішкі құжаттар мен процестерді халықаралық талаптарға сәйкес етіп келтіру тұрғысында жүргізді.

Оған қоса, Қор мен компаниялар заңнамалық шектеулерді жою және компаниялардың акцияларының тартымдылығын арттыру мақсатында нормативтік құқықтық актілерге өзгертулер енгізуге ұйытқы болды.

Проблемасы бар банкілердің дефолты

БТА Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау жүргізілді, «Альянс Банк» АҚ мен «Темірбанк» АҚ-ны біріктіру жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар Елбасының тапсырмасына сәйкес Қордың ЕДБ іске асыру бойынша әзірлену жұмысы жүргізілуде.

Өтімді қаражаттардың операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметті жүзеге асыруға өтімді қаражаттардың жетіспеушілік тәуекелі және шикізаттық тауарларға қатысты бағалардың жағымсыз өзгеру тәуекелі

Қор тобындағы бірқатар компаниялардың қызметіне шикізат нарықтарында жағымсыз жағдаяттың туындау тәуекелі төніп отырады. Шикізатқа қатысты әлемдік бағалар мен қаржылық көрсеткіштердің бағаларға қатысты сезімталдығын талдау деректеріне негізделумен бағалық тәуекелдерді хеджирлеудің мақсатқа лайықтылығы бойынша шешімдер қабылданады.

Әлемдік экономикадағы жағымсыз өзгерістер Қор компаниялар тобының қызметін жүзеге асыруға арналған қаражаттың тапшылығына әкеледі, бұл өз кезегінде инвестициялық жобалардың іске асырылмай қалуына, операциялық қызметті іске асырудың мүмкін болмауына, кейбір компаниялардың дефолтқа ұшырауына әкелуі мүмкін. Қор өтімділіктің белгіленген нормативтерін ұстануды бақылап отырады. Қажетіне қарай Қордың Басқармасы мен Директорлар кеңесі Қор тобындағы ірі компаниялардың қаржылық тұрақтылық мәселелерін, сондай-ақ дамудың жағымсыз сценарийлері орын алған кездегі оларға ден қоюдың мүмкін нұсқаларын қарастырып отырады.

Өтімділік тапшылығының тәуекелінен «қауіпсіздік жастықшасын» қамтамасыз ету үшін өтімді құралдарды ескеру және Қор кепілдемелерінің іске қосылу, және Қор тобының қолма-қол ақшасын анағұрлым тиімді басқаруға арналған орталықтандырылған қазыналық тұжырымдамасы мәселесін пысықтау процестері іске қосылған. Қор тобы үшін өтімділіктен айырылу тәуекелі мұнай бағасының арзандау тәуекелімен байланысты болып келеді.

Қабылданған шаралар:

- Қор тобының Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясаты, Қор тобының кепілдемелерді ұсыну ережелері, Ақшаны басқарудың бірыңғай саясаты (сонымен бірге, өзінде рұқсат етілген қаржылай аспаптардың тізімі көрсетілген) бекітілді, Қордың несиелік тәуекелдерін басқару саясаттары күшейтілген.
- ҚМГ мұнай бағасының ең нашар қозғалысын анықтау үшін және ковенанттардың болжамдалған бұзылуы жағдайында мұнайды хеджирлеуге арналған оңтайлы көлемді анықтау мақсатында әр 10 күн сайын Cash Flow/Earnings at Risk бағалық тәуекелдерді бағалау үлгісін қолданумен бағалық тәуекелдің математикалық үлгісін құрып отырады, бұл ковенанттардың 1–3 жылдық кезең бойы бұзылмауына 95–99% кепілдікті қамтамасыз ететін болады.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар.

Валюта бағамдарының жағымсыз тербелуі

Топ валюта бағамдарының жағымсыз өзгеру тәуекелінің әсеріне түсіп отырады. Топ қарыздық қаражаттарды тек сыртқы емес, сондай-ақ ішкі нарықта тартып отырады, бұл валюталық тәуекелді азайтып отыруға мүмкіндік береді. Жағымсыз зардаптарға жол бермеу мақсатында валюталық тәуекелдің әсеріне түсуін тұрақты талдау жүргізіліп және тиісті шаралар қабылданып отырады.

Пайыздық құбылмалы мөлшерлемелердің тербелуі

Пайыздық тәуекелдің әсеріне түсіп отыру негізінен пайыздық мөлшерлемелері тербелмелі болып келетін Қор компаниялары тобының ұзақ мерзімді міндеттемелеріне жатады. Займдар бойынша қызмет көрсетумен байланысты шығындардың өсімі төлеу қабілетіне жағымсыз әсерін тигізіп отыруы мүмкін. Бұл тәуекелді басқару негізінен займдар бойынша тұрақты және құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерді қолдану арқылы жүзеге асырылып отырады.



ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Өнеркәсіптік топ

Инфрақұрылымдық топ

Қаржылық топ

4.1 ӨНЕРКӘСІПТІК ТОП

4.1.1 «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

www.kmg.kz



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ, «ҚазМұнайГаз») – мемлекеттің Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мүддесін танытып отырған, акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі болып табылатын, көмірсутегілерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жұмыстарын жүргізетін ұлттық компания.

«ҚазМұнайГаз» Қазақстан Республикасының Президентінің 2002 жылдың 20 ақпанындағы № 811 Жарлығының негізінде «Қазахойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай мен газды тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру арқылы құрылған.

2012 жылы ҚМГ-да Компанияның қызметіне елеулі әсерін тигізетін сыртқы және ішкі жағдайлардың ескерумен, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы әзірленіп бекітілген болатын.

Даму стратегиясына сәйкес ҚМГ-ның стратегиялық мақсаты – активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыру арқылы акционерлік құнын барынша көтеру және ұлттық экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға көмек көрсету.

Миссиясы – Қазақстан Республикасының ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысу ісінен барынша пайда алуын қамтамасыз ету.

Көрініс – ҚМГ өндірістік қызметтің жоғары қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті ықпалдастырылған мұнай-газ компаниясы.

«ҚазМұнайГаздың» көздеген мақсаты – 2022 жылға қарсы сұйық көмірсутегілердің (мұнай мен конденсаттың) қорын жылына 1 413 млн тоннаға, мұнай өндіру көлемін – жылына

35,4 млн тоннаға дейін арттырумен, әлемнің отыз ең ірі мұнай-газ компаниясының қатарына ену.

«ҚазМұнайГаз» компаниясының негізгі қызмет түрлеріне мемлекеттің мұнай-газ саласындағы саясатына қатысу, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында оларға үлестік қатысу арқылы мемлекеттің мүддесін таныту, корпоративтік басқару және көмірсутегілерді барлау, игеру, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ кәсіптік инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері.

ҚМГ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштері 4-кестеде келтірілген, олар жағымды серпінін көрсетуде.

4-КЕСТЕ. Негізгі қаржылай көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	3 101 218	2 787 707
Шығын, барлығы	2 982 379	2 689 116
Бір жылдағы пайда/залал	413 423	478 714

North Caspian Operating Company (NCOC, Солтүстік-Каспий жобасының операторы) акционерлері Қашаған кенорнындағы мұнайды коммерциялық өндіруді бастау мерзімін бес айға кейінге шегеруді көздеп отыр. Қашаған кенорнындағы коммерциялық кен өндіруді бастаудың күтілетін мерзімі – 2012 жылдың желтоқсаны – 2013 жылдың маусымы, бұл жобаның I фазасында шамамен тәулігіне 370 мың баррель, артынша оны тәулігіне 450 мың баррельге дейін арттырумен мұнай көлемін өндіру көзделуде. II фазада келесі кем дегенде үш жыл бойы тәулігіне 375 мың баррель мұнай өндіру көзделуде. Теңіздегі жобаларды жүзеге асыру үшін Agip, жерүсті және бұрғылау операциялары үшін – Shell және Exxon компаниялары жауапты.

2012 жылы ҚазМұнайГаз еліміздің мұнай-газ секторында өндірістік қызмет бойынша көшбасшылық жайғасымдарды иеленуде (5-кесте).

5-КЕСТЕ. Негізгі өндірістік көрсеткіштер*

Атауы	2012 ж.	2011 ж.	2010 ж.	2009 ж.
Мұнай мен газ конденсатын өндіру, мың тонна	21 390	21 105	21 969	18 701 ⁷
Газ өндіру ⁸ , млн м ³	5 528	4 850	4 912	4 332

⁷ PetroKazakhstan компаниясының мұнай өндірудегі үлесін ескерумен, кен өндірудің біріктірілген көлемі.

⁸ Табиғи және ілеспе газ. «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.» қаопаниясының 2012 жылдың 6 айындағы газ өндіру көлемін ескерумен.

Атауы	2012 ж.	2011 ж.	2010 ж.	2009 ж.
Мұнайды арналы мұнай құбырлары бойынша тасымалдау ⁹ , млн тонна	65,8	66,87	65,83	64,19
Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау, мың тонна	11 355	9 234	7 082	7 363
Газды арналы газ құбырлары бойынша тасымалдау, млрд м ³	109,19	110,55 ¹⁰	101,65	91,1
Көмірсутегі шикізатын өңдеу, мың тонна	15 884	15 326	14 766	12 758

* - өндірістік блоктардың дөңгелектелген деректерінен аздап өзгешеленіп отыруы мүмкін.

4.1.2 «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

www.kazatomprom.kz



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның (бұдан әрі – ҚАӨ) негізгі қызмет түріне мыналар жатады:

- уран өндіру, уран өнімдерін өңдеу және сату;
 - бериллий, танталдан жасалған бұйымдарды өндіру мен сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер;
 - электр қуатын, жылу қуаты мен суды өндіру және сату.
- ҚАӨ әлемдегі ең ірі уран өндіруші компания болып табылады.

ҚАӨ қызметінің басты көрсеткіштері 6-кестеде көрсетілген.

6-КЕСТЕ. Қызметінің негізгі көрсеткіштері

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
ҚАӨ-нің барлық ЕТҰ-лардағы қатысу үлесі бойынша уран өндіру көлемі, тонна	11 931	11 079
Жарияланған дивиденділер, млн теңге	23 501	8 852
Барлық кәсіпорындар бойынша қызметкерлердің тізімдік саны, адам	25 101	24 707

2012 және 2011 жж. бойынша негізгі біріктірілген қаржылық нәтижелері 7-кестеде келтірілген.

7-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	321 746	321 951
Бір жылдағы пайда/залал	51 997	79 689
Сатудың өзіндік құны	243 907	235 359

2012 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның біріктірілген қаржылық нәтижелері 2011 жылдағы нәтижелерден төмен болды. Мұндай серпінше ең алдымен «Қазатомөнеркәсіп»

ҰАК» АҚ компаниялар тобының ұйымдық құрылымындағы өзгерістер, ҚХР-ға өнімді жеткізумен байланысты форс-мажорлық жағдайлар, сондай-ақ өнімнің сатылу бағасының азаюына ықпал еткен 2012 жылдың макроэкономикалық беталыстары әсерін тигізді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2012 жыл бойынша таза пайдасы 51 997 млн теңгені құрады, мұнысы 2011 жылдағы көрсеткіштен 35% төмен.

Ірі инвестициялық жобалар

1. «Ұжымдық карбонаттар мен сирек-жер металдарының жекедара қосылыстарының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» жобасы.

«Ұжымдық карбонаттар мен сирек-жер металдарының жекедара қосылыстарының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» жобасын 2010 жылдың мамыр айында құрылған «SARECO» бірлескен кәсіпорны» ЖШС (51% – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, 49% – Sumitomo Corporation) іске асыруда. Жобаға сәйкес Степногорск қаласында сирек-жер металдары (бұдан әрі – СЖМ) концентраттарының таукен-байыту кешені мен гидрометаллургиялық өндірісін салу мен пайдалану ескерілген.

2012 жыл ішінде төмендегідей жұмыс жүргізілді:

- Өндірістің бірінші кезегі мемлекеттік комиссиямен пайдалануға қабылданды;
- Өндірістің ашылу салтанаты 2012 жылдың 25 желтоқсанында ҚР индустриалдандыру күніне арналған Елбасының қатысуымен жүргізілген Телекөпір барысында өтті.

2. «Қазақстандық кремнийге негізделген фотоэлектрлік модульдердің өндірісін құру. KAZ PV» жобасы.

Жобаның жүзеге асырудың мақсаты негізгі шикізат ретінде 100% қазақстандық кремнийді қолданумен, ілгері әлемдік технологияларға негізделе отырып ҚР үшін жаңа өнім – фотоэлектрлік модульдерді шығару бойынша өндірістерді құру арқылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның қызметін әртарапандыру.

⁹ «ҚазТрансОйл» АҚ-ның арналы құбырлар бойынша мұнай тасымалдау көлемін және «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ компанияларының тасымалдау көлемдері (51%) және «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШМ (50%) тасымалдау көлемдері қамтылған.

¹⁰ «Азиялық газ құбыры» ЖШС 100% 11,414 млрд текше м ескерумен.

Жоба 4 бөліктен тұрады:

- 1) Кварц өндіру, Сарыкөл кенорны, Үштөбе қ., Алматы облысы («Кварц» ЖШС);
- 2) «Қазақстандық жоғары жиілікті кварцқа негізделумен металлургиялық өндірісті – металлургиялық кремний өндірісін құру» Үштөбе қ., Алматы облысы («МК «KazSilicon» ЖШС);
- 3) «Негізгі шикізат ретінде қазақстандық кремнийді қолданумен фотоэлектрлік тілімшелерді шығару бойынша өн-

дірісті құру – фотоэлектрлік тілімшелерді шығару зауыты, Өскемен қ., Шығыс Қазақстан облысы («Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС);

- 4) «Фотоэлектрлік модульдерді құрастыру зауыты, Астана қ. («Astana Solar» ЖШС).

2012 жылдың 25 желтоқсанында Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен Астана қ. Зауыттың ресми ашылу салтанаты болып өтті, алғашқы модульдер жасалды.

4.1.3 «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС

www.ucc.com.kz



«Біріккен химия компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – БХК, Компания) 2009 жылдың 22 қаңтарында «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2008 жылдың 28 қарашасындағы шешіміне сәйкес құрылған. БХК-ның жалғыз қатысушысы «Самұрық-Қазына» АҚ.

Компанияның миссиясы химия саласын оны Қазақстан экономикасының ілгері салаларының біріне айналдыру үшін дамытуға негізделген.

Компанияның негізгі міндеттері:

- Химия саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру;
- Еншілес және тәуелді компаниялардың қызметінің тиімділігін арттыру және құнын өсіру.

Компанияның ақысы төленген жарғылық капиталы 40 млрд теңгені құрайды (2012 ж. 31 желтоқсанына қатысты).

Компанияның стратегиялық мақсаты – Қазақстанның химия нарығындағы инвестициялық қоржынды тиімді басқару арқылы құнын ұзақ мерзімді өсіру.

Компанияның дамуының стратегиялық бағыттары:

- Активтер құнының тұрақты өсуі.
- Қызметін сервистік сүйемелдеу.
- Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру.

2012 және 2011 жылдар негізгі біріктірілген қаржылық нәтижелер 8-кестеде келтірілген.

8-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	361,7	77,0

Шығын, барлығы	1 364,7	1 127,8
Бір жылдағы пайда/залал	-1 393	-1 055

БХК жергілікті және әлемдік нарықта сұранысқа ие заманауи химиялық өнімдерді шығаруға арналған отандық көмірсутегілік және минералды шикізатты терең өңдеуге арналған инвестициялық жобаларды әзірлеу жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасында химиялық өнеркәсіпті дамыту ісіне қатысты холдингтік құрылым болып табылады.

БХК-ның 2012 және 2011 жылдар бойынша негізгі операциялық нәтижелері 9-кестеде келтірілген.

9-КЕСТЕ. БХК-ның негізгі операциялық көрсеткіштері

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Жүзеге асырылып отырған жобалардың саны	10	4
Активтерді сатып алу мен құру бойынша келісілген мәмілелердің саны	6	–

БХК-ның 2012 жылдағы негізгі оқиғалары:

- Наурыз айында БХК «KLPE (КейЭлпиИ)» ЖШС – «Атырау облысында ықпалдастырылған газ-химиялық кешенін салу – 2-фаза (полиэтилен)» жобасының операторы құрамына енді.
- Сәуір айында БХК «РД ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның «KPI Inc.» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 51%-ын сатып алды (2009 жылдың қазанынан бастап – БХК-ның сенімді басқаруында).
- Мамыр айында БХК мен Jurong International Holding Pte компаниясы (Сингапур) Қазақстан Республикасындағы химиялық технопарктерді басқару бойынша ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойды.
- Мамыр айында Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетімен ғылыми-технологиялық ынтымақтастық пен химиялық өндірістерге арнап мамандарды даярлау жөніндегі меморандумға қол қойылды.

- Маусым айында 2020 жылға дейінгі Инновациялық-технологиялық даму стратегиясы қабылданды.
- Шілде айында «БХК Инжиниринг» ЖШС мамандандырылған инжинирингтік компания құрылды.
- Қыркүйек айында БХК «Полимер Продакшн» ЖШС – Атырау облысындағы полимерлік өнімдер өндірісі жобасының операторы қатысушылар құрамына енді.
- Қазан айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Тараз» химиялық паркі» АЭА құрылды.
- Желтоқсан айында «ХИМ-плюс» ЖШС – үш хлорлы фосфор, каустикалық сода, хлор мен глифосат өндіру жобаларының операторы құрылды.

БХК төмендегідей инвестициялық жобаларды іске асыру ісіне қатысады:

- Степногорск қаласындағы қуаттылығы жылына 180 мың тоннаны құрайтын күкірт-қышқыл зауытын қайта салу;
- Атырау облысында ықпалдастырылған газ-химиялық кешенін салу – Алғашқы фаза (полипропилен);
- Атырау облысында ықпалдастырылған газ-химиялық кешенін салу – Алғашқы фаза (полиэтилен);
- «Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймақты құру;
- Үш хлорлы фосфордың өндірісі;
- Каустикалық сода мен хлордың өндірісі;
- Глифосаттың (гербицидтің) өндірісі;
- Синил қышқылы мен натрий цианидінің өндірісі;
- Қашаған және Қарашығанақ кенорындарынан алынған шикізатқа негізделумен мұнай-химия өндірісін ұйымдас-тыру;
- Атырау облысындағы полимерлік өнімдердің өндірісі.

4.1.4 «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ



«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Тау-Кен Самұрық» АҚ, Қоғам) қатқыл пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, өңдеу және сату саласындағы қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының минаралды-шикізат базасының ұдайы өндірісін жүзеге асыру мақсатында құрылған.

Миссиясы – активтердің құны мен ГМК өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің артуын қамтамасыз ету. Жекеменшік сектормен әріптестікте қоршаған орта мен келешек ұрпаққа қамқорлық көзқараспен ҚПҚ-ны тиімді барлау, өндіру және өңдеуді қамтамасыз ету.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары:

- басымдылыққа ие ҚПҚ-ның жоғары сапалы және ұзақ мерзімді ресурстық базасын қалыптастыру және олардың өндірісін қамтамасыз ету;
- ҚПҚ-ны барлау, өндіру және өңдеу саласындағы активтердің қоржынын қалыптастыру;
- Жобалардың Research and Development (инновациялық қызмет) дамыту.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ басымдылыққа ие ҚПҚ-ның шикізаттық базасын тиімді игерудің, өндірістік активтерді ықпалдастырудың, заманға сай технологияларды қолданудың арқасында құнның өсу стратегиясын жүзеге асыратын болады.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштері

Қоғамның 2012 жылғы қаржы-экономикалық күйі пайда мен залал туралы есеп беруде көрсетілген (10-кесте).

10-КЕСТЕ. 2012 жылдың қорытындысы бойынша пайда мен залал туралы есеп беру, мың теңге

Тарм. №	Атауы	Жоспар	Іс-жүзінде	ауытқу.	
				+/-	%
1	Өнімдерді/қызметтерді сатудан түскен табыс	–	–	–	–
2	Қаржылық табыс	141 446	170 680	29 234	121
3	Өзге табыс	9 558	5 138	-4 420	54
4	Сатылған өнімдердің/қызметтердің өзіндік құны	–	–	–	–
5	Тасымалдау мен сату шығындары	–	–	–	–
6	Жалпы және әкімшілік шығындар	1 171 420	775 376	-396 044	66

Тарм. №	Атауы	Жоспар	Іс-жүзінде	ауытқу.	
				+/-	%
7	Өзге операциялық шығындар	32 375	763	-31 612	2
8	КТС бойынша шығын	21 427	7 812	-13 615	36
9	Таза пайда/залал	-1 074 218	-608 133	466 085	57

*- 2012 жылғы аудиттелген қаржылық есептілік деректері бойынша

2012 жылғы залалдың жоспарға қатысты 466 млн теңгеге азаюы жалпы және әкімшілік шығындардың (ЖӘШ) 396 млн теңгеге, өзге операциялық шығындардың 32 млн. теңгеге қысқаруымен және қаржылық табыстың 29 млн теңгеге артуымен негізделген.

ЖӘШ-нің азаюы негізінен мыналармен туындалған: сомасы 218 млн теңге Қазақстан Республикасының таукен-металлургия саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі жоспарын әзірлеу қызметтерінің орындау мерзімін 2013 жылдың 1-тоқсанына ауыстырылуымен; «Алайғыр кенорнында полиметалды кенін өндіру» жобасы бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшартының болмауына байланысты 85 млн теңге соманың Альбион технологиясын зерттеу шығындарының игерілмеуімен; штаттық қызметкерлер санының толық жиынтықталмауына орай қызметкерлерге жұмсалатын шығынның 31 млн теңгеге азаюымен, бөгде ұйымдардың өзге қызметкерлері бойынша шығынның 38 млн теңгеге азаюымен.

Қаржылық шығындардың артуы мен өзге операциялық шығындардың қысқаруы «Oberreuther» TCS компаниясымен жасасқан келісімшарттың бұзылуымен және аффинаждық зауыттың құрылысы мен соған арналған жабдықты жеткізу туралы келісімшарттар бойынша алдынала төлем сомасының азаюымен. Соған орай, банкілік салым келісімшарттары бұзылмаған, сомасы 29 млн теңге қосымша пайда алынып және сомасы 32 млн теңге мерзімінен бұрын бұзғаны үшін өсімпұл есептелмеген.

Инвестициялық жобалар

1. «Алматы облысында Тау беткейіндегі Кетпен телімінде алтынды барлау мен өндіру» жобасы.
2. «Ақмола облысында Ешкіөлмес кенорнында алтынды, мысты барлау мен өндіру» жобасы.
3. «Қарағанды облысында Батыс Сақ кенорнында титан-магний кендерін барлау мен өндіру» жобасы.
4. «Ақмола облысында Жақсылық телімінде марганец кендерін барлау» жобасы.

4.1.5 «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ



«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) республиканың ең ірі әскери кәсіпорындарындағы бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатын қамтамасыз етіп отырған холдингілік құрылым болып табылады. Компанияның құрамына 34 ұйым кіреді, оның 15-і – машина жасау зауыттары. Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» АҚ.

Компанияның кәсіпорындары мұнай-газ, теміржол, агроөнеркәсіп, жылу-энергетика кешендерін танытып отырған тапсырыс берушілерге арнап өнімдерді шығару мен қызмет көрсетумен, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы өндіру мен жөндеумен айналысады.

Компанияның миссиясы мемлекеттің қорғаныс, қос және азаматтық мақсаттағы өнімдерді игеру, өндіру, сату саласындағы саясатын жүзеге асыруға, ішкі қажеттілікті және экспорты

қамтамасыз ету үшін қорғаныс және қос мақсаттағы өнімдердің өндірісін дамыту бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға қатысуын қамтамасыз ету.

Компания қызметінің негізгі мақсаттары:

- машина жасау;
- қорғаныстық мақсаттағы өнімдерді жасау мен сервистік қызмет көрсету;
- инжиниринг.

Мақсаты – өзінің өнімі еліміздің мақсаттық нарықтары мен шетелде сұранысқа ие бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды біріктіріп отырған тиімді машина жасау жөніндегі холдингке айналу.

Компанияның 2012 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің деректері бойынша жалпы табысы 53 107 млн теңге деңгейін құрады, соның ішінде өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен табыс 52 154 млн теңге, бұл жоспарлы көрсеткіштен 1,3 есе артық. Былтырғы жылдағы соған сәйкес кезеңмен салыстырғанда өнімдер мен көрсетілген қызметтердің сатылу көлемі 1,6 есе не 18 530 млн теңге сомаға артты, мұнысы ГОЗ шеңберінде арнайы өнімдер мен қос мақсаттағы өнім-

дердің сатылу көлемінің 1,5 есе және азаматтық өнімдердің сатылу көлемінің 1,2 есе артуымен байланысты.

11-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	53 107	34 256
Шығын, барлығы	48 875	32 137
Бір жылдағы пайда/(залал)	4 559	2 264

Есептік кезеңде **табыс** 53 107 млн теңгені құрады, мұнысы жоспарлы көрсеткіштен 1,3 есе не 13 620 млн теңгеге артық.

Есептік кезеңде **шығындар** жоспарлы 37 654 млн теңге (130%) жағдайында 48 875 млн теңгені құрады не 11 221 млн теңгеге аз.

Таза біріктірілген пайда 2012 жылдың қорытындысы бойынша 4 559 млн теңгені (жоспар: 1 753 млн теңге, жоспарға қатысты 282,9%) құрады, бұл 2011 жылдағы соған сәйкес көрсеткіштен 2 есе жоғары.

Қызметінің оңтайлылығы жоспарлы 4,7% жағдайында 9% құрады.

Біріктірілген активтер 2012 жылдың соңына қарсы 45,9 млрд теңгені құрады, бұл 2011 жылдағымен салыстырғанда 1,7 есе артық.

Компанияның тұтастай тобы бойынша **еңбек өнімділігі** жоспарлы 8 512 мың теңгемен салыстырғанда, бір қызметкерге қатысты 10 763 мың теңгені құрады, жоспардың орындалуы 126% құрады. 2011 жылдағы соған сәйкес көрсеткішпен салыстырғанда еңбек өнімділігі 1,6 есе артты және орташа салалық

өнімділік көрсеткішінен 2,5 есе артық («ҚР машина жасау саласын дамытудың 2010–2014 жылдары арналған бағдарламасына» сәйкес 2012 жылға арналған жоспар – 1 адамға/4,3 млн теңге).

Өндірістік қызметкерлердің **орташа айлық еңбекақысы** 2012 жылы 113,5 мың теңгені құрады, ол 2011 жылдағымен (75 мың теңге) салыстырғанда 51%-ға артты. Бұл жағдайда, статистикалық деректерге сәйкес Қазақстандағы өндіру саласы қызметкерлерінің орташа еңбекақысы 106 мың теңгені құрайды.

Есептік кезең бойынша барлығы **күрделі салымдар мен инвестициялардың** көлемі 9 652 млн теңгені құрады, жоспар 15 489 млн теңге (62%-ға артық орындалды). Инвестициялар бойынша жоспарлы параметрлердің орындалмауы 2013 жылға қатысты республикалық бюджеттен Компанияның 9 375 млн теңге сома көлеміндегі капиталдануын көшірумен байланысты.

2012 жылғы негізгі оқиғалар:

- Тік ұшақтарды жасау мен оларға техникалық қызмет көрсету зауытының ашылуы («Еврокоптер КИ» ЖШС, маусым, 2012 ж.).
- Астана қ. жоғары деңгейде KADEX-2012 халықаралық көрмесінің өткізілуі. Әлемнің жетекші компанияларымен 2020 жылға дейін ұзақ мерзімді жалпы сомасы шамамен 1,8 млрд АҚШ долл. құрайтын келісімшарттар жасалды.
- Корпоративтік басқару рейтингісі (KPMG) – 44%.
- «Moody's» рейтингілік агенттігінің «Ba2» деңгейіндегі несиелік рейтингісіне қол жеткізілді.
- Компанияның жаңа Жарғысы бекітілді, онда Қордың уәкілеттіктерді тарату бойынша жүзеге асырып отырған саясаты шеңберінде басқару органдарының уәкілеттіктерін қайта тарату ескерілген.
- «Мұнаймаш» АҚ мұнай өнеркәсібі бұйымдарының механикалық өндірісті жаңғырту» жобасы пайдалануға енгізілген.

4.2 ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТОП

4.2.1. «KEGOC» АҚ

www.kegoc.kz



«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KEGOC» АҚ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық электр торабын басқару жөніндегі және Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергиясы жүйесінің Жүйелік операторы болып табылады.

Миссиясы – заманауи техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Бірыңғай электроэнергетикалық жүйесінің сенімді қызметін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Көрінісі – 2025 ж. «KEGOC» АҚ өңірлік ауқымдағы электроэнергетика саласындағы әлемдік деңгейдегі компания мен уәкілеттіктер орталығына айналады.

Негізгі стратегиялық мақсат – ғаламдық экономикада бәсекеге қабілетті компанияны құру.

«KEGOC» АҚ-ның жарғылық капиталы 106 842,972 млн теңгені құрайды. Жарияланған акциялардың саны 10 767 297 дана құрайды.

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

Компанияның 2012 жыл бойынша барлық табысы 71 674 млн теңгені құрады, бұл 2011 жылдағымен салыстырғанда 10,5% артық. Компанияның 2012 жыл бойынша пайдасы 6 941 млн теңгені құрады, бұл 2011 жылдағымен салыстырғанда 12,7%-ға аз (12-кесте).

12-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн. теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	71 674	64 853
Шығын, барлығы	63 189	54 152
Бір жылдағы пайда/залал	6 941	7 822

2012 жылғы пайданың нәтижесіне валюта бағамдарының тербелуіне орай залалдарға ие болу факторы әсерін тигізді.

2013 жылы Компания 8 489,9 млн теңге деңгейіндегі таза табысқа ие болуды күтуде.

Өндірістік қуаттылықтар және активтердің құрылымы

Компанияның негізгі активі ҰЭЖ, ол ұзындығы 24 427,74 км 35–1150 кВ ВЛ электрберіліс желілері мен берілістің белгіленген қуаттылығы 35 535,65 МВА құрайтын 76 электрлік ҚС-дан тұрады. Олар электрқуатының трансшекаралық ағымдарын қамтамасыз етеді, электрстанциялардағы электрқуатын тасымалдайды және өңірлік электроэнергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылардың арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.


Инвестициялық қызмет

2012 жылы «KEGOC» АҚ-да «Мойнақ ГЭС қуатын беру» жобасы бойынша нысандардың құрылысы аяқталған болатын. Жобаны іске асыру мерзімі 2010–2012 жылдар. Жобаның құны: ҚҚС есебімен 9,8 млрд теңге. 2012 жылы Компанияда келесі жобаларды жүзеге асыру жалғасты:

- «Қазақстанның ұлттық электр желісін жаңғырту, II кезең» жобасы. Жобаны іске асыру мерзімі – 2010–2016 жылдар. Жобаның құны 52,01 млрд теңге.
- «500/220 кВ Алма ҚС-ны 500, 220 кВ желілерімен Қазақстанның ҰЭЖ-ға жалғай отырып салу» жобасы. Жобаны іске асыру мерзімі – 2009–2014 жылдар. Жобаның құны: ҚҚС есебімен 29,97 млрд теңге.
- «220 кВ ЦГПП-Осакаровка ЖЖ қайта салу» жобасы. Жобаны іске асыру мерзімі – 2010–2014 жылдар. Жобаның құны: ҚҚС есебімен 4,0 млрд теңге.

2012 жылы барлығы 24 531 млн теңгеден артық соманың күрделі салымдары игерілген (4-диаграмма).

4-ДИАГРАММА. 2012 ж. күрделі салымдарды игеру құрылымы, млн теңге



- Павлодар энергиятарабының Қазақстанның БЭЖ-мен байланысын күшейту
- «ҰЭЖ-ны жаңғырту» жобасы, II кезең
- Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі транзитінің 500 кВ екінші электрберіліс желісінің құрылысы
- Мойнақ ГЭС қуатын беру
- 500/220 кВ Алма ҚС-ны оны Қазақстанның ҰЭЖ-ға кернеуі 500/200 кВ желілерімен жалғай отырып салу
- «ЦГПП-Осакаровка» ЖЖ-220 кВ қайта салу
- Өкімшілік ғимаратының құрылысы
- Екібастұз-ШГЭС(Семей)-Өскемен 500кВ ЖЖ құрылысы
- ШГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма ӘЖ 500 кВ құрылысы
- Ағымдағы өндіріс деңгейін сақтауға арналған кап. салымы

4.2.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) акционері «Самұрық-Қазына» АҚ, оған компанияның акциялар қоржынының 100% тиесілі. «Самұрық-Энерго» активтерінің құрылымы 4 деңгейдегі 37 компаниядан тұрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жарғылық капиталы 222 869 млн теңгені құрайды. Қоғамның жарияланған акцияларының саны 5 602 187 қарапайым акцияны құрады, Қоғамның жайғастырылған акцияларының саны – 5 418 513 қарапайым акция.

Қоғамның миссиясы

Еліміздің экономикасының жоғарғы қарқынмен дамуын қолдау үшін және қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін арттыру үшін тұрақты даму арқылы энергоэкологиялық бастамалар

шеңберінде электр және жылу қуатының, сондай-ақ көмірдің сенімді және тиімді өндірісі мен жеткізілуін қамтамасыз ету.

Қоғамның бейнесі

Еуразиялық маңызға ие бәсекеге қабілетті электр энергетикалық холдинг.

Қоғамның мақсаты

Негізгі мақсаты – электр қуаты мен көмірдің жеткізілу сенімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР БЭЖ тұрақтылығын қолдау.

Қоғам аталмыш мақсатқа келесі міндеттерді жүзеге асыру арқылы қол жеткізетін болады:

- 1) Ұлттық маңыздағы станцияларға бақылау орнату.
- 2) Генерациялау құрылымын оңтайландыру.
- 3) Резервтік қуаттылықтарды қамтамасыз ету.
- 4) экспортталатын/импортталатын электр қуатын сату-сатып алуды орталықтандыру және экспорттық әлеуетін дамыту.

Қаржы-шаруашылық қызметі

Қоғамның 2012 жылғы табысы 102,837 млрд теңгені құрады, мұнысы 2011 жылдың соған сәйкес көрсеткішінен 8,8% артық. 2012 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша таза пайда 18 631 млн теңгені құрады. Былтырғы 2011 жылмен салыстырғанда пайда 3 705 млн теңгеге не 24,8%-ға артты (13-кесте).

13-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	102 837	94 558
Шығын, барлығы	92 760	75 987
Бір жылдағы пайда/залал	18 631	14 926

4.2.3 «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ

www.telecom.kz



«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қазақтелеком» АҚ, Компания, Қоғам) – Қазақстан Республикасының ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің кең спектрін ұсынатын ең ірі байланыс операторы.

Компанияның ұсынылып отырған қызметтердің сапасын арттыруға арнап жүзеге асырып отырған телекоммуникация желілерін жоспарлы жаңғырту мен одан әрі дамыту телекоммуникация қызметтерінің сұранымға ие болу және тұтыну деңгейінің артуына ықпал етті, бұл Компанияның табыс деңгейіне әсерін тигізді.

«Қазақтелеком» АҚ – орталықтандырылған түрде басқарылатын заңды тұлға, оның құрамында 23 филиал, сондай-ақ Ресей

Қызметінің басты көрсеткіштері

2012 ж. электр қуатының өндіріс көлемі 17 млрд 418 млн кВтс. құралы, 2011 ж. қатысты – 130 %.

Жылу қуатының өндірісі – 7 млн 471 мың Гкал, 2011 ж. қатысты 96,3%.

44 млн тонна көмір өндірілді, бұл 2011 жылдағымен салыстырғанда 8,3% артық.

Инвестициялық қызмет

Қоғамның инвестициялық қызметі капитал салымдауды қажет ететін бағыт болып табылады. Жобалар қазіргі уақытта және бұдан әрі жоспарланғандай Қоғамның, ЕТҰ-лардың меншікті қаражаттарының, республикалық бюджет пен Ұлттық Қордың қаражатының есебінен, сондай-ақ қазақстандық және халықаралық қаржылық институттардың қарыздық қаражатының есебінен қаржыландырылады. Капитал салымдарының үлкен көлеміне орай, сондай-ақ жобаларды жүзеге асырудың ұзақ мерзіміне орай қазақстандық және шетелдік банкілер жобалардың экономикалық тиімділігіне және экологиялық талаптарды ұстануға ерекше көңіл бөліп отырады.

Қоғамның іске асырылып отырған инвестициялық жобаларының қоржынына 12 инвестициялық жоба кіреді, оларды іске асыру әрекеттегі станциялардың белгіленген қуаттылығын арттыру және жаңа қуаттылықтар құру арқылы Қазақстандағы электрэнергиясы мен электр қуаты тапшылығының орнын толтыруға мүмкіндік береді. Оның 4-уі ҮИИДМБ шеңберінде, 7 жоба – Индустриалдандыру картасы шеңберінде жүзеге асырылуда.

Федерациясы, Қытай Халық Республикасында өкілдіктері бар. Компанияның Орталық кеңсесі Қазақстанның бас қаласы – Астана қаласында орналасқан. Компанияда шамамен алғанда 30 мың адам жұмыс істейді.

2012 жылдың қорытындысы бойынша Компания 4 млн. астам тұрақты байланыс абоненттеріне қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы телефонмен қамтылу тығыздығы орта есеппен әр 100 адамға 24,3 тұрақты телефондық желіні құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның Ғаламтор желісіне қатынау қызметін пайдаланушылардың саны 2012 жылдың соңына қарсы 3,2 млн адамнан асты, соның ішінде кең жолақты Ғаламторды пайдаланушылардың саны 3 млн адамды құрады.

Компанияның телекоммуникация желілеріне Қазақстан Республикасының 120 астам байланыс операторының желісі жалғанған. Оған қоса, «Қазақтелеком» АҚ алыс және жақын

шетелдегі 40-тан астам оператормен әріптестік жасап және өзара әрекеттесіп отырады.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер

Компанияның көрсетіліп отырған қызметтердің сапасын арттыру үшін жүргізіп отырған телекоммуникация желілерін жоспарлы жаңғырту мен одан әрі дамыту телекоммуникация қызметтерінің сұранымға ие болу және тұтынылу деңгейінің артуына ықпал етті, бұл Компанияның табыс деңгейіне әсерін тигізді (14-кесте).

14-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, мың теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	384 153 203	212 081 330
Шығын, барлығы	157 657 086	157 799 513
Жиынтық пайда	222 143 376	50 183 652


2012 жыл бойынша «GSM Қазақстан» ЖШС-да тоқтатылған қызметтен түскен табыс есебімен барлық табыс 384 153,20 млн теңге сомасы көлемінде есептелді, яғни 2011 жылдағы деңгейге қатысты 81,1%-ға елеулі мөлшерде өсті.

Жиынтық шығын тұтастай алғанда 157 657,09 млн теңге құрады, яғни 2011 жылдағы деңгеймен салыстырғанда 0,09% шамалы мөлшерде азайған.

«GSM Қазақстан» ЖШС-да тоқтатылған қызметтен түскен табыс есебімен жиынтық пайда 222 143,37 млн теңге сомасы көлемінде алынды, мұнысы 2011 жылдағы деңгеймен салыстырғанда 4,4 есе артық.

2012 жыл бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобындағы негізгі қызметтен түскен тұтастай алғандағы табыс 175 668,96 млн теңгені құрады, мұнысы 2011 жылдағы деңгейге қатысты 1,3%-ға артуды көрсетті (5-диаграмма).

5-ДИАГРАММА. Негізгі қызметтен түскен табыстың серпіні, млн теңге



Негізгі қызметтен түскен табыстың құрылымында халықаралық сөйлесулерден түскен табыс көлемінің аталмыш қызметтердің ұялы байланыс қызметтерімен алмастырылуына орай едәуір азаю беталысы байқалуда. Дәл сол себептен бөгде операторлардың абоненттерінен түсетін пайда азаюда.

Бұл жағдайда, сонымен қатар сымсыз байланыстан түсіп отырған табыс азаюда, бұл өзге ұялы операторлардың белсенді маркетингтік қызметіне орай халықтың ниеттестігінің төмендеуінің нәтижесі болып табылады. Соған орай Қоғам абоненттердің табыстылығын сақтап қалу үшін төртінші буындағы (4G) LTE (Long-term Evolution) технологиясына негізделген деректерді сымсыз беру қызметтерін белсенді түрде дамытуды, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді одан арғы уақытта жиынтықтауды (бір мезгілде ТВ, телефония және ШПД қызметтерін ұсыну), жоспарлап отыр.

Көшбасшылық жайғасымдарды деректерді беру қызметтері иеленуде. Жергілікті телефондық байланыс қызметінен түсіп отырған табыс тұрақты өсімін көрсетуде (6-диаграмма).


6-ДИАГРАММА. 2012 жылдағы табыс құрылымындағы 2011 жылға қатысты өзгерістер, млн теңге



Соңғы жылдар ішінде бір қызметкерге қатысты табыста өзгеріссіз түрде жағымды серпін орын алуда.

Қоғамның қызметкерлердің санын оңтайландыру бойынша жоспарлы түрде іске асырып отырған инвестициялық саясаты Компания қызметкерлерінің еңбек өнімділігінің үдемелі өсіміне арнап негіз құруда (7-диаграмма).

7-ДИАГРАММА. Бір қызметкерге қатысты табыс, мың теңге



4.2.4 «Қазпочта» АҚ

www.kazpost.kz



«Қазпочта» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қазпочта» АҚ, Компания) Ұлттық пошта операторы және республикамызда пошталық-жинақтау жүйесі дамыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асырушы ретінде белгіленген.

Пошта саласында «Қазпочта» АҚ келесі қызмет түрлерін ұсынады: хаттар мен сәлемдемелерді жіберу, жедел және курьерлік пошта, пошталық ақша аударымы, басылымдарды тарату, еңбекақы, зейнетақы және жәрдемақы төлеу, валюталық-айырбас операциялары, депозиттер, есептік-кассалық қызмет көрсету, инкассация және ақша мен құндылықтарды тасымалдау, құнды қағаздар нарығындағы брокерлік қызметтер, электронды ақша аударымдары, трансфер-агенттік қызмет, екінші деңгейдегі банкілер ұсынатын тұтынушылық несиелер бойынша қызмет көрсету.

«Қазпочта» АҚ-ның облыстарда, аудандар мен ауылды елдімекендерге кең филиалдық желісі бар, активтерінің құрылымы 2 деңгейдегі 3 компанияны құрайды.

2012 жылдың қорытындысы бойынша жиынтық табыс 27 013,6 млн теңгені құрады, бұл 2011 жылдағы деңгейден 13,9% жоғары (15-кесте).

15-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, мың теңге


Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	27 013 609	23 722 641
Шығын, барлығы	25 949 132	22 709 237
Жиынтық пайда / залал	945 876	806 508

Соның нәтижесінде 945,8 млн теңге көлемінде, яғни 2011 жылдағы деңгейде 17,3% есежоғары таза табыс алынды.

Пошталық қызметтер

Компанияның пошталық қызметтерінің көлемі жыл сайынғы өсу серпініне ие болуда (8-диаграмма).

8-ДИАГРАММА. Негізгі пошталық қызметтердің көлемі, млн бірл.




2012 жылдан бастап «Қазпочта» АҚ қаржылық-экономикалық көрсеткіштерді еншілес ұйым «Электронпост.kz» ЖШС-ның 100% есебімен біріктіруде.

Қаржылық қызметтер


Компанияның негізгі қаржылық қызметтерінің көлемі 9-диаграммада көрсетілген.

9-ДИАГРАММА. Негізгі қаржылық қызметтердің көлемі, млрд теңге



2012 жылы Компания табысының жалпы құрылымындағы пошталық және қаржылық қызметтерді ұсынудан түскен табыс тең болып келеді (44,4%, 10-диаграмма). Агенттік қызметтер үлесінің 2,6% дейін артуы байқалуда (2011 жылы – 1,5%).

10-ДИАГРАММА. Табыс құрылымы



4.2.5 «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

www.railways.kz

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) – Қазақстанның ұлттық теміржол тасымалдаушысы, заманға сай көп салалы көліктік холдинг. Компания жыл сайын шамамен елдегі барлық жүк айналымының 50%-ын жүзеге асырады. Теміржол тасымалдау қызметтерін жылына 16 миллионнан астам жолаушы пайдалануда. Компанияның мүдделер саласына жүк және жолаушылар тасымалдау, логистика, телекоммуникациялар, инфрақұрылым, инвестициялық жобалар жатады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілігінде. Арналы теміржол желілерінің қашықтығы 14 мың км-ден асады. Жүк вагондар паркі – 65 000 бірліктен астам, локомотивтер паркі – 1 900 бірліктен астам. «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің саны – 160 мыңнан артық адам.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның консолидациясына кіретін тасымалдаушылар бойынша жолаушылар айналымы 2012 жыл бойынша 16 708 млн. жолау-км құрады, бұл «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызмет көрсететін бағыттар санының көбеюіне орай 2011 жылдағы нақты көрсеткіштен 14,1%-ға жоғары.

Компанияның негізгі даму міндеттері:

- еңбек өнімділігінің артуы.
- жүрдек жолаушылар қозғалысын дамыту мен ұйымдастыру.
- жүк тасымалдау саласындағы жетекші жайғасымдарды қамтамасыз ету.
- отандық теміржол машина жасау саласын құру.
- жаңа инфрақұрылымдық жобалар.

Бүгінде Компания ең беделді үш рейтингілік агенттіктің рейтингіріне ие болуда:

1. Standard & Poor's – BBB-/Тұрақты деңгейінде;
2. Fitch Ratings – BBB-/Жағымды деңгейінде;
3. Moody's Investors Service – Baa3/ Тұрақты деңгейінде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2012 ж. қаржы-экономикалық қызметі

2012 жылдың 12 айы бойынша жалпы табыс 2011 жылға қатысты 15%-ға артты. Ағымдағы қызметке жұмсалған жалпы шығын өзіндік құн шығындарының 16%-ға өсуіне орай былтырғы жылдың деңгейіне қатысты 20%-ға артты. Шығынның артуының басты себебіне тасымалдау көлемінің, сатып алынатын материал, отын-энергетика ресурстары бағасының өсуі, АЕК-ның, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің еңбекақысын өсіруге байланысты еңбекақының, Арал маңындағы экологиялық апат аудандарында тұратын тұлғаларға төленетін қосымша төлем өлшемінің өсуі айналды (16-кесте).

16-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	819 326	712 096
Шығын, барлығы	705 998	589 209
Бір жылдағы пайда/залал	113 328	122 826

2012 жыл бойынша **тарифтік жүк айналымы** 235 845 млн т-км деңгейінде орындалды, бұл былтырғы жылдың соған сәйкес кезеңіндегі іс-жүзіндегі көрсеткішпен салыстырғанда жүк тасымалдау көлемі өсімінен 5,5% жоғары.

2012 жыл бойынша **жүк тасымалдау** көлемі 294 716 мың тонна деңгейіне жетті, 2011 жылғы іс-жүзіндегі көрсеткіштен 5,4% жоғары.

2012 жыл бойынша **жүк тиеу** 257847 мың тоннаны құрады, бұл 2011 жылғы іс-жүзіндегі көрсеткіштен 3,6% жоғары және астықты, түсті кендерді, мұнай өнімдерін, темір кенін тиеу көлемінің артуымен байланысты болуда.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ консолидациясына кіретін тасымалдаушылар бойынша 2012 жылы **жөнелтілген жолаушылардың** саны 19 498 мың адамға жетті, бұл 2011 жылғы іс-жүзіндегі көрсеткіштен 17,8% жоғары.

4.2.6 «ЭЙР АСТАНА» АҚ



«Эйр Астана» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания, авиакомпания, Қоғам) «Самұрық-Қазына» АҚ (51%) мен британиялық BAE Systems (49%) компаниясының бірлескен кәсіпорны болып табылады. Компания 2001 жылдың қыркүйегінде құрылған және өзінің бірінші рейсін 2002 жылдың 15 мамырында орындады.

Қазіргі уақытта авиакомпания 20 ішкі және 43 халықаралық рейсті, соның ішінде үш маусымдық бағытты орындауда. «Эйр Астана» авиакомпаниясының флоты батыс өндірісінің 26 әуе кемесінен тұрады. Компания 2020 жылға қарсы өзінің әуе кемелерінің флотын 43 ұшаққа дейін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Миссиясы – халықаралық және ішкі бағыттар бойынша клиенттердің үміттенулеріне, компанияның мүддесі мен Қазақстан Республикасының қажетсінулеріне сай келетін ең жоғары қауіпсіздік және сервис стандарттарына сәйкес авитасымалдау қызметтерін ұсыну.

Ірі инвестициялық жобалар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 2012 жылға арналған күрделі салымдар жоспары «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2012 жылдың 12 қазанындағы шешімімен 498 849 млн теңге көлемінде бекітілді. Орындалу шамасы 501 259 млн теңгені не жоспарға қатысты 100% құрады, бұл 2011 жылдағы соған сәйкес кезеңдегі іс-жүзіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 1,3 есе жоғары.

Есептік кезең ішінде төмендегідей ірі жобалар іске асырылды:

1. Қорғас – Жетіген және Өзен – Түркіменстанмен мемлекеттік шекара жаңа теміржол желілеріндегі жұмыстар аяқталып және қозғалыс ашылды.
2. Отандық көліктік машина жасау саласын құру шеңберінде Астана қаласында «Тальго» жолаушылар вагондарының өндірісі одан әрі жалғасып және «Alstom» компаниясының технологиясы бойынша заманауи электровоздар жасау зауыты пайдалануға берілді.
3. Жолдың беткі құрылысына 692 км көлемінде 43 228 млн теңге сомаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.
4. 152 локомотив, 14,2 мың жүк және 102 жолаушылар вагоны жасалды, жолдың беткі құрылысына 692 км көлемінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.
5. «Востокмашзавод» АҚ негізінде ірі вагон құю өндірісін жаңғырту жобасы іске асырылды.
6. Жалпы ұзындығы 1200 км-ден асатын екі ауқымды Бейнеу – Жезқазған және Арқалық – Шұбаркөл теміржол желілерінің құрылысы басталды.

2012 жылдағы қызметінің басты көрсеткіштері

Компанияның негізгі қаржылық көрсеткіштері 17-кестеде келтірілген.

17-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.
Табыс, барлығы	152 297	127 973
Шығын, барлығы	140 484	116 618
Бір жылдағы пайда/залал	9 107	8 982

Компанияның операциялық статистикасы мен негізгі шығындарының құрылымы соған сәйкес 18 және 19 кестелерде көрсетілген.

18-КЕСТЕ. Операциялық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2011 ж.	Өзгерістер
Әуе кемелерінің ұшуы	сағат	84,501	79,006	7,0%
Әуе кемелерінің қонуы	саны	34,634	32,221	7,5%
Тасымалданған жолаушылар саны	мың адам	3,245	2,989	8,7%
Ішкі рейстер бойынша	мың адам	1,986	1,916	3,7%
Халықаралық рейстер бойынша	мың адам	1,259	1,073	17,3%
Жүк, қолжүгін, поштаны тасымалдау	тонна	22,076	18,232	21,1%
Орындалған жолаушылар айналымы	млн ж/км	6,398	5,828	9,8%
Шекті жолаушылар айналымы	млн ж/км	9,467	8,508	11,3%
Коммерциялық жүктеме коэффициенті	%	68	69	1 pps

19-КЕСТЕ. Қаржылық көрсеткіштер, мың теңге

Атауы	2012 ж.	2011 ж.	
Операциялық пайда	11,356,399	10,158,280	11,8%
Салық салуға дейінгі пайда	11,812,511	11,354,801	4,0%
Таза пайда	9,106,980	8,981,894	1,4%
Ұзақ мерзімді активтер, банкідегі депозиттерді қоспағанда	52,026,974	36,911,226	41%
Ағымдағы активтер, соның ішінде	36,391,460	20,471,512	77,8%
Ақшалай қаражаттар, банкідегі депозиттерді қоса алғанда	18,620,495	4,769,197	90,4%
Акционерлік капитал	42,611,225	36,198,813	17,7%
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	22,329,931	1,793,500	1 145,0%
Ағымдағы міндеттемелер	23,477,278	19,390,425	21,1%

ЕО аумағына ұшуға тыйым салудан босатудың сақталуы

«Эйр Астана» авиакомпаниясының босатылуы SAFA көрсеткіштерін қамтитын бірнеше факторларға негізделген.

Флотты жаңарту

2012 жылы Компания флотты жаңарту жоспарын толық көлемде орындады. Қараша мен желтоқсанда компания Эйр-бас буынындағы үш А320 ұшақтарының жеткізілімін оны мейрам күндеріне орайластырумен қабылдап алды. 2012 жылдың басында жаңа Боинг ұшақтарының рекордтық 1,3 млрд долл. АҚШ соманы құрайтын жеткізілімі туралы тапсырыстың жайғастырылғаны туралы хабарланды.

Ұшақтарды сатып алуға қаржы бөлу

Жоспарланғандай, 2012 жылы сатып алу келісімшарттары бойынша тікелей жасаушы-зауыттардан жеткізілген төрт ұшақты сатып алу экспорт-несиелік агенттіктердің кепілдемелері бойынша қаржыландырылды.

Маршруттық желіні дамыту

Компания 2012 жылы жаңа маршруттарды іске қосумен және әрекеттегі рейстердің жиілігін көбейтумен маршруттық желіні едәуір кеңейтті. Мысалы: Астанадан Бакуге (Әзірбайжан), Ташкент (Өзбекстан), Санкт-Петербург (Ресей), Омбы (Ресей) және Бейжің (Қытай) және Алматыдан Қазанға (Ресей), Гонконг (Қытай) пен Хошиминге (Вьетнам).

Техникалық орталығын дамыту

2012 жылы компания әуе кемелеріне инженерлік-техникалық қызмет көрсету саласындағы өңірлік көшбасшы жайғасымына ие болу талпынысында елеулі прогреске қол жеткізді.

Борттық және жерүсті қызмет көрсетуді жақсарту

Skytrax халықаралық рейтингілік компанияы «Эйр Астана» авиакомпаниясын Орталық Азия мен Үндістандағы ең үздік авиакомпания деп таныды және компанияға награда – жолаушыларға жоғары деңгейдегі қызмет көрсетуі үшін 4 беделді жұлдызды ұсынды.

4.3 ҚАРЖЫЛЫҚ ТОП (ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ)

4.3.1 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АҚ

www.kdb.kz



«Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Даму банкі, ҚДБ) өзінің міндеті Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілетті шикізаттық емес секторын тұрақты қаржыландыру көздерін ұсынумен дамыту болып табылатын қаржылық институт болып табылады.

ҚДБ 2001 жылдың мамыр айында экономиканы әртараптандыруға ықпал ететін жобалардың қаржыландыру, және ел экономикасына ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту мақсатында құрылған.

Даму банкінің миссиясы: Қазақстанның Даму банкі – Қазақстан экономикасының шикізаттық емес және инфрақұрылымдық секторларын жаңғырту мен дамыту бойынша ұлттық институт.

Даму банкі үшін **негізгі салалық басымдылықтарға** мына салалардағы жобалар жатады:

- өңдеу секторы: машина жасау, химия, мұнай химиясы металлургия;
- инфрақұрылым: өндірістік, энергетикалық, көліктік, телекоммуникациялық, туристік;
- өндіріліп отырған ресурстарды артында өңдеумен тау-кен өндіру өнеркәсібі.

2012 жылы ҚДБ-мен жалпы құны 4,7 млрд АҚШ долл. құрайтын 7 займ келісілді. Аталмыш жобалар экономиканың көлік, энергетика, металлургия және мұнай-химия тәрізді секторларында іске асырылатын болады.

ҚДБ-ның 2012 жылдың соңына қарсы несиелік қоржынының көлемі 473 995 млн теңгені құрады, келісілген жобалар бойын-


ша қаражаттардың игерілуі 121 095 млн теңгені құрады, с.і. («Атырау мұнай химия зауытын жаңғырту», «Мойнақ ГЭС-ның құрылысы», «Borovo Tourism City» ЖШС туристік-қонақ үй кешенінің құрылысы» және т.б.) жобалары бойынша.

Экономика салалары бойынша несиелік қоржынның құрылымы 11 диаграммада көрсетілген.

ҚДБ-ның ағымдағы қоржынына ҮИИДМБ шеңберінде займның жалпы сомасы 4,2 млрд АҚШ долл. құрайтын 22 жоба кіреді.

ҚДБ-ның 2012 жылдың соңына қарсы инвестициялық жобалар бойынша орташа салмақталған сыйақы мөлшерлемесі жылдық 8,0% құрады, мұнысы коммерциялық банкілермен берілген несиелерге қатысты мөлшерлемелерден едәуір төмен, ҚДБ-ның ортаға несиелендіру мерзімі 11 жылды құрайды.

11-ДИАГРАММА. Экономика салаларының қимасындағы несиелік қоржын



Көлік және логистика
АӘК
Химия мен мұнай химиясы
Энергетика
Құрылыс
Жеңіл өнеркәсібі
ТМК
Өзге салалар

20-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер

Атауы	Өлш.бірл.	2012 ж.		Жоспарға қатысты %-бен
		Жоспар	Іс-жүзінде	
Табыс, барлығы	млн теңге	50 508,432	61 314,766	121
Шығын, с.і.	млн теңге	47 976,088	43 374,66	90
Таза табыс/(залал)	млн теңге	2 044,352	15 265	747
ROA	%	0,2	1,60	691
ROE	%	1,0	6,5	676

Есептік кезең ішінде ҚДБ-ның табысы 61314,8 млн теңге, не жоспарланған көрсеткіштің 121% құрады (20-кесте). Жалпы табыс құрылымында 93% үлес пайыздық табысқа тиесілі. Шығын 43374,66 млн теңге көлемінде қалыптасты. Есептік кезең бойынша таза табыс 15170,63 млн теңгені құрады. Активтердің оңтайлылығы (ROA) мен капиталдың оңтайлылығы (ROE) жоспарлы мәндерден 6 еседен артық мөлшерге асты, бұл таза табыс бойынша жоспардың асырылуымен байланысты.

Қатыстырылған несиелер, соның ішінде бейрезиденттердің алдындағы несиелер

Қор құрудың қажетті базасын қамтамасыз ету мақсатында ҚДБ капиталдың ішкі сондай-ақ сыртқы нарығында әртүрлі қарыз алу аспаптарын қолданып отырады, олар – облигацияларды шығару мен жайғастыру, синдикатталған займдарды, банкаралық және бюджеттік несиелерді қатыстыру, несиелік желілерді игеру және т.б.

Заемдық қоржынды өртарандыру мақсатында 2012 жылы ҚДБ-да «аль-Мурабах» құрылымы бойынша Шариаттың ұстанымдарына сәйкес жалпы сомасы 1,5 миллиард малазиялық ринггитке дейін Исламдық Ортамерзімді Ноталарды шығару бағдарламасы жарияланды. Аталмыш Бағдарламаны 2012 жылдың екінші тоқсанында Малайзияның Орталық Банкі (Bank Negara Malaysia) мен Малайзияның құнды қағаздар жөніндегі комиссиясы жанындағы Шариат бойынша Кеңес беру кеңесі келіскен болатын.

Бағдарлама шеңберінде 2012 жылдың шілдесінде ҚДБ сомасы 240 миллион малазиялық ринггитті құрайтын «Сукук «аль-Мурабах» исламдық облигацияларының бірінші шығарылымын

сәтті түрде жариялады. Шығарылымның 62%-ы малазиялық инвесторларға, ал 38% – Қазақстан нарығында үлестірілген болатын.

Осылайша, ҚДБ ТМД, Орталық және Шығыс Еуропа өңіріндегі малайзиялық құнды қағаздар нарығында құнды қағаздарын жайғастырған тұңғыш эмитентке айналды.

2012 жылдың желтоқсанында ҚДБ \$1 млрд соманың еурооблигацияларын 10 жыл өтеу мерзімімен және жылдық 4,125% купондық мөлшерлемен халықаралық нарықта жайғастыруды сәтті түрде аяқтады. Бұл мәміле қазақстандық банкілердің арасында бір транш шеңберіндегі ең ірі шығарылымға айналды және оның ТМД елдерінің егеменді емес эмитенттерінің арасында төмен табыстылық және купондық мөлшерлеме параметрлері төмен болып келеді.

ҚДБ-ның 2012 жылғы «Сукук» исламдық облигацияларының шығарылымы мен Еурооблигациялармен жанама түрде алмасу бойынша халықаралық мәмілелері «Малазиялық ринггиттердегі сукуктың ең үздік шығарылымы» және «Облигациялардың ең инновациялық шығарылымы» категорияларында EMEA Finance беделді халықаралық басылымының «Achievement Awards 2012» наградаларын иеленді.

Корпоративтік басқару

ҚДБ корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруді мақсат етуде. «КПМГ» ЖШС компаниясы жүргізген диагностикалаудың қорытындысы бойынша ҚДБ-дағы корпоративтік басқару рейтингісі 62,4 рейтингтік тармақты (2011 жылы – 51,25 рейтингтік тармақты) құрады.

4.3.2 «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУҒА ҚОҢАСТАНДЫРУ ҚОҢАСТАНДЫРУ ҚОҢАСТАНДЫРУ ҚОҢАСТАНДЫРУ АҚ

www.damu.kz



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму» қоры, Даму) – ұлттық даму институты, оның негізгі мақсаты кәсіпкерлік қолдау шараларының негізгі операторы және ықпалдастырушысы ретінде Қазақстан Республикасындағы бизнестің сапалы дамуына ықпал ету, сонымен қатар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық ресурстарға қатынауын қамтамасыз ету.

«Даму» қорының миссиясы

Қазақстандағы шағын және орта бизнестің сапалы дамуына ықпал ету.

«Даму» қорының негізгі мақсаттары:

1. Шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру көлемін арттыру және қаржыға қол жетімділігін қамтамасыз ету.

2. Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы кәсіпкерлікті қаржыландыру көлемін арттыруға ынталандыру.
3. Потенциалды және әрекеттегі кәсіпкерлерді халықтың кәсіпкерлік әлеуетін күшейтуге арналған қаржылық емес қолдаумен қамту көлемін арттыру.
4. Қызметінің тиімділігін арттыру.

Шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру көлемін арттыру және қаржыға қол жетімділігін қамтамасыз ету

2012 жылы шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) несиелендіруге «Даму» қоры 23339 млн теңге, «Даму-Өңірлер» бағдарламасын іске асыруға жалпы бөлінген қаражаттың 64,4% жұмсады, шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру, Жаңа-өзен қ. жекеменшік кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және ШОБ субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асыруға жалпы бөлінген қаражаттың 35,6% жұмсалды.

ШОБ-ты қаржыландырудың қол жетімділік дәрежесін арттыру мақсатында «Даму» қоры өз бағдарламалары шеңберінде ең жоғары сыйақы мөлшерлемесі бойынша шектеуші шарттарды ескеруде. 2007–2011 жылдар бойынша «Даму» қорының бағдарламалары бойынша орташа салмақталған мөлшерлеме біртіндеп 18%-дан 11% дейін төмендеп кетті.

Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы кәсіпкерлікті қаржыландыру көлемін арттыруға ынталандыру.

Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы, және ең алдымен өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлікті қаржыландыру көлемін арттыру үшін «Даму» қоры «ДКБ 2020» бағдарламасының қаржылық агенті ретінде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялап және кепілдемелер ұсынып отырады, сондай-ақ «Даму-Өндіріс» бағдарламасын және ШОК субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру жүзеге асырады. 2012 жылы «Даму» қорының бағдарламаларына қатысатын өңдеу өнеркәсібі кәсіпкерлерін қаржыландырудың жалпы сомасы 131,6 млрд теңгені құрады, мұнысы 2011 жылдағы соған сәйкес көрсеткіштен 7,1 млрд теңге артық. «Бизнесің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде 01.01.2013 ж. қатысты жалпы сомасы 492,3 млрд теңгенің несиелерін субсидиялау туралы 2221 келісімшартқа қол қойылды, соның ішінде, 1-ші бағыт бойынша 1 877 келісімшарт, 2-ші бағыт бойынша – 186 келісімшарт, 3-ші бағыт бойынша – 158 келісімшартқа қол қойылды.

Келісімшарттардың ең көп санына Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе және Шығыс-Қазақстан облыстарында қол қойылды.

2012 жылы кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдаумен қамту ауқымын арттыру мақсатында «Даму» қоры Бағдарламаның 4-ші «Бизнесің жол картасы 2020» бағытының операторы ретінде «Бизнес-Советник» кәсіпкерлерге арналған қысқа мерзімді оқыту бағдарламасын іске асыруды жалғастырды, сондай-ақ ШОК-ты сервистік қолдау, ШОБ топ-менеджментіне үйрету

бағдарламасын және «Іскерлік байланыстар» жобасын іске қосты. Нәтижесінде «Даму» қорының осы бағыттағы бағдарламасына қатысушылардың жалпы саны 2010 жылдағымен салыстырғанда 1,6 есе артты және 27,4 мың адамға жетті.

«Даму» қоры Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 22.06.2012 ж. тапсырмасын орындау мақсатында кәсіпкерлерге «бір терезе» принципі бойынша кешенді қызмет көрсететін бірыңғай орталықтар құруда. Кәсіпкерлердің біліктілігін дамыту орталықтарын

- облыстық деңгейде Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарынан (бұдан әрі – КҚКО);
- моноқалалар деңгейінде – Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарынан (бұдан әрі – КҚО);
- аудандық деңгейде – жылжымалы КҚО-лардан тұрады.

2012 жылы «Даму» қоры Алматы қ. мен Оңтүстік-Қазақстан облысында Шымкент қ. КҚКО-ларды іске қосты, оларда 2 043 астам ШОК субъектілері мен жеке тұлғаларға қызмет көрсетілді, мемлекеттік қолдау аспаптары мен сервистік қызметтерді тізіміне енгізілген арнайы кеңес берулер бойынша 2 844 кеңес берілген.

КҚО-ны 27 моноқалада құру жоспарлануда, олардың 12-і 2012 жылы Жезқазған, Балқаш, Сараң, Қаражал (Қарагандинская область), Арқалық, Жітіқара (Қостанай облысы), Қаратау, Жаңатас (Жамбыл облысы), Зырян, Серебрянск (Шығыс-Қазақстан облысы), Кентау (Оңтүстік-Қазақстан облысы), Күлсары (Атырау облысы) қалаларында іске қосылды. 2012 жылы КҚО 540 кәсіпкерге 661 кеңес беру қызметтерін ұсынды. 2012 жылы Қостанай, Павлодар, Жамбыл, Оңтүстік-Қазақстан және Қарағанды облыстарында 5 жылжымалы КҚО іске қосылды. 2012 жылдың нәтижелері бойынша жылжымалы КҚО-лар 540 кәсіпкер мен кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға 582 кеңес беру қызметтерін ұсынды.

21-КЕСТЕ. «Даму» қорының негізгі қаржылық көрсеткіштері

Атауы	2012 ж.		
	Жоспар	Іс-жүзінде	Жоспарға қатысты %
Табыс, барлығы, мың теңге	14 277 190	14 173 313	99
Шығын (КТС-сыз), барлығы, мың теңге	11 504 766	9 741 292	85
Жиынтық пайда, мың теңге	2 217 939	3 456 204	156
ROA, активтердің оңтайлылығы	1,1	1,9	173
ROE, капиталдың оңтайлылығы	3,0	4,5	150

Негізгі және негізгі емес қызметтен түскен пайда 14 173,3 млн теңгені құрады (21-кесте).

2012 жыл бойынша жалпы шығын 9 741,2 млн теңгені құрады, шығын бойынша үнем 1,76 млрд теңге не 15% құрады.

2012 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша сомасы 3 456,2 млн теңге таза табыс алынды. Таза пайданың жоспарланған көрсеткішінің орындалуы 156% құрады.

Жоспарланған жалпы көрсеткіштердің табыс пен шығын бойынша азаюы іске асырылып отырған бағдарламалар бойынша

жайғастырылған сомаларды жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеумен, кредиторлардың алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеумен байланысты.

2012 жылғы қызметінің оңтайлылық көрсеткіштері жоспарланған шамадан 56%-ға асатын таза табысқа ие болудың арқасында жоспарланған көрсеткіштен асты.

4.3.3 «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ

<http://fnsk.kz/rus/index.php>



«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік қоры) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 ж. 6 наурызындағы № 265 «Жылжымайтын мүлік нарығындағы мәселелерді шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы» қаулысына сәйкес құрылған.

Миссиясы – тұрғын үй құрылысына инвестиция құю арқылы халық үшін тұрғын үйдің қол жетімділігін арттыру.

Көздеген мақсаты – тұрғын үй құрылысына инвестиция жұмсайтын және жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруды жүзеге асыратын еліміздегі жетекші қаржылық институт.

Жылжымайтын мүлік қоры **қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары:**

1. Мемлекетке жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруға көмек көрсету;
2. Тұрғын үй құрылысына инвестиция жұмсау;
3. Қызметінің тиімділігін арттыру

Жылжымайтын мүлік қорының қызметі Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының дамуына ықпал етуге бағытталған.

Жарғыға сәйкес Жылжымайтын мүлік қоры келесі шараларды жүзеге асырады:

- тұрғындық және коммерциялық үй-жайлар түрінде жаңа активтерді құру;
- құрылыс нысандарын қаржыландыру, құрылысы аяқталған не салынып жатқан жылжымайтын мүлік нысандарындағы тұрғындық және тұрғындық емес (коммерциялық) үй-жайларды сатып алу;
- жылжымайтын мүлікті басқаруды қамтамасыз ету (жылжымайтын мүлікті жалға беру, сонымен бірге артынша сатып алумен жалға беру, сату, пайдалану, күтім жасау және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және т.б.).

Жылжымайтын мүлік қоры 2009 жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің тіркеу органдарында тіркелген.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ компаниялар тобының құрылымы

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

«Менеджмент ЖҚ» ЖШС (100% қатысу үлесі)

Компания акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (Жалғыз акционер) тиесілі.

«Менеджмент ЖҚ» ЖШС 2010 жылы құрылған. Оның жалғыз құрылтайшысы Жылжымайтын мүлік қоры. «Менеджмент ЖҚ» ЖШС қызметінің негізгі бағыты тұрғындық және коммерциялық үй-жайларды жалға беру, жылжымайтын мүлікті күтімі мен пайдалануға бақылау жүргізу.

2012 жылдың қаңтар айында Жылжымайтын мүлік қоры өзінің еншілес компаниясы – 2010 жылы құрылған «Зәулім» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100% сатты. «Зәулім» ЖШС қызметінің негізгі бағыты ғимараттар мен құрылыстарды салу, жобалау-іздістіру қызметі, сәулет, қала салу және құрылыс қызметі саласындағы эксперттік жұмыстар мен инжинирингтік қызметтер.

Мемлекетке жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруға көмек көрсету бойынша жүргізіліп отырған жұмыстың қорытындылары бойынша 2012 жылы Жылжымайтын мүлік қоры Дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асыруды аяқтап қалды, соның шеңберінде (есептік күнге қарсы бұзылған келісімшарттарды санамағанда) Астана, Алматы қалалары мен Алматы облысындағы жалпы сомасы 83,5 млрд теңгенің 21 нысанының құрылысын аяқтау міндеттемелері қабылданды. Іс-жүзінде 82,8 млрд теңге инвестиция жұмсалды.

Есептік күнге қарсы 20 нысанның құрылысы аяқталды, 17 нысан пайдалануға енгізілді, соның ішінде 2012 жылы – 3 нысан пайдалануға енгізілді. 2 мың үлескердің, соның ішінде 2012 жылы – 874 үлескердің мәселелері шешілді. Жылжымайтын мүліктік сатып алынған пулы 565,2 мың шаршы метрді құрады, соның ішінде тұрғындық аудан 394,5 мың шаршы м құрауда.

2012 жылдың маусым айында Үкімет «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын бекітті, ол тұрғын үйдің халық үшін қол жетімділігін арттыруды қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысы мәселелерін кешенді шешуге бағытталған.

Жылжымайтын мүлік қоры аталмыш Бағдарламасын іске асыру жөніндегі негізгі операторлардың бірі етіп белгіленген.

Бағдарламаға сәйкес, Жылжымайтын мүлік қорының қатысуымен тұрғын үй нысандарын салудың негізгі механизмдері мыналар:

1. Жеке құрылыс салушылардың (инвесторлардың) инвестициялық сұранымдары бойынша құрылысты ұйымдастыру. *(Жобаларды іріктеу кезінде өздерін қаржыландыруда құрылыс салушының (инвестордың) үлесі жоғары болып келетін жобалар ұтатын болады).*
2. Жылжымайтын мүлік қорының жобаларды жергілікті атқару органдарының жер телімдерінде *(инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген)* іске асыруы.
3. Мақсаттық депозит арқылы жобаларды іске асыру. *(Мақсаттық банкілік салымдар тұрғын үй нысандарының құрылысы үшін құрылыс салушыларды несиелендіруге жұмсалатын болады).*

Жобаларды іске асыру құрылыс салушының (инвестордың) жобаға кемінде 20% қатысу үлесімен қатысу шартымен жеке капиталмен серіктестік принциптеріне негізделумен жүргізіледі.

2012 жылы «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры тұрғындық нысандардың құрылысына сомасы 21 млрд теңге инвестиция жұмсау туралы 2 келісімшартты жасасты.

Тұрғындық нысандардың жалпы ауданы – 145,63 мың шаршы м, соның ішінде Жылжымайтын мүліктің қоры – 115,15 мың шаршы м «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысына қатыстырылған жекеменшік инвестициялардың үлесі 21% құрады.

Жылжымайтын мүлік қорының есептік кезең бойынша жиынтық табысы 7 046,8 млн теңге, яғни 2011 жылғы көрсеткішке қатысты 84%. Табыстың азаюы 2010–2011 жылдардағы дағдарысқа қарсы бағдарлама бойынша жылжымайтын мүлік пулының едәуір көлемде сатылуына байланысты жоспарлы жағдай болып табылады (22-кесте).

22-КЕСТЕ. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорының негізгі қаржылық көрсеткіштері, млн теңге

Атауы	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2011 жылдағы іс-жүз. жағд. қатысты %-бен
Жалпы табыс	4 381,5	8 431,6	7 046,8	83,6
Жалпы шығын	3 567,8	4 056,8	2 875,5	70,9
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығын	430,5	1 101,6	792,0	71,9
Таза табыс (залал)	383,2	3 273,3	3 379,3	103,2

4.3.4 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКІЛЕР

«АЛЬЯНС БАНК» АҚ

www.alb.kz



Қайта құрылымдау

2010 жылдың 26 наурызында «Альянс Банк» АҚ (бұдан әрі – АБ) міндеттемелерін қайта құрылымдау ісі аяқталған болатын.

Қайта құрылымдаудың нәтижесінде сыртқы борыш 4,43 млрд АҚШ долл. 1,08 млрд АҚШ долл. дейін азайып және қаржыландыру шарттары 7 жылдан 20 жылға дейін 4–10-жылдық жеңілдік кезеңімен ұзартылды.

Құрылымы

Ағымдағы сәтте АБ акционерлерінің құрылымы мынадай болып келеді:

- «Самұрық-Қазына» АҚ: 67%;
- кредиторлар: 33%.

АБ ел бойынша кең тараған филиалдық желіге ие, ол қызметкерлерінің жалпы саны 3 448 адамды құрайтын 19 филиал мен 106 бөлімшеден тұрады.

АБ-ның даму перспективаларының көрінісі

- Дамыған корпоративтік басқару жүйесі мен халықаралық деңгейдегі тәуекел-менеджмент жүйесіне ие коммерциялық тұрғыдан тиімді, тұрақты және транспаренттік банкілік ұйым;
- активтерінің көлемі бойынша Қазақстанның ең ірі жекеменшік банктерінің ондығына кіретін жүйе құрушы банк;
- халыққа қызмет көрсетуге, заңды тұлғаларға операциялық қызмет көрсету мен шағын және орта бизнесті қаржыландыруға бағытталған нарықтың барлық сегменттерінде қызмет ететін әмбебап банк.

Қаржылық көрсеткіштер

Капитал

АБ-ның 31.12.2012 ж. қатысты капиталы 11,147 млрд теңгені құрады. 2012 жылы АБ сомасы 17,85 млрд теңге қосымша ақысы төленген капиталды таныды, ол аналық компаниямен жүргізілген операциялардан туындаған. 2012 жылдың желтоқсанында «Самұрық-Қазына» АҚ өзінің бондылары бойынша купонының мөлшерлемелерін 4%-дан 6% дейін арттырды. Мұндай өзгерту аталмыш бондылардың әділ құнының артуына әкелді, мұны АБ қосымша ақысы төленген капитал деп таныды.

Активтер

АБ-ның 31.12.2012 ж. қатысты активтері 590,0 млрд теңгені құрады, артуы негізінен Несиелік қоржынның өсуіне (60,1 млрд теңгеге) орай орын алды.

Міндеттемелер

АБ-ның 31.12.2012 ж. қатысты міндеттемелері 578,9 млрд теңгені құрады, бұл жағдайда Депозиттік қоржын 43,0 млрд

теңгеге артты. Құнды қағаздармен РЕПО мәмілелері бойынша берешегінің артуы 28,9 млрд теңгені құрады.

Қаржылық нәтиже

2012 жылдың қорытындысы бойынша АБ 640 млн теңге көлемінде табысқа ие болды. 2012 жылы өздерін АБ сату үшін қолда бар деп бағалайтын «Самұрық-Қазына» АҚ-ның бондылары бойынша әділ құнның өзгеруінен болған 8,37 млрд теңге көлеміндегі өзге жиынтық залалды таныды. Бұл залал ұқсас аспаптар бойынша нарықтық мөлшерлемелердің 2011 жылғы 4,95%-дан 2012 жылғы 5,88%-ға дейін өсуінің нәтижесінде туындады, оларды АБ аталмыш активтердің әділ құнын анықтау кезінде дисконттау мөлшерлемесі деп бағалайды. Өзге жиынтық залалды тануды ескерумен, жиынтық залал 7,73 млрд теңге соманы құрады.

Рейтингілер

Standard and Poor's (18.10.2012 ж.):

B-/тұрақты
kzBB-

Fitch Ratings: B-/тұрақты/B (18.06.2012 ж.)

«БТА БАНК» АҚ

www.bta.kz



Қайта құрылымдау

2010 жылы «БТА Банк» АҚ-ның (бұдан әрі – БТА) сыртқы және ішкі міндеттемелерін қайта құрылымдау аяқталған болатын. Оның қорытындысы бойынша БТА берешегінің мөлшері сол берешекті өтеу мерзімін 8 жылдан 20 жылға ұзартумен 12,2 млрд АҚШ долл. 4,2 млрд АҚШ долл. дейін азайды. Алайда, активтер мен міндеттемелердің теңгерімсіздігіне, қор жинаудың жоғары бағасына орай, несиелік қоржын сапасының нашарлауына және өтімділікпен орын алып отырған мәселелерге орай 2011 жылдың желтоқсанында қайта құрылымдау басталған болатын, ол 2012 жылдың желтоқсанында аяқталды. Екінші қайта құрылымдаудың нәтижелері бойынша БТА оның 1,2 млрд АҚШ долл. сомасын құрайтын қаржылық берешегін қарапайым акцияларға айырбастаудың, өзге кредиторлардың сомасы 9,04 млрд АҚШ долл. құрайтын талаптарын 1,6 млрд АҚШ долл. көлеміндегі ақшалай қаражаттарға және сомасы 750 млн АҚШ долл. құрайтын жаңа облигацияларға айырбастау арқылы, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның КЕХС бойынша сомасы 1,6 млрд АҚШ долл. құрайтын зайымының әділ құнын көрсету арқылы және БТА-ның қолында бар «Самұрық-Қазына» АҚ облигациялары бойынша купонды жылдық 4%-дан 6%-ға дейін арттыру арқылы шамамен 10 млрд АҚШ долл. сомасы көлемінде қайта капиталдандырылды.

Құрылымы

Екінші қайта құрылымдау аяқталғаннан кейінгі БТА акционерлерінің құрылымы келесі түрде ұсынылған:

- «Самұрық-Қазына» АҚ - 97,26%

- Өзгелері (қатысу үлесі 5%-дан кем) – 2,74%
- Ағымдағы сәтте БТА Қазақстан бойынша кең тараған филиалдық желіге ие, ол қызметкерлерінің жалпы саны 4 895 адамды құрайтын 22 филиал мен 222 бөлімшеден тұрады.

Сонымен қатар, БТА-ның:

- Украина, Ресей, БАЭ, Қытай мен Лондонда халықаралық өкілдіктері бар;
- Банкілер желісі Ресейге, Украина, Беларусь, Армения, Грузия, Қазақстан мен Түркияға тараған.

БТА-ның даму перспективаларының көрінісі

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның екінші деңгейдегі банкілерден шығу стратегиясын іске асыру шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ БТА-ны оны сатып алуға мүдделі инвесторға сату жұмысын бастады.

Потенциалды инвесторлардың қызығушылығы келесі жағдайлармен туындауы мүмкін:

- БТА жүйе құрушы банк болып табылады, ол активтерінің көлемі бойынша екінші деңгейдегі банкілердің арасында үшінші және несиелік қоржынының өлшемі бойынша екінші банк болып табылады;
- БТА халыққа қызмет көрсетуге, заңды тұлғаларға операциялық қызмет көрсету мен шағын және орта бизнесті қаржыландыруға бағытталған нарықтың барлық сегменттерінде қызмет ететін әмбебап банк болып табылады.

Қаржылық көрсеткіштер

Активтер

БТА 31.12.2012 ж. қарсы активтері 1 611 млрд теңгені құрады. 31.12.2011 ж. салыстырғандағы өсімге негізінен «Самұрық-Қа-

зына» АҚ-ның купонының 4%-дан 6% дейін артуының нәтижесінде оның облигацияларының жаңа әділ құнының танылуына орай қол жеткізілді.

Міндеттемелер

БТА-ның 31.12.2012 ж. қарсы міндеттемелері 31.12.2011 ж. салыстырғанда 685 млрд теңгеге азаюымен 1 342 млрд теңгені құрады. Шығарылған борыштық құнды қағаздардың азаюы БТА-ның міндеттемелерін 2012 жылы қайта құрылымдауға орай орын алды. Қайта құрылымдау шеңберінде БТА «Самұрық-Қазына» АҚ-дан қарыздық қаражат алды, займның 31.12.12 ж. қарсы баланстық құны – 105 748 млн теңге.

Капитал

БТА-ның 31.12.2012 жылға қарсы капиталы қайта құрылымдаудан түскен табыстың, «Самұрық-Қазына» АҚ депозиттері мен капиталға салымдалған субординацияланған облигациялардың

бір бөлігін, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның облигациялары мен займы бойынша дисконтты айырбастаудың есебінен 269 млрд теңгені құрады.

Қаржылық нәтиже

2012 жылдың қорытындысы бойынша 2012 жылғы таза пайда негізінен 1 074 млрд теңге көлеміндегі қайта құрылымдаудан түскен табыстың және пайыздық шығынның 20 млрд теңгеге азаюының есебінен, клиенттердің қаражаттары бойынша міндеттемелердің азаюына орай 370 млрд теңгені құрады.

Рейтингілер

Moody's Investors Service: Caa1/дамушы/NP (07.12.11);
Standard & Poor's: күші жойылған (10.11.11);
Fitch Ratings: RD/болжамсыз/RD (19.01.12);
Қазақстан ПА сарапшысы: күші жойылған (22.12.11).

«ТЕМІРБАНК» АҚ

www.temirbank.kz



Қайта құрылымдау

2010 жылдың 30 маусымында «Темірбанк» АҚ (бұдан әрі – ТБ) өз міндеттемелерін қайта құрылымдауды аяқтады. Қайта құрылымдаудың негізгі қорытындысына 2010 жылдың 30 маусымына қарсы ТБ-ның меншікті капиталының 51,2 млрд теңге деңгейіне дейін артуы, ТБ-ның міндеттемелер бойынша берешегінің 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы 277,0 млрд теңгеден 2010 жылдың 30 маусымындағы 180,9 млрд теңгеге дейін азаюы айналды. ТБ-ның оны қайта құрылымдаудың нәтижесінде алған табысы 93,8 млрд теңгені құрады.

Құрылымы

2012 жылы ТБ өзінің қызметін Қазақстан Республикасының барлық аймағы бойынша орналасқан, ТБ-ның барлық облыс орталықтары мен республикалық маңыздағы қалаларда орын алуын қамтамасыз етумен, 21 филиал, 84 бөлімше арқылы жүзеге асырып отырды. ТБ қызметкерлерінің жалпы саны 2 577 адамды құрады.

Акционерлердің құрылымы төмендегідей:

- «Самұрық-Қазына» АҚ: 79,88%;
- Кредиторлар: 20,05%;
- «БТА Банк» АҚ: 0,07%.

ТБ-ның даму перспективаларының көрінісі

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның екінші деңгейдегі банкілерден шығу стратегиясын іске асыру шеңберінде банкті дайындау және мүдделі инвесторға сату үшін инвестициялық банкті қатыстыру жұмысы басталды.

ТБ заманға сай әмбебап бөлшек сауда банкісіне айналуы тиіс:

- Бәсекеге қабілетті және оңтайлы;
- Еліміздің халқы мен экономикасының өсіп келе жатқан талаптарына сай келетін;

- жоғары технологиялық, әлемдік тәжірибие мен технологиялық жаңалықтарды қолданатын.

Қаржылық көрсеткіштер

ТБ жағымды нәтижелерді, мемлекеттік қолдауға салыстырмалы түрдегі тәуелсіздігін көрсетуде. Пайыздық табыстың негізгі үлесін – 92%-ын несиелер бойынша табыс құрайды. Оған қоса, есептік кезеңде меншікті облигацияларды сатып алу кезінде алынған 77,1 млн теңге соманың табысы көрсетілген.

Капитал

ТБ-ның 31.12.2012 ж. капиталы 60,4 млрд теңгені құрады, банктің 3,5 млрд теңге соманың таза пайдасына ие болуының нәтижесінде 2011 жылдағымен салыстырғанда арту 6% құрады.

Активтер

ТБ-ның 31.12.2012 ж. қатысты активтері 287,1 млрд теңгені құрады, 2012 жылдың қорытындысы бойынша жиынтық активтер 2011 жылдағымен салыстырғанда 12,2%-ға артты. Клиенттерге берілген займдар 2011 жылдағымен салыстырғанда 34,2 млрд теңгеге не 19,4%-ға артты, құнсыздануға қатысты резервті шегерумен несиелік қоржын 31.12.2012 ж. қатысты 211,2 млрд теңгені құрады.

Міндеттемелер

ТБ-ның 31.12.2012 ж. қатысты міндеттемелері 226,7 млрд теңгені құрады. 2012 жылы сонымен қатар ТБ-ның міндеттемелері 2011 жылдағымен салыстырғанда 13,9%-ға жалпы артты, соның ішінде клиенттердің қаражаты 15,2%-ға артты.

Қаржылық нәтиже

2012 жылдың қорытындысы бойынша ТБ-ның таза пайдасы 3,5 млрд теңгені құрады.

Рейтингілер

Standard & Poor'sB/Тұрақты/B, kzBB/-/ (26.09.2012 ж.)

«САМУҒРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ 2013 ЖЫЛДАҒЫ
ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМДЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ



ҚОРДЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМДЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ:

1. Еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңестерінің құрамын күшейту, олардың тиімділігін арттыру.
2. Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарында корпоративтік басқару жүйелерін диагностикалау.
3. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар қоржындарын құнды қағаздар нарығына шығару бағдарламасын іске асыруды жалғастыру.
4. Елбасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 23 қаңтарындағы кеңейтілген отырысында берілген тапсырмасына сәйкес даму институттарын «Ұлттық даму агенттігі» АҚ-ға өткізу, Қордың БТА, Альянс және Темірбанк банкілерінің капиталынан шығару жұмыстарын жүргізу.
5. Қордың қоржындық компанияларындағы салалас емес активтерді қайта құру.
6. Қор тобында шығындарды қысқарту бағдарламасын іске асыру.
7. Қазыналық функцияны басқарудың мақсаттық моделін ендіру.
8. Ірі стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыруды одан әрі жалғастыру, соның ішінде:

– ҚР ҰИИДМБ шеңберінде Қордың төрт жобасын іске асыруды аяқтау:

- өндірістік қуаттылығы жылына 180 мың тоннаны құрайтын күкірт-қышқыл зауытының құрылысы;
- 12 трансформаторлық қосалқы станцияның құрылысы (3 ТКШ ҚС мен Метрополитеннің 5 қосалқы станциясын салу және қайта салу);
- Ақтаудағы пластикалық массалар зауытында жол битумдарын өндіру;
- Атырау МӨЗ-ні қайта салу мен жаңғырту (Хош иісті көмірсутегілерді өндіру жөніндегі кешенінің құрылысы).

– Қордың машина жасау және телекоммуникациялар саласындағы жалпы сомасы 645 млн АҚШ долл.

құрайтын 4 жобасының құрылысын оны пайдалану кезінде 500 жұмыс орнын құрумен аяқтау:

- өндірістік қуаттылығы жылына 1 500 бірлікті құрайтын меңзерлік электржетектерінің өндірісін ұйымдастыру жобасы;
- электронды-оптикалық аспаптарды өндіру;
- «Семей инжиниринг» АҚ-ның өндірісін жаңғырту;
- «Қазақстан аумағында 2012–2021 жылдары LTE/GSM/UMTS желілерін өндіру» жобасы бойынша екінші кезеңнің құрылысын аяқтау, бұл деректерді берудің жоғары жылдамдығына қол жеткізуді қамтамасыз ететін төртінші буындағы LTEvolution ұялы байланысын өндіруді қамтамасыз ететін болады.

9. Ең үздік халықаралық практиканы ескерумен сатып алулардың жаға ережелерін әзірлеу.
10. Қор тобының электронды сатып алуларды электронды сатып алулардың ақпараттық жүйесін (ЭСАЖ) қолданумен жүргізу әдісіне көшуі.
11. ЭКСПО-2017 көрмесіне әзірлену.
12. Баламалы энергетиканы дамытудың жоспарын әзірлеу.
13. Дуальді оқыту жүйесі шеңберінде әлеуметтік-еңбектік қатынастар мен мамандарды даярлау саласындағы жұмысты жалғастыру.



ҚОСЫМШАЛАР

«Самұрық-Қазына» сөзінің этимологиясы туралы

Глоссарий

«Самұрық-Қазына» сөзінің этимологиясы туралы

«Самұрық-Қазына» қорының атауы екі бөлек сөзден – «Самұрық» және «Қазына» сөздерінен құралған.

«Самұрық» сөзі қазақ тілінен аударғанда – аңыздан шыққан, екі дүние арасындағы дәнекер болатын, қыран тәрізді алып құс.

Аңыз бойынша Самұрық құсы әлемдік ағаштың (Бәйтерек) шыңында тұрады.

Көне заманда әлемдік ағаш жалпы дүниенің немесе әлем модельдерінің бір үлгісін сипаттаған. Үлгілердің біріне сәйкес, «Бәйтерек» (дәлме-дәл – «түпкі терек») дүниенің белағашы бола отырып, тұрмыстың 3 деңгейін байланыстырады: жоғарғы (аспан), ортадағы (адам өмір сүретін дүние) және төменгі (жерасты дүние).

Аңызға сүйенсек, бір батыр жерасты дүниеге түсіп, көптеген қиындықтарға тап болады. Үлкен ағаштың жанына келгенде ол Самұрық құсының балапандарын құтқару үшін айдаһарды өлтіреді. Алғыс ретінде құс батырды жердің бетіне жеткізеді. Сөйтіп, Самұрық құсы жоғарғы дүниенің (жарық), ал айдаһар – жерасты дүниенің өкілі (қараңғылық). Бұл аңыз көне заманда тұрған адамдардың жоғарғы және төменгі дүниелердің тайталасы туралы түсініктерін бейнелейді, бір айтары, бұл тайталастың негізінде қашанда адам баласы бар.

Мұндағы басты ғибрат, адамдарды өз іштерінде жауыз күштермен күресіп, сенім мен білімге талпынуға шақыру болып табылады.

Қазіргі кезде Самұрық құсы астанамыздың сәулетінде көрініс тапты. Оның бейнесін Қазақстан тәуелсіздігі мен еліміздің рәмізі «Қазақ елі» тарихи-мемориалдық кешенінде де көруге болады. Биіктігі 91 метрге жететін монумент 1991 жылды белгілейді, бұл Қазақстанның өз егемендігін алған жылы. Мәрмәрдан жасалған іргетасы республикадағы халықтар арасындағы ой тазалығы мен ұлтаралық үндестігін көрсетеді. Ал шыңында Самұрық құсы бар мүсін қазақстандықтардың жарқын болашаққа деген ұмтылыстарын паш етеді.

«Қазына» сөзін қазақ тілінен сөзбе-сөз аударғанда, мәтінге байланысты бірнеше мағынасы бар:

I.

1. байлық, жақсылық, капитал, материалдық құндылықтардың молшылығы, қаражат (халық қазынасы, қазына жинау).

2. мәдениет, әдебиет, музыка игілігі, рухани байлық (күй – мәдени қазына).

3. асыл, қазба, асылдардың жатқан орны (Қарағанды – көмір қазынасы).

II. мемлекеттік мүлік, қазына, ақшалай және өзге қаражат, сонымен бірге бұл қаражаттың иесі мемлекеттің өзі: қазынаға өткізу, қазына мүлкі.



Сонымен бірге «Қазына» сөзі қазақтың арғы формасы «Қазан» сөзіне лайық. Көне заманнан бері көшпенділер қазандарға табынып, оны тек тамақ әзірлеу үшін ғана емес, салттық ырымға да негізделген. Қазақтардың барлық киіз үйлерінің ортасында бүкіл отбасына тамақ пісіретін қазан тұратын. Көптеген қазақтың мәтелдерінде қазан сөзі әр түрлі мағынада кездеседі. Қазан жанұя, туған ошақ пен үйді белгілейді (ауыспалы мағынада).

Қазан – көшпелі халықтың маңызды заттарының бірі. Көшпелі мал шаруашылығы болған кезде әр ауылдарда үлкен қазан болатын (Тай-қазан). Ол үлкен мейрамдарда немесе ас бергенде пайдаланылған. Сондықтан қазан – халықтың молшылық, қонақжайлылық, қауымдастық, ынтымақтастық пен тұтастық рәмізі.

Сонымен бірге қазан сөзі кейбір мәтелдерде ғарыш, дүние мағынасында кездеседі. «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» - «елу жылда қауымдастық пен мемлекет танымастыққа дейін өзгереді, ал жүз жыл ішінде – бүкіл әлем жаңарады».

Қазандардың символды мағынасы Геродоттың (VI-V) скиф туралы (қазақ халқының ата-бабасы) әңгімесінде дәлелденген: «Бір Ариант есімді скиф патшасы өз құзырындағы азаматтардың санын білуді қалады. Ол барлық скифтарға бір-бір жөбені алып келуге бұйрық берді және тыңдамаған адамдарды ажалға кесемін деп қорқытты. Сонда скифтер патшаға соншалықты көп жебе әкеліп, Ариант олардан мыс қазан жасауды бұйырыпты. Бұл қазан едәуір үлкен болып шықты. Оның жуандығы 5 саусаққа, ал көлемі 600 құмыраға тең еді. Сөйтіп, бұл «патша-қазан» әскердің көптігін, скиф патшалығының қуатын белгілеп, соның ішінде Ариант патшалығының рәмізі ретінде тарихта қалды.

Сондай қазандар – еуразиялық кеңістікте көшпелі халықты тартатын өзіндік орталықтар.

Қазанның мифтік кейпі «Жерұйық» кейпіне және қазақ мифологиясындағы өзге бекітулі кеңістікке тепе-тең. «Қазанның» орналасқан жері географиялық координаталар жүйесінде есептеу нүктесі не дүниенің орталық нүктесі ретінде қабылданған. Аңыздық Қазанның тарихи, шежіре тәріздес эпикалық Қазандардың негізі екенін болжауға болады, олар түркі (қарсы булгарлық) тайпалардың қоныс аударуына орай пайда болып отырған этномәдени қауымдастықтар үшін, сонымен қатар еділ булгарларының (қазіргі қазан татарларының ата-бабалары) рухани қаласы не орталық ғибадатханасы – Қазан үшін де рухани және саяси орталықтарға айналып отырған.

Дүниежүзілік халықтардың бейнелемесінде қазан – бұл сиқырлы құпия мен айналдыруды білдіретін рәміз-архетипі. Сонымен бірге жетілу, молшылық және жаңадан туылу мен жасару рәмізі.

Сонымен бірге түркі-монғол хандарда Қазан – жалпы қазанның аллегориялық мағынасын білдірді. Онда тек тайпаластарға тамақ әзірлеумен ғана емес, жалпы мемлекеттік қазынамен орайластырады, яғни мемлекеттік мұқтаждыққа ханмен берілген материалдық игіліктер.

Марапаттаудан басқа хан қазынадан нан да беретін. Марко Поло «Дүниенің әр алуандығы» атты кітабында Ұлы Хан (Хублай) жыл сайын нансыз, малсыз жүрген адамдарға көмектескен: «Ұлы хан хабаршыларын патшалықтың барлық жеріне жіберіп, қолайсыз күн райынан, бұршақтан және тағы басқа апаттардан ұшыраған нанның жағдайын білуді тапсырған. Нансыз қиянат көрген адамдардан жылдық салықты алмауға бұйрық беретін, сонымен бірге оларға азықтану мен тұқымдандыру мақсаттарына нан берген. Ұлы ханның ұлы қайырымдылығы! Бұл әрекет жазда жасалынатын, ал қыста халық малмен қамтамасыз етілді».

Бұл орайда, адамдар үшін ежелгі қиын-қыстау заманда тамақтың көзі ретінде қазан мен мемлекеттік қазынаның аллегориялық өзара байланысы практика жүзінде де іске асып отырған.

Осыған лайық **қазіргі кезде ҚАЗАН-ҚАЗЫНА-ҚАЗЫНА-ШЫЛЫҚ** мағыналары **жаңа-ескі мазмұнды алып отыр**, өйткені құрылған мемлекеттік холдинг біздің дәуірімізге бейімделген мемлекеттік саясат құралы, ежелден бері бұл мағына өз елінің тұрақты дамуын қамтамасыз еткен данышпан басқарушылармен қолданылған болатын.

Жәрдем Құрманғазиев,

«Самұрық-Қазына» АҚ

Корпоративтік хатшысының орынбасары –
Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы

ГЛОССАРИЙ

Осы Жылдық есепте төмендегідей анықтаулар мен қысқартулар қолданылған:

Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
АБ	«Альянс Банк» АҚ
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банкілер
ҚДБ	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ
БТА	«БТА Банк» АҚ
Қордың компаниялар тобы, Топ	Қор, компаниялар, олардың өздерінің дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50%-дан артығы компанияларға тиесілі болатын еншілес ұйымдары, сондай-ақ өздерінің дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50%-дан артығы компаниялардың аталмыш еншілес ұйымдарына тиесілі болатын заңды тұлғалар
Еншілес және тәуелді ұйымдар, ЕТҰ	Өздерінің дауыс беруші акцияларының 20%-нан артығын не Қор құраған жарғылық капиталының басым бөлігін Қор иеленіп отырған заңды тұлғалар, не болмаса жасасқан келісімшартқа сәйкес (не өзгеше түрде) Қор аталмыш заңды тұлға қабылдап отырған шешімдерді белгілеу мүмкіндігіне ие
ҚИҚ	«Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ
ҚАӨ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Қордың компаниялары	Өздерінің дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50%-дан артығы меншік құқығымен не сенімді басқару құқығымен Қорға тиесілі болатын ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар мен өзге заңды тұлғалар
ҚКМ	«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
КО	Корпоративтік орталық
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ШОК	Шағын және орта кәсіпкерлік
БХК	«Біріккен химия компаниясы» ЖШС
ҚР	Қазақстан Республикасы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТБ	«Темірбанк» АҚ



Редакторлар алқасы:

Ердебай Д.И.
Бишімбаев Қ.У.
Бахмутова Е.Л.
Рахметов Н.Қ.
Тәжібаев Ұ.Қ.
Сәрсенбаев Т.Е.
Сәлімгереев М.Ж.
Байдәулетов Н.Т.
Хауз П.
Қалетаев Д.А.
Бектеміров К.А.
Мыңжасаров Ж.А.
Әбдіғалпаров Ә.М.
Құрманғазиев Ж.Е.
Әбілқайыров Д.М.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
акционерлік қоғамы

Заңды мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Қонаев к-сі, 8,
блок «Б»

Кеңсе:
+7(7172) 554-002; 554-001; 552-630
Факс: +7 (7172) 554-000

www.sk.kz

